The main communicative persons who communicate with the public during the reporting of breaking news are TV journalists who act as announcers and make special reports. «The structure of a mass communicative subject is very complex. The author of a message is an individual-collective subject, that is, the author expresses not only his own point of view in a certain message, but also the opinion of the television and radio broadcasting team, newspaper and magazine editors, and gives a collective assessment. The main activity of the announcers conducting the evening final news is to provide information to the public about a certain fact, event, or problem. The announcer does not express his personal subjective opinion while giving information, does not analyze the event, he only narrates the event by giving specific facts. Due to these features of the announcer's activity, his speech to the addressee also has its own characteristics.

In the final news of the «Khabar» TV channel, the report has a big place. Reportage is a genre of journalism; an impressive report of a journalist who was close to a certain event and saw it with his own eyes, from the point of view of his observation and intuition, his own point of view and assessment. The language of the special report made by the reporter is short and variant. The report shows the time and place of the incident and its result, etc. It begins with a few free-form sentences of the reporter.

Speaking on the TV screen is a synthesized art form that has certain laws and features, and at the same time requires mastering the main aspects of several art forms. Television, like other forms of art, requires the preservation of small elements, signs that are considered insignificant, and their strict implementation. In order not to make any linguistic and stylistic mistakes, TV journalists should always remember and fulfill the requirements set for them.

They do not forget how our language is developing in everyday life, with which words it is enriched and beautified, and the need to mix each word with a meaningful thought, in accordance with the laws of airtime, they preserve the established vocabulary, terminology, orthography-orthography rules and grammatical-phonetic laws, and literary must adhere to the language norm. Only then will the language of TV broadcasts have a high-level qualitative indicator of speech culture. Kazakh-language mass media play a key role in the development of the Kazakh language, expanding its scope, as well as increasing the literacy of the population.

The final news of «Khabar» TV channel is shown everywhere in the republic at the specified time, regardless of time and space factors. Information disseminated to the public through telecasts should be carried out with the help of exemplary forms of speech. Therefore, in the course of mass communication, a telejournalist should use the language tools that allow to achieve the communicative goal correctly, based on the oral norms of the literary language, while maintaining the ethics of wording.



## References

- 1 Gabbasova D.Z. Television dialogue of talk shows of German and Kazakh television as a socio-cultural moment in communications: diss. ... Candidate of Philological Science: 10.02.20. – Almaty, 2005. – 136 p.
- 2 Mashinbaeva G.A. Teledidar tilinin linguopragmatical aspectileri: philol. gyl. cand. diss.: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 125 p.
- 3 Abdizhadilkyzy Zh. Tagy da til madenieti turaly // Journalist. – 2005. – No. 3 (28). – 16 p. – 3 karasha.
- 4 Aupbaev A.Zh. Khabardy zhurgizgen – Laziza Aimasheva // Yegemen Kazakhstan. – 2001. – 12 p. – 26 qirkuyek.
- 5 Mashinbaeva G.A. БАҚ tilinin zerttelu zhayy // KazMU Khabarshysy, «Philology» series. – 2006. – No. 2. – 61-63 pp.
- 6 Sergaliev M.S. Kogildir ekrannan aitylar soz nemese osy tonirektegi keibir oilar // Halyk kenesi, 1994. – 5 nauryz.
- 7 Sergaliev M.S. Oy men sozdin zharasymy nemese telehabarlar tilindegi keibir kemshilikter turaly // Yegemen Kazakhstan. – 1994. – 7 qirkuyek.
- 8 Sergaliev M.S. Radio zhane telekhabarlar tili turaly // Ana tili. - 1994. - 18 karasha.
- 9 Sergaliev M.S. "Khabar" bardarlamasynyn stili men tili turaly // Zhinaq: Memlekettik til: terminology is karazdary men bykaralyk aqparat quraldarynyñ tili. – Astana, 1999. – 464 p.
- 10 Balaqaev M., Sergaliev M.S. Kazakh tilinin madenieti / Okulyk. – Almaty: Ziyat Press, 2004. – 140 p.
- 11 Sergaliev M.S. Telekhabarlar tilinin lexikasy zhane til madenieti // Kazakh terminologysy zhane til madenietinin maseleleri: Republican gylymi-practical conference materials. – Astana, 2004. – 76 p.
- 12 Mashinbaeva G.A. Teledidar tilinin linguopragmatical aspectileri: philol. gyl. cand. ... abstract: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 25 p.
- 13 Ueli N. Kazak soz madenietinin teorilyk negizderi: philol. gyl. doc..... abstract: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 50 p.
- 14 Ueli N. Kazak soz madenietinin teoriyalyk negizderi: philol. gyl. doc. ... diss.: 10.02.02. – Almaty, 2007. – 329 p.
- 15 Bismildina D.D. Resmi telekhabarlar tili («Khabar» telearnasynyn korytyndy zhanalyktary boyinsha). – Astana, 2010. – 120 p.
- 16 Beysenkulov A.A. Kazakhstanydyk bykaralyk aqparat quraldarynyñ zhana technology negizinde damu problemalary: philol. Gyl. cand. ... diss.: 10.01.10. – Almaty, 2001. – 151 p.

### Д.Д. БИСМИЛЬДИНА

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

### Г.К. КАМИЕВА

Astana IT University, Астана, Қазақстан

### А.Т. САНДЫБАЕВА

Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

## ТЕЛЕХАБАРЛАР ТІЛІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тіліндегі ресми телебағдарламалардың лингвистикалық-стилистикалық бағытта зерттелу тарихы қарастырылған. Авторлар қазақ тіл біліміндегі телехабарлар тілі бойынша зерттеулердің тарихына шолу жасайды. Телехабарлар – синтезделген өнер туындысы, оның ақпаратты тарату құралдары: тіл – ақпарат таратудың басты құралы, бейнематериал – телеақпарат таратудың негізгі ерекшелігі және дыбыс-ақпарат – көмекші әсер ету құралы.

Тележаңалықтар тілі – диалогтік, дискурстық сипатқа негізделген монологтік

типтегі екіжақты үдеріс, бұқаралық қатынастың ресми түрде салқынқанды дауыспен айтылатын ерекше түрі.

Телехабарлар тілінде қолданылатын әр алуан әдеби лексикалық бірліктер қабылдаушы топтың лексикасына әсер етіп, тілдік сипатын қалыптастырады, олардың сөздік қоры мен құрамын толықтырады.

Қорытынды жаңалықтар – ұжымдық өнім, оның субъектілері – күрделі коммуникативтік тұлғалар.

Телехабарлар тіліне әсер ететін кейбір экстралингвистикалық факторларды ескеруден туындаған тілдік қалыптар телехабарлар тілінің ақпарат таратудағы ерекшелігі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат адресатқа әртүрлі жанрлық формада жеткізіледі. Дәстүрлі журналистік жанрдың үш түрі бар: аналитикалық, ақпараттық және көркем-публицистикалық. Қорытынды жаңалықтар соның ақпараттық жанрына жатады.

Телехабарлар – электронды бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше өнімі. Оның БАҚ-тың өзге түрлерінен негізгі ерекшелігі мынада: телехабарларды көруге (визуалды), тыңдауға (аудиалды) болады, осылайша ақпараттың аса маңыздыларын жылдам алуға мүмкіндік туады және ол көп уақытқа дейін адамның есінде сақталады. Мұнда газет пен радионың негізгі ерекшеліктері бір жерге жинақталып берілген.

Қорытынды жаңалықтардағы тілдік қарым-қатынас публицистикалық дискурстың әмбебап түріне жатады, ол бұқаралық қатынас тілі деп аталады. Мұндағы тілдік қарым-қатынас ауызша түрде, ресми сипатта, монологтік типте, диалогтік сипатта, қоғамдық, бұқаралық, коммуникативтік сипатта болады.

**Тірек сөздер:** қазақ тіл білімі, телехабар тілі, тележурналистика, бұқаралық ақпарат құралдары.

**Д.Д. БИСМИЛЬДИНА**

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

**Г.К. КАМИЕВА**

Astana IT University, Астана, Казахстан

**А.Т. САНДЫБАЕВА**

Евразийский гуманитарный институт, Астана, Казахстан

## **ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ ЯЗЫКА ТЕЛЕНОВОСТЕЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается история лингвистико-стилистического исследования официальных телепередач на казахском языке. Авторы рассматривают историю изучения языка телепередач в казахской лингвистике.

Телевизионные передачи представляют собой синтезированное произведение искусства, имеют самые различные средства распространения информации: язык (является основным средством распространения информации), видеоматериал (главная особенность распространения телевизионной информации), аудиоинформация (вспомогательное средство воздействия).

Язык теленовостей представляет собой двусторонний процесс монологического типа, основанный на диалогическом, дискурсивном характере, особый тип массовой коммуникации, официально проговариваемый нейтральным тоном.

Различные литературные лексические единицы, используемые в языке телепередач, влияют на словарный запас принимающей группы, формируют их языковой характер, дополняют их словарный запас и состав.

Итоговые новости является коллективным продуктом, а субъектами – главные коммуникативные личности.

Лингвистические закономерности, обусловленные учетом некоторых экстралингвистических факторов, влияющих на язык телепередач, являются особенностью языка телепередач при распространении информации.

Массовая информация доносится до адресата в различных жанровых формах. Различают три вида традиционного журналистского жанра: аналитический, информационный и художественно-публицистический. Экстренные новости относятся к информативному жанру.

Теленовости является особым продуктом электронных средств массовой информации. Главное отличие телепередач от других видов СМИ в том, что их можно смотреть (визуально) и слушать (аудиально). Таким образом, можно быстро получить самую важную информацию, она надолго останется в памяти людей. В данной статье собраны основные характеристики газет и радио.

Лингвистическая коммуникация в экстренных новостях относится к универсальному типу журналистского дискурса, который называют языком массовой коммуникации. Языковое общение здесь бывает устным, формальным, монологическим, диалогическим, публичным, массовым, коммуникативным.

**Ключевые слова:** казахское языкознание, язык теленовостей, тележурналистика, средства массовой информации.

### Әдебиеттер

1. Габбасова Д.З. Телевизионный диалог ток-шоу немецкого и казахстанского телевидения как социокультурный момент в коммуникаций: дисс.....канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 2005. – 136 с.
2. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 125 б.
3. Әбдіжәділқызы Ж. Тағы да тіл мәдениеті туралы // Журналист. – 2005. – № 3 (28). – 16 б. – 3 қараша.
4. Аупбаев Ә.Ж. Хабарды жүргізген – Ләзиза Аймашева // Егемен Қазақстан. – 2001. – 12 б. – 26 қыркүйек.
5. Машинбаева Г.А. БАҚ тілінің зерттелу жайы // ҚазМУ хабаршысы, «Филология» сериясы. – 2006. – № 2. – 61-63 бб.
6. Серғалиев М.С. Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар // Халық кеңесі, 1994. – 5 наурыз.
7. Серғалиев М.С. Ой мен сөздің жарасымы немесе телехабарлар тіліндегі кейбір кемшіліктер туралы // Егемен Қазақстан. – 1994. – 7 қыркүйек.
8. Серғалиев М.С. Радио және телехабарлар тілі туралы // Ана тілі. – 1994. – 18 қараша.
9. Серғалиев М.С. «Хабар» бағдарламасының стилі мен тілі туралы // Жинақ: Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – 464 б.
10. Балақаев М., Серғалиев М.С. Қазақ тілінің мәдениеті / Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 140 б.
11. Серғалиев М.С. Телехабарлар тілінің лексикасы және тіл мәдениеті // Қазақ терминологиясы және тіл мәдениетінің мәселелері: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – 76 б.
12. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 25 б.
13. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 50 б.

14. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док..... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

15. Бисмильдина Д.Д. Ресми телехабарлар тілі («Хабар» телеарнасының қорытынды жаңалықтары бойынша). – Астана, 2010. – 120 бет.

16. Бейсенқұлов А.А. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа технология негізінде даму проблемалары: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.01.10. – Алматы, 2001. – 151 б.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Бисмильдина Динара Досымжановна** – филология ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Бисмильдина Динара Досымжановна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан.

**Bismildina Dinara Dosymzhanovna** – candidate of Philological Science, Senior lecturer of S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan.

**Камиева Гүлмира Камиевна** – педагогика ғылымының кандидаты, Astana IT University қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

**Камиева Гүлмира Камиевна** – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Astana IT University, Астана, Казахстан.

**Kamieva Gulmira Kamievna** – candidate of Pedagogical Science, Associate Professor of Astana IT University, Astana, Kazakhstan.

**Сандыбаева Айгүл Талғатқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Сандыбаева Айгүль Талғатовна** – магистр педагогических наук, старший преподаватель Евразийского гуманитарного института, Астана, Казахстан.

**Sandybayeva Aigul Talgatovna** – master of Pedagogical Science, senior lecturer of The Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

Қ.К. КЕНЖАЛИН<sup>1</sup> 

Д.Ә. БАЛТАБАЙ<sup>2</sup> 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: kenkk@mail.ru<sup>1</sup>, baltabayev.dosjan@mail.ru<sup>2</sup>)

## КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ («ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Тіл тарихи категория болғандықтан оның құрамы да уақыт өткен сайын өзге тілдерден енген кірме элементтермен, жаңа сөздермен толығып отырады. Сонымен бірге, тіліміздегі төл сөздердің актив және пассив қабаттарға ауысып өзгеріп отыруы сөздік қордың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Зерттеу мақалада «Шежіре-и теракиме» шығармасында кездесетін кірме сөздердің этимологиясы, қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшеліктері жайлы қарастырылады. Шығарма тілінде кездесетін кірме сөздерге этимологиялық талдаулар жасалып, лексика-семантикалық топтарға жіктеледі. Кірме сөздердің морфологиялық жасалу жолы, түбір сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтардың қолданылу ерекшеліктері де зерттеледі. Зерттеу барысында араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздердің қазақ тілінің сөздік қорында алатын орны мен маңызыдылығы сөз болады. Кірме сөздерге этимологиялық талдаулар жасалып, мысалдармен дәлелденеді. Кірме элементтердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне, фонетикалық өзгешеліктеріне тоқталып, оларға лингвистикалық аспектіде анализ жасалады. Салыстырмалы әдістер арқылы сөздердің көне мәтіндер мен жазба ескерткіштер тіліндегі қолданылуына, түбірлер мен қосымшалардың тарихи дамуына қатысты ғылыми тұжырымдар келтіріледі. Сонымен қатар, тарихи шығармадағы кірме сөздердің қолданылу жиілігі, статистикасы беріледі. «Шежіре-и теракиме» шығармасында кездесетін тіл бірліктерін лингвистикалық аспектіде талдау шағатай тілі мен қазақ тілінің арасындағы тарихи сабақтастықты айқындауда қашан да маңызды болмақ.

**Түйін сөздер:** кірме сөздер, араб, парсы, моңғол элементтері, түркі тілдері, этимология, семантика.

**Кіріспе.** Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Тілдегі ауыс-түйістің көбісі лексика саласында болатындықтан, оған тарихи лексикологияның тікелей қатысы бар. Жалпы тілара контакт мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бұл проблема жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім. Осыған орай қазақ тілінің басқа туыс (қырғыз, өзбек, түрікмен, башқұрт, ұйғыр т. б.), туыстас (монғол, бурят, қалмақ) және өзге системалы (орыс, қытай, араб, иран т. б.) тілдермен көрші ретінде де, тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аударады. Осыларды зерттеу де қазақ тілі тарихи лексикологиясының төл істерінің бірі.

Басқа тілдердің элементтері араласпаған бірде-бір «таза» тіл жоқ деген қағида бар. Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі. Ол барлық түркі тілдеріне ортақ базистық лекси-

каны, әсіресе, оның қыпшақ компонентіне тән түбір-тұлғаларын мол сақтай отыра, ғасырлар бойы даму жолында басқа тілдердің элементтері арқылы да толығып, үздіксіз байып отырды. Қазақ тілі лексикасы құрамында көне де байырғы қазақ сөздерімен жымдаса, қатарласа қолданылып жүрген кірме сөздердің саны уақыт өткен сайын әр түрлі жағдайда араласқан тілдердің әсер-ықпалымен аса түспесе, азайған емес [1, 443].

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне елеулі әсер еткен, оның лексикалық қорында айтарлықтай із қалдырған тілдерге араб және иран тілдері жатады. Басқаларға қарағанда түркі тілдеріне енген араб және иран тілдерінің элементтері түркологияда көбірек зерттеліп келеді. Қазақ тіліндегі араб, парсы элементтерінің саны, мысалы, Л.З. Рүстемовтың анықтауы бойынша, жалпы лексикамыздың 15 процентіне жуық екен. Кейбір түркі халықтарының (мысалы, өзбек, түрікмен, әзербайжан, ұйғыр т. б.) тілінде олар одан да көп [2, 57].

Тілдің сөздік құрамының толығыпкелуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) моңғол тілі, 4) орыс тілі. Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халықтық тілі қалыптасуынан бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тіліндегі игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде [3, 135].

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу мақаламыздың нысаны ретінде орта ғасырлық тарихи шығарма – Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и теракиме» еңбегі алынды. «Шежіре-и теракиме» – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. Тарихи шығарма XVII ғасырда шағатай тілінде жазылған. Аталған шығарма түркі халықтары үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып табылады. «Шежіре-и теракиме» еңбегін алғаш орыс тіліне аударып, ғылыми тұрғыда салыстырмалы-тарихи талдаулар жасаған ғалымдардың бірі – А.Г. Туманский. Кейінгі зерттеулердің көпшілігі А.Г. Туманскийдің еңбектері негізінде жазылған. Ғалым А.Н. Кононов алғаш болып «Шежіре-и теракиме» еңбегіне лингвистикалық тұрғыдан терең зерттеулер жүргізген. Зерттеу барысында аталған шығарма тіліндегі кірме сөздер семантикалық топтарға жіктеліп, этимологиялық талдаулар жасалды. Соның негізінде салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы, сипаттамалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** «Шежіре-и теракиме» шағатай тілінде жазылған орта ғасырлық еңбек болғандықтан лексикалық қабатынан көне түркі элементтерімен қоса араб, парсы, моңғол сөздерін жиі кездестіреміз. Оларды құрамына қарай және мағыналық сипатына қарай жіктеп бөліп көрсетуімізге болады. Мысалы, кірме элементтерді құрамына қарай таза араб, парсы, моңғол негізді сөздер деп жіктесек, одан өзге араб сөзі мен парсы тілі қосымшаның бірігуі арқылы жасалған, араб сөзі мен түркі тілдері қосымшасының бірігуінен жасалған, парсы сөзі мен түркі тілдері қосымшасының бірігуінен жасалған кірме сөздер және моңғол сөзі мен түркі тілдері қосымшасының бірігуі арқылы жасалған кірме сөздер деп талдап көрсетуімізге болады.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін араб тілінен енген кірме сөздер: <sup>с</sup> *acayib* «ғажайып», <sup>с</sup> *adalet* «әділет», *ahir* «соңы», *ahval* «ахуал, жағдай», <sup>с</sup> *akul* «ақыл», <sup>с</sup> *amel* «амал, ниет», *haber* «хабар», *din* «дін», *hazine* «қазына» т.б.

Парсы тілінен енген кірме сөздер: *ferzend* «бала, перзент», *hemize* «әркез»,

*name*«хат», *misqal*«ауырлық өлшемі», *leşker*«әскер», *dürüst*«дұрыс», *can*«жан, рух», *behişt*«жәннат», *bahar*«көктем» т.б.

Моңғол тілінен енген кіріме сөздер: *nöker*«нөкер», *aymaq*«аймақ», *quralтай*«құрылтай», *olca* «олжа», *mergen*«мерген», *daruға*«басшы», *örge*«шатыр», *örgür*«биік қыр» т.б. *ulus*«ұлыс, халық», *yasa*«жасау», *aqa*«үлкен ер адам», *asra*«асырау», *italğu* «ителгі» т.б.

Араб сөзі мен парсы тілі қосымшасының бірігуі арқылы жасалған кіріме сөздер: *ehli+hiüner* «епті», *ğam+hor*«мұңлы», *haber+dar*«хабардар», *helal+zade*«некелі ата-анадан дүниеге келген ұл», *hizmet+kar*«қызметші», *Huda-yl+Te<sup>c</sup> ala*«Құдай Тағала», *devlet+mend*«дәулетті» т.б.

Араб сөзі мен түркі тілдері қосымшасы бірігуінен жасалған кіріме сөздер: *mall+lı*«малы көп, малды», *ğalat+lıq*«жаңылысу», *hiürmet+lı*«құрметті», *ni<sup>c</sup> met+lı*«кешірімді», *akıl+lı*«ақылды», *ayb+lı*«айыпты», *edeb+lık* «әдепті», *mal+sızlık*«малсыз болу», *namus+lı*«намысты», *ömr+lı*«өмірлі», *suret+lı*«суретті», *evvel+ki*«бастапқы, әуелгі» т.б.

Парсы сөзі мен түркі тілдері қосымшасы арқылы жасалған кіріме сөздер: *peygamber+lık* «пайғамбарлық», *peyrev+lıq*«еру, артынан жүру», *padişah+lıq*«падишалық», *merdane+lıq*«жігіттік», *mihrban+lıq* «ашықтық, достық», *bende+lık*«тәуелділік», *dos+lıq*«достық», *duşman+lıq*«дұшпандық», *üstad+lıq*«ұсталық», *hiüner+lı*«шебер», *han+lıq*«хандық», *nadan+lıq*«надандық» т.б.

Моңғол сөзі мен түркі тілдері қосымшасының бірігуі арқылы жасалған кіріме сөздер: *nöker+lık*«нөкерлік», *nöker+lı* «нөкерлі», *olca+la* «олжа қылу», *daruға+lıq* «басқарушылық» т.б.

Сондай-ақ, «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін кіріме сөздерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға бөліп көрсетуімізге болады.

1. Адамның жекелеген қасиеттеріне байланысты: *akıl+lı*«ақылды», *namus+lı*«намысты», *hiüner+lı*«шебер», *devlet+mend*«дәулетті», *mihrban+lıq* «ашықтық, достық», *üstad+lıq*«ұсталық», *daruға+lıq* «басқарушылық», *nadan+lıq*«надандық», *adl*«әділ», *bende+lık*«тәуелділік», *çeçen*«ақылды», *ğafil*«ғапыл», *mirgen*«мерген» т.б.

2. Белгілі бір өлшем мен уақытқа қатысты: *misqal*«ауырлық өлшемі», *seher*«таңғы уақыт», *zaman* «уақыт», *bahar*«көктем» т.б.

3. Титулдық атақтар мен лауазымдық атаулар: *han*«хан», *hanlıq*«басшылық», *padişah* «падиша», *padişahzade* «падишаның ұлы», *sultan* «сұлтан», *şeyh* «шейх», *vekil* «уәкіл», *şehr-yar* «падиша, басшы», *hakim*«бастық» т.б.

4. Әлеуметтік бөліністер негізіндегі кіріме сөздер: *hanım*«ханым», *halk* «халық», *kuta* «екінші, үшінші әйел», *kul* «құл», *nöker*«нөкер, құл» т.б.

5. Отырықшылыққа байланысты кіріме сөздер: *şehr*«қала», *orda* «хан ордасы», *pay-ı taht* «астана», *ulus* «мемлекет», *vilayet*«уәлаят», *qal<sup>c</sup> a*«бекініс» т.б.

6. Үйдің түрлері: *menzil* «қонақ үй», *örge*«шатыр», *makam*«мекен, тұрақ».

7. Дерексіз ұғымдағы білдіретін кіріме сөздер: *mertebe* «мәртебе», *nasihat*«насихат», *niyuet*«ниет», *sabr*«сабыр», *razi*«разы», *sevab*«сауап», *şukr*«шүкір», *ruh*«рух», *can* «жан» т.б.

8. Асыл бұйымдар : *yaqut*«жақұт», *ziümürriüd*«зүбаржат», *la<sup>c</sup> l*«лағыл», *dürr* «інжу».

9. Дінге байланысты қалыптасқан атаулар: *kafir* «кәпір», *Adem<sup>c</sup> aleyhis-selam* «Адампайғамбар», *Abbas* «Мұхаммед пайғамбардың ағасы», *peygamber* «пайғамбар», *peygamberlik*«пайғамбарлық», *şeri<sup>c</sup> at* «шариғат», *cennet* «жәннат», *cema<sup>c</sup> at* «жамағат»,

*du<sup>с</sup> a* «дұға», *fatiha* «фатиха сүресі», *günah* «күнә», *Huda-yı+Te<sup>с</sup> ala* «Құдай Тағала», *haq* «Хақ», *haram* «харам», *Huday* «Құдай», *iman* «иман», *qiyamet* «қиямет», *müsülman* «мұсылман» т.б.

10. Әскери ұғымдағы қатысты кірме сөздер: *leşker* «әскер», *daruğa* «қолбасшылық», *olca* «олжа», *nize* «найза» т.б.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан кірме сөздердің жасалуы, мағыналық сипаты, тұлғасы жағынан қазіргі тілімізге сіңісті болған тіл бірліктерін байқаймыз. «Шежіре-и теракиме» шығармасы шағатай тілінде жазылса да, қазіргі қазақ тілінің лексикасымен ортақтығы, сабақтастығы айқын көрінеді. Тарихи еңбек тіліндегі кірме сөздердің лингвистикалық табиғатын терең зеделеу арқылы, оларға этимологиялық талдау жасау барысында қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамын, тарихи даму сатысын, тілдер аралық қарым-қатынас жүйесін терең саралауымызға болады.

«Шежіре-и теракиме» тарихи еңбегінде кездесетін кірме сөздердің бірі – *payı-taht* «байтақ». Мысалы: *Sultan Muhammed Harezmsahning payı-tahtı ve nöker ve hazinening turgan yeri turur tip ulug oğlu Coçi Han ve ikinci oğlu Çagatay Han ve üçüncü oğlu Ögedey Han, bu üçisini seksen ming kişi birlen Ürgençke yiberdi* (Сұлтан Мұхаммед Харезмшахтың астанасы, нөкерлері мен қазынасының тұрған жері деп үлкен ұлы Жошы ханды, екінші ұлы Шағатай ханды, үшінші ұлы Үгедей ханды, үшеуін сексен мың адаммен Үргенішке жіберді) [4,135].

Шығармадағы байтақ сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мағынада қолданылған. Он томдық түсіндірме сөздікте *байтақ* сөзінің бір ғана мағынасы берілген, ал 15-томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *байтақ* сөзі үш омонимдік тұлға ретінде мағыналары берілген: *БАЙТАҚ* I. Парсы тілінен енген сөз: «1) астана, бас қала; 2) көне мағынасы: мемлекет, қала, полис, кішігірім хандық; 3) ауыспалы мағынасы «ел-жұрт» деген мағыналары көрсетілген. Қалған екі омонимдік мағынасының бірі географиялық термин – ерекшеленетін жер қабаты, ландшафт делінсе, екіншісінің беретін мағынасы «ұшы-қиыры жоқ, кең» деп көрсетілген [5, 604].

Қазақтың батырлық дастандарында, «Едігеден» бастап, XV-XIX ғасырларда жасап өткен бірқатар жыршылардың тілінде, жыраулар тілінде, Бұхар, Махамбет, Шернияз, Мұрат т.б. ақындардың, сөз зергерлерінің поэзия тілінде, дастандарында, толғауларында, жырларында, XVIII-XIX ғасырда Қазақстанның батыс өңірлерінде жасап өткен бірқатар жыраулардың тілдерінде *байтақ* сөзінің – «территориялық-этникалық тұтастық, елдік құрылым, хандық» деген мағынасы қолданылған [6, 239].

*Байтақ* сөзі тілімізде «ел, жұрт» сөздерімен бірге, «байтақ ел», «байтақ жұрт» тіркестерімен қолданылады. Бұл тіркестер – «барлық ел-жұрт» деген мағынада емес, жалпы «ел-жұрт бірлігі, ру – тайпа одағы» деген түсініктегі плеоназм болып табылады, яғни бір мағынада екі сөздің қатарласа айтылуы, жалпылық ұғымын білдіруі. Мұндай қолданыс тілде жиі кездесетін амалдар болып табылады. Бұлардың көбісі қос ретінде дефиспен немесе біразы бөлек-бөлек, қатар келіп жазылады. Мұндай сөздер бір-бірімен қатар келіп, мағына айқындап, күшейткіш реңк үстейді. Мәселен оны *байтақ ел* (ел+ел), *байтақ жұрт* (жұрт-жұрт) т.б. тіркестерден көре аламыз. «Бағынышты ел» деген ауыспалы мағынада қолданылып жүрген *байтақ* сөзі парсы тілінің *най + тахт* екі сөздің бірігуінен шыққан. «Ұшы қиыры жоқ, кең, үлкен» деген сындық мағынаға ие болған *байтақ* сөзі дастан-жырларда «белгілі бір құрамды ел, этникалық бірлік, «территориялық тұтастық» деген мағынада да қолданылып келеді. Орта ғасырлық «Шежіре-и теракиме» тарихи еңбегінде *байтақ/payı-taht* сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мәнде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «ел астанасы» деген семантикасы көмескіленіп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» деген мағыналық реңкте қолданылады.



Осындай талдаулар негізінде сөздердің мағыналық өзгерістерін анық аңғаруымызға болады.

Сондай-ақ, «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кіріме сөздердің бірі – *çeçen/шешен*. Тарихи шығармадағы *çeçen* сөзінің қолданысы: *Ol aqıllı ve tođuşlı ve mirgen çeçen hünerli her maqāmğa ve her yolğa yöriimekni bile turğan ve hanğa inaқ boldu* (Ол ақылды мерген, дана, шешен, сөзшен, қай жерге баратынын да жақсы білетін ақылды адам болды) [4,191].

Монғол тілінде осы мағынада *цэцэн* сөзі қолданылады. Б. Базылхан «Монғол-казах толь» *цэцэн* сөзінің төмендегідей мағыналарын көрсетеді: 1. Сөзге шешен, тілмар, ұста, шебер;  $\approx$  *хун* шешен адам;  $\approx$  *цэлмэн*  $\approx$  мерген шешен, тақуа, шешен сөзуар;  $\approx$  *үг* шешендік сөз, мақал сөз, нақыл сөз;  $\approx$  *үг цээжинд*, *цэцэг навч ууланд* шешендік сөзі басында, гүл-бәйшешек тауында (мақал); 2. ауыс. тиетін, тигіш, түзу (мылтық) [7, 700].

Көне монғол тілі мен қазіргі монғол тілінің лексикалық қабатында қанша өзгерістер болса да көне формасындағы *цэцэн* сөзі еш өзгеріссіз лексика-фонетикалық ерекшелігін сақтаған. Сонымен қатар, *цэцэн* сөзі аз ғана дыбыстық өзгеріске ұшырап алтай тобынан тараған түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде кездеседі. Ал аталған сөздің семантикалық мағынасы қоғам дамуына қарай белгілі бір деңгейде түрлі мәнге ие болып отырған. *Цэцэн* сөзі «умный, мудрый» мағынасында монғол мақал-мәтелдерінде де көп ұшырасады. Мысалы:

*Ихинээд эцэстээ нулимстай цэцэн* (Сильный смех приводит в конце к мудрым слезам) (эквивалент: Хорошо смеется тот, кто смеется последним) [8, 58].

Г. Дёрфер *çeçen* сөзіне «ақылды, данышпан» мағынасын беретін монғолизм ретінде қарастырады. Ғалым *çeçen* = *seçen* деген формасы да бар екенін көрсетеді [9, 332].

Қазақ тілінде *цэцэн* сөзі *шешен* формасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *шешен* сөзінің семантикалық мағыналары: 1. Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам; 2. Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды, шебер сөйлеуші адам; 3. Би, ділмар; Қазақтар сөзді қиыннан қиыстырып тауып сөйлейтін, ойын шебер жеткізетін адамды *сөзге, тілге шешен* деп атайды. Сөзге жүйріктік, шебер сөйлеушілікті *шешендік* деп атайды. *Шешендік сөз* – қазақ ауыз әдебиетіндегі көркем, әрі шағын дидактикалық жанр; ғибраттылық мәні, өнегелі ой-тұжырымы бар, айрықша тапқырлық танытатын нақыл сөз [10, 356].

Түркі тілдерінде *шешен* сөзімен байланысты *шешенсу*, *шешенсину* деген етістік тұлғасындағы сөздер бар. Өзбек тілінде «неге болса да ұста, шебер» дегенді мағынаны білдіруде *чечан* сөзі қолданылса, тува тілінде «әдемі, көркем» мағынасында *чечен* сөзі қолданылады. Монғол, бурят, қалмақ тілдерінде *цэцэн*, *сэсэ(н)*, *цэцэ* сөздері «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналарымен қоса «мерген, дәл тигізетін, дәл басатын» деген де мағынаны білдіреді. *Чечен // сасан* сөзі «дәл тигізетін мерген» мәнінде алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі. Монғол тілдерінде *сэсэрхүү*, *сэсэрхэхэ* сөзі «ақылымен, тапқырлығымен мақтану» және «шешенсу, данышпансу» деген мәнде жұмсалады. Осындай мағынада қырғыз, алтай, якут тілдерінде *чечерке*, *сасаарга* (*чечээр* + *гээр*) формасы кездеседі. Ал басқа түркі тілдерінде *шешенсу* формасы қолданылады [11, 222].

Б.Ө. Орузбаева қырғыз тіліндегі *чечерке* сөзін талдай келе, бұл форма монғол тілінен ауысқан болу керек деген пікірін айтады [12, 126]. Шешен сөзі – *шеш* (*чеч*, *сэс*, *цэс*, *цэц*) түбірі мен қосымшасынан тұратын түрік, монғол тілдеріне ортақ сөз болуы мүмкін. Якут тілінде *сасанна* «әңгіме айту», *сасаннас* «әңгімелесу, сөйлесу» деген мәнде қолданылады [13,217].

*Шешен* сөзінің түркі тілдерінде қолданыста болуы, мағынасының тұрақталуы Шыңғысхан жорықтары кезіндегі араласудың нәтижесі болуы да мүмкін. Себебі ХІ

ғасырда түркі тілдерінің сөздік қорын қамтыған М. Қашғаридің «Диван Лугат ат-Турк» сөздігінде *шешен, үзэн, сэсэн, сосон* нұсқасындағы сөздер кездеспейді. М. Қашғаридің сөздігінде шешендікке, ділмарлыққа, сөйлеу өнеріне қатысты түркі халықтарында «силик ер» сөзі қолданылғандығы жазылған. *Силик ер* «өткір тілді», «ділмар» деген мағыналарды білдіреді. Аталған сөздікте «оқымысты, ақылды» мағынасында *билик* сөзі көрсетілген [14, 369]. Түркі тілдерінде *үзэн, сэсэн* сөздерінен өзге *сеч* формасындағы түбір сөз бар. Бұл *сеч* сөзі мен *үзэн* сөзінің түбірінде семантикалық байланыс болуы мүмкін. *Сеч* – түрік, гагауз, әзірбайжан тілдерінде «различать» мағынасын білдіреді [15, 268].

Бурят тілінде «ақылды, данышпан» мағынасында *сэсэн* сөзі бар. *Сэсэн (бүридэмэл үгэнүүдые биш болголсодок)* 1. мудрый, умный, разумный, меткий: *сэсэн убгэн* – мудрый старик, *сэсэн бэрхэ* – разумный, мудрый; *сэсэн хүнэй тархи, уран хүнэй хурган* – у мудреца – голова, у портного-пальцы (мақал) ; *сэсэ мэргэн* – мудрый, гениальный; *сэсэн үгэ сээжэдэ, сэсэг набиша уулада* – мудрое слово – в груди, цветы и зелень – в горах (мақал). Сондай-ақ, моңғолдардың титулдық лауазым атауы болған: *Сэсэн хаан*. Сол секілді *үзэн* сөзімен байланысты Моңғолияда *Цзэн-хан* аймағы бар [16, 221]. *Ғеҗен / үзэн / чэчэн / сэчэн / сэсэ(н) / шешен / шечан / сасэн / чечан / сосон* формаларынан с//ш, ч//ш, ш//ц фонетикалық айырмашылықтарды байқаймыз. Талданып отырған *үзэн* сөзінің түпкі түбірі *шеш (чеч, сас, цас, цэц)* болуы мүмкін және барлығының да мағынасы «тану, білу, дәл айту, таңдау, іріктеу» деген семантикалық мағыналарды аңғартады.

**Нәтижелер.** Зерттеу барысында «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кірме сөздердің семантикалық ерекшеліктері сараланып, кейбір кірме сөздерге этимологиялық талдау жасалды. Олардың ауыспалы не тура мағынадағы қолданысы, түркі тілдері арасындағы, моңғол тілдері арасындағы фонетикалық өзгешеліктері мен морфологиялық ерекшеліктеріне назар аударылды. Фонетикалық талдау кезінде дыбыстық сәйкестіктерге (варианттылық), морфологиялық талдау барысында түбір, қосымшалардың жасалуына тоқталдық. «Шежіре-и теракима» Орта Азияда жерінде, түркілер арасында дүниеге келген тарихи шығарма болғандықтан оның лексикалық қабатында түркілік элементтерден өзге араб, парсы сөздері де мол кездеседі. Ал, монғолизмдердің қолданысы аса көп емес. Мәселен, аталмыш еңбекте 302 араб сөзі, 148 парсы сөзі, 36 моңғол сөзі кездеседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы төркіндес сөздер екі топқа бөліп қарастырылады. Бірі – қазақ тіліне ерте кезден-ақ әбден сіңісіп, қалыптасып кеткен, әрі мейлінше жиі қолданылатын сөздер. Бұл топтағы сөздер өзінің фонетикалық тұлғасын мүлдем өзгертіп жіберген болып келеді. Бұлардың шет тілдерден ауысып келгендігі негізінен ұмытылып та кеткен деуге болады. Оған: *адам, әлем, дәулет, құдірет, уақыт, халық* секілді сөздерді мысал етіп келтірсек те жеткілікті. Араб – парсы тілдерінің екінші тобы – халық тіліне терең сіңісіп кетпеген, көбінесе дерлік кітаби лексикада қолданылатын, діни түсініктер мен абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер. Парсы тілінің лексикалық элементтерінің басқа түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне ауысу процесін зерттегенде мықтап ескертетін жайт бар. Парсы-тәжік тілдері едәуір мөлшерде араб сөздерін өз бойына сіңіріп, біржола иемденіп алған, араб төркіндес элементтерді өздерінің төл сөздеріне айналдырып жіберген. Мұндай араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы ауысқан. Л.З. Рүстемов «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» деген еңбегінде парсы сөздерінің түркі халықтары тілдеріне кіруін араб сөздерінен бұрын болған деп санайды: «...түп-төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі халықтарының тіліне ауысуы, парсы және түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе, арабтар мұнда келмей тұрған кезде, араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған» [2, 45].

Зерттеу барысында «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кірме сөздердің жиілігі, тарихи мәтіндегі контекстік қолданысы, семантикалық ерекшеліктері, фонетикалық өзгерістері, морфологиялық, сөзжасамдық функциялары барынша зерделенді. Шағатай тіліндегі кірме элементтердің қолданысын, тұлғасын, құрамын қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық бірліктермен лексика-грамматикалық жақтан салыстыру тілдің тарихи дамуын, даму сатысын айқындауға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Тарихи шығармаларды лингвистикалық аспектіде зерттеу, олардың лексикалық құрамына, морфологиялық құрылымына, фонетикасына салыстырмалы тарихи талдаулар жасау тілдің дамуына үлкен әсер етеді. Мәселен, лексикалық қордың толығып, дамып, қоғамдық-тарихи өзгеріске бейімделіп отыратынын ескерсек, тілге әсер етуші экстралингвистикалық, интролингвистикалық факторлар тіл бірліктерінің нормалануына, термин сөздердің қалыптасуына, тілдің қолданбалылық сипатына айрықша әсер етеді.

Зерттеу мақалада «Шежіре-и теракима» шығармасында кездесетін кірме сөздер табиғаты зерттелді. Жоғарыда келтірілген мысалдар, этимологиялық талдаулар, лексика-семантикалық тақырыптарға жіктелуі зерттеудің ғылыми маңыздылығын танытады. Тарихи шығарма тіліндегі кірме сөздердің мағыналық жағы ғана емес, олардың жасалу жолы, түбір сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтардың қолданылу ерекшеліктері де қарастырылды. Мәселен, кірме сөздер құрамында түрік тілдеріне ортақ *-лық*, *-лік*, *-лы*, *-лі*, жұрнақтары, парсы тіліндегі *-қар*, *-кер*, *-гер*, *-қор*, *-заде* жұрнақтарының актив қолданылған. *-ты+лық/-ті+лік* құрама аффикстің құрамындағы *-ты/-ті* аффиксі арқылы араб, парсы тілдеріндегі дерексіз зат есімнен қатыстық сын есімдер жасалса, одан *-лық/-лік* жұрнақтарының көмегімен дерексіз мағынадағы зат есімдер жасалған. Оған *peygamber+lik* «пайғамбарлық», *padişah+lıq* «падишалық», *merdane+lıq* «жігіттік», *mihrban+lıq* «ашықтық, достық», *bende+lik* «тәуелділік», *dos+lıq* «достық», *duşman+lıq* «дұшпандық», *üstad+lıq* «ұсталық», *nadan+lıq* «надандық» т.б. сөздер мысал бола алады.

«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін араб, парсы, моңғол сөздердің этимологиясын анықтағанда, әлі де болсын нақтылы ғылыми тұжырымдар мен дәлелдеулерді қажет ететін тұстары бар. Түркі халықтары мен араб, иран халықтары арасындағы ғасырлар бойғы экономикалық, географиялық, мәдени-рухани байланыс тіліміздің лексикалық қорынан айқын көрінеді. Сол секілді, шығармадағы монғолизм ретінде қарастырылып отырған сөздердің түркі тілдеріне енуі, тарихи қалыптасуына байланысты ғылыми пікірлер де гипотезалық деңгейде қарастырылып келеді. Түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы ортақ түбірлер мен тіл бірліктерінің алмасуына қатысты ғылыми-тұжырымдар әлі де терең лингвистикалық талдауларды қажет етері сөзсіз.

*Мақала ҚР БҒМ ғылым комитеті қаржыландыратын «AP08855980 Қазақ тілінің тарихи сөздігі» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

### Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 520 б.
2. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь» 2006. – 264 б.
4. Zuhâl Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: Türk dilleri Araştırmaları Dizisi, 1996. – 559 s.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы: «Арыс», 2006, 2-том. – 744 б.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
7. Базылхан Б. Монгол-қазақ толь. Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 с.
8. Кульганек И. В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – 184 с.
9. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. I. Wiesbaden, 1963. – 255 p.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст. Жаңабекова А., ЖанұзақТ., Әбілқасымов Б. және т.б.–Ү – Я. – Алматы, 2011. – 828 б.
11. ЫсқақоваА., СыздықоваР., СарыбаевШ. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. –Алматы, 1966.– 240 б.
12. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964. – 200 с.
13. Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. т. II. 2-е изд., М., 1959.– 2508 с.
14. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы, 2005. – 1288 с.
15. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С»/ Авт. сл. статей Благова Г.Ф., Левитская Л.С., Дыбо А.В., Насилов Д.М., Поцелуевский Е.А. –М.: Наука, 2003. – 474 с.
16. Шагдаров Л.Д., Черемисов К.М. Бурятско-русский словарь. Т.2: О-Я. –Улан-Удэ: Республиканская типография, 2008. – 708 б.

### К.К. КЕНЖАЛИН, Д.А. БАЛТАБАЙ

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

#### СЕМАНТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ(ПО ПРОИЗВЕДЕНИЮ «ШЕЖИРЕ-И ТЕРАКИМЕ»)

**Аннотация.** Язык является исторической категорией, его состав со временем пополняется новыми словами, элементами заимствования из других языков. Изменение слов в нашем языке с переходом в активный и пассивный слои оказывает существенное влияние на формирование словарного запаса.

В статье рассматривается этимология, частота употребления, смысловые особенности заимствованных слов, встречающихся в произведении «Шежире-и теракиме». Этимологический анализ слов, встречающихся в языке произведения, проводится и классифицируется на лексико-семантические группы. Изучается морфологический способ словообразования, особенности употребления однокоренных слов и словообразовательных суффиксов. В ходе исследования было отмечено место и значение заимствованных слов из арабского и персидского языков в словарном запасе казахского языка. Этимологический анализ заимствованных слов доказывается примерами. Особо акцентируется внимание на лексико-семантических, фонетических особенностях входных элементов и лингвистическом анализе слов. С помощью сравнительного метода авторы делают выводы относительно использования слов в древних текстах и письменных памятниках. Также дается статистика частоты употребления заимствованных слов в историческом произведении. Анализ языковых единиц, встречающихся в произведении «Шежире-и теракиме», всегда имеет важное значение в определении исторической преемственности между чагатайским и казахским языками.

**Ключевые слова:** заимствованные слова, арабские, персидские, монгольские элементы, тюркские языки, этимология, семантика.

**K.K. KENZHALIN, D.A. BALTABAY**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**SEMANTIC NATURE OF BORROWED WORDS (BASED ON THE WORK  
«SHEZHIRE-I TERAKIME»)**

**Annotation.** Since language is a historical category, its composition is replenished over time with new words, elements of borrowing from other languages. At the same time, the change of words in our language with the transition to the active and passive layers has a significant impact on the formation of vocabulary.

The article examines the etymology, frequency of use, semantic features of borrowed words found in the work "Shezhire-i terakime". Etymological analysis of the words found in the language of the work is carried out and classified into lexico-semantic groups. The morphological method of word formation, the peculiarities of the use of single-root words and word-forming suffixes are studied. In the course of the study, the place and meaning of borrowed words from Arabic and Persian languages in the vocabulary of the Kazakh language was noted. The etymological analysis of borrowed words is proved by examples. I focused on lexico-semantic features, phonetic features of input elements and analyzed them in the linguistic aspect. Comparative methods provide scientific conclusions regarding the use of words in the language of ancient texts and written monuments, the historical development of roots and appendages. In addition, statistics are given, the frequency of use of borrowed words in a historical work. The analysis of the linguistic units found in the work "Shezhire-i terakime" in the linguistic aspect is always important in determining the historical continuity between the Chagatai language and the Kazakh language.

**Keywords:** borrowed words, Arabic, Persian, Mongolian elements, Turkic languages, etymology, semantics.

**References**

1. Qaidar Ä. Ğylymdağy ğūmyr. Maqalalar, baiandamalar jinağy. – Almaty: Sardar baspa üi, 2014. – 520 b.
2. Rüstemov L.Z. Qazırğıqazaqtılindelge arab-parsy kırme sözderı. – Almaty: Ğylym, 1982. – 160 b.
3. Qaliev Ğ., Bolğanbaev Ä. Qazırğı qazaq tılınıñ leksikologiasy men frazeologiasy. Oqulyq. – Almaty: «Sözdik-Slovär» 2006. – 264 b.
4. Zuhul Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: Türk dilleri Araştırmaları Dizisi, 1996. – 559 s.
5. Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq / Qūrast. Ğ. Qaliev, S. Bizaqov, O. Naqysbekov jāne t.b. – Almaty: «Arys», 2006, 2-tom. – 744 b.
6. Syzdyqova R. Sözder söileidi (sözderdin qoldanyly tarihy). Köptomdyq syğarmalar jinağy / Rābiğa Syzdyqova / - Almaty: El-şejire, 2014. – 412 b.
7. Bazyłhan B. Mongol-kazah töl. Ulaanbaatar-Ölgi, 1984. – 885 s.
8. Külğanek İ. V. Mongölskie poslovisy i pogovorki. İssledovanie, perevod, komentari. – SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2017. – 184 s.
9. Doerfer, Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. I. Wiesbaden, 1963. – 255 p.
10. Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. 15-tom / Qūrast. Jañabekova A., Janūzaq T., Äbılqasymov B. jāne t.b. – Ü – İa. Almaty, 2011. – 828 b.
11. Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Ş. Qazaq tılınıñ qysqasha etimologialyq sözdıgı. Almaty, 1966. – 240 b.
12. Oruzbaeva B.O. Slovoobrazovanie v kirgizskom iazyke. Frunze, 1964. – 200 s.
13. Pekarski E. K. Slovär iakutskogo iazyka. t. II. 2-e izd., M., 1959. – 2508 s.

14. Mahmud al-Kaṣḡari. Divan Lughat at-Turk / Perevod, predislovie i komentarii Z.-A. M. Auezovoi. Indeksy sostavleny R. Ermersom. Almaty, 2005. – 1288 s.
15. Etimologicheski slovar' türkskih iazykov: Obşetürkskie i mejtürkskie osnovy na bukvy «L», «M», «N», «P», «S» / Avt. sl. statei Blagova G. F., Levitskaia L. S., Dybo A. V., Nasilov D. M., Poseluevski E. A. M., 2003. – 474 s.
16. Şagdarov L. D., Cheremisov K. M. Burätsko-ruski slovar'. T. 2: O-İa. Ulan-Ude, 2008. – 708 b.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы** – философи докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Кенжалин Қуанышбек Каримович** – доктор философии PhD, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан.

**Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich** – PhD, associate Professor of Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Балтабай Досжан Әмірұлы** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Балтабай Досжан Амирулы** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан.

**Baltabay Doszhan Amiruly** – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Г.Ы. СЕРКЕБАЕВА<sup>1</sup> 

С.Р. БОРАНБАЕВ<sup>2</sup> 

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail: g.serkebaeva@mail.ru<sup>1</sup>, sandybai@mail.ru<sup>2</sup>)

## «КОДЕКС КУМАНИКУС» ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі үстеу сөз табының морфологиялық өзгеру жүйесінің қалыптасуын анықтау, лексика-семантикалық топтарының ара жігін ажырату, «Кодекс куманикус» қолжазбасындағы үстеулердің қолданылуын анықтау мақсат етілген. Осы мақсатқа жетуде тілдің ғасырлар бойындағы дамуының үстеу сөз табына әсерін, қазіргі қазақ тілі өзге түркі тілдерінде коммуникативтік қызметі мен мағынасына қарай түрлі формаларға ие болу үдерістерін анықтау міндеті қойылған. Жұмыстың мақсаты мен ерекшеліктеріне байланысты сипаттау, салыстыру, салғастыру әдістері, құрылымдық, синхронды және диахронды талдау жұмыстары, жинақтау, жүйлеу тәсілдері қолданылған. Нәтижесінде үстеу сөз табының морфологиялық өзгеру жүйесінің қалыптасу кезеңдері анықталып, лексика-семантикалық топтарының ара жігі ажыратылып, жекелеген ерекшеліктері сипатталған. Үстеулердің барлық түркі тілдеріндегі басты белгісі – өзгермейтіндігі жөніндегі тұжырымдарды жан-жақты талдай отырып, тілдегі болып жатқан эволюция мен түрлі даму үдерістері үстеу сөздерге де әсерін тигізіп, қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдерінде коммуникативтік қызметі мен мағынасына қарай түрлі формаларға ие болып қолданылып жүргендігі дәлелденген.

Зерттеу нәтижелері тіл тарихы, салыстырмалы грамматика және тарихи сөзжасам, т.б. салалары бойынша өзекті мәселелерді, теориялық және қолданбалы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. «Кодекс куманикус» қолжазбасындағы үстеу сөз табының қолданысын анықтаудың нәтижесі өзге сөз таптарының пайда болу, даму ерекшеліктерін, лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілерін тарихи тұрғыдан жүйелеуге теориялық негіз болады. Осы жағынан алғанда бұл зерттеу жұмысын тарихи грамматика саласына қатысты көкейкесті мәселелерді шешуде, жалпы және жеке тіл ғылымының өрісін кеңейте түсуде, тіл тарихына байланысты әлі күнге бір арнаға тоғыспай келе жатқан пікірлерді жүйелеуде басшылыққа алуға болады.

**Түйін сөздер:** «Кодекс куманикус» қолжазбасы, тарихи грамматика, қазіргі қазақ тілі, сөз таптары, үстеу.

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ тілінде үстеу сөз табы – өзіндік қыры мен сыры толық ашылмаған, жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі сала. Қазақ тіл білімінде үстеулер жалпы сөз табының бірі ретінде қарастырылғаны болмаса, жекелеген монографиялар, диссертациялық жұмыстар көлемінде аз зерттелген. Сонымен қатар, «Кодекс куманикус» қолжазбасындағы үстеу сөз табының лексика-грамматикалық және синтаксистік ерекшеліктері өз алдына зерттеу нысанына айналмаған.

Үстеулер сөз табы ретінде ертеден танылып келгенімен, оның сөзжасамы арнайы зерттелмеген. Осыған байланысты үстеу сөзжасамы мәселесінде шешілмеген даулы пікірлер баршылық. Бұл негізінен үстеудің синтетикалық тәсілмен жасалуына байланысты мәселеде анық байқалады. Осы бағытта үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының құрамын анықтау, ол жұрнақтар арқылы жасалған туынды үстеулерді

көрсету, әрбір жұрнақтың мағыналық құрамын айқындау – кезек күттірмейтін мәселе.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Үстеу сөз табын өз алдына жеке зерттеп жүрген А. Ысқақов, С.Ф. Фузаилов, Ф.А. Ганиев, А.Г. Гулиев, С.А. Давлетова, С.М. Исаев, А. Аблақов, Ж. Сарбалаев, Т. Сайрамбаев, Р. Әміров, Ә. Ыбырайым, Б. Таңсықбаева сынды ғалымдардың диссертациялық, монографиялық еңбектері, ондағы көзқарастар, тұжырымдар мен қағидаттар басшылыққа алынды. Сонымен қатар үстеу сөз табының теориялық мәселелерін талқылау, соған байланысты нақты тұжырымдамалар жасау мақсатында келесі шетел және орыс лингвистерінің тұжырымдары мен дәйектемелері пайдаланылды: В.В. Радлов, С. Броккельман, М. Ердал, К. Ераслан, Ф. Зейналов, В. Банг, А. Габаин. Сондай-ақ, кейінгі жылдары үстеулерді арнайы қарастырған Е.Б. Саурықовтың «Үстеу сөз табы: тарихи дамуы және қалыптасуы (түркі тілдері материалдары негізінде)» [1] атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты, үстеу сөз табын «мөлшер» категориясының аясында қарастырған Е. Маралбектің «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде)» [2] атты философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы негізге алынды.

Зерттеу жұмысында сипаттау, салыстыру, салғастыру әдістері, құрылымдық, синхронды және диахронды талдау жұмыстары, жинақтау, жүйлеу тәсілдері қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Түркі тілдерінің даму кезеңдерін дәуірлеу мәселесі көптеген беделді түрколог ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапты. Солардың ішінде айрықша назар аудартатыны – Н. Баскаковтың дәуірлеуі. Ғалым түркі тілдерінің даму кезеңдерін: « 1) Алтай дәуірі; 2) Ғұн дәуірі (б.з. V ғасырына дейін); 3) Көне түркі дәуірі (V-X ғғ.); 4) Орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпалары тілдерінің қалыптасуы мен даму дәуірі (X-XV ғғ.); 5) Жаңа түркі дәуірі немесе ұлттық тілдердің дамуы мен қалыптасу дәуірі (XV-XX ғғ.); 6) Ең жаңа дәуір немесе Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі түркі тілдерінің даму дәуірі», – деп, алты кезеңге бөледі [3, 148]. Ал Ә. Құрышжанұлы, Б.Е. Көмеков, Д.С. Жүнісұлы сияқты белгілі отандық түркітанушы ғалымдар бірлесіп жазған «Ескі қыпшақ тілі» оқулығында Н. Баскаковтың жоғарыда көрсетілген классификациясына сүйене келе: «Түркі тілдерінің көне дәуіріне (V-XV ғғ.) жататын ескерткіштер үлкен екі топқа бөлінеді: 1) көне түркі немесе ежелгі ескі түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар; 2) орта түркі немесе ескі түркі (орысша «среднетюркский» немесе старотюркский) тілінде жазылған нұсқалар», – деп екі үлкен кезеңге бөледі де, көне түркі тілі жазбаларына Орхон-Енисей ескерткіштерін жатқызса, орта түркі тілі ескерткіштерін: «1) Қараханид түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер, 2) Орта Азия түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер, 3) Ескі қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер, 4) Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер», – деп, төрт топқа бөледі [4, 44].

Тілдің тарихын бұлайша дәуірлеу, кезеңдерге жіктеу тілдегі даму мен өзгерістерді жүйелі түрде табудың бір кілті саналады. Бұл зерттеуде де жоғарыдағы тарихи кезеңдерге жататын тілдік материалдар негізінде қазақ тіліндегі үстеулердің қалыптасу, даму жолы анықталады. Тіл тарихына қатысты зерттеулердің мақсат-міндеті турасында қазақ әдеби тілінің тарихы мәселесін қарастырған ғалымдардың бірі ретінде Б. Момынованың мына пікірі орынды айтылған: «Әдеби тілдің тарихын сөз етудегі мақсат – тілдік құрылымдардың қазақ әдеби тілінің заңдылықтарына лайық екенін анықтау, сонымен бірге тілдік қолданыстар мен құрылымдардың жандануын, олардың тіркесімділігінің артуы олардың қазақ әдеби тілінің сөздік қорынан лайықты орын алғанының көрсеткіші болып табылатынын нақты мысалдармен көрсету» [5, 3].

Түркі тіл білімінде ең бір күрделі әрі даулы сөз таптарының бірі – үстеулер. XIX



ғасырдың басынан күні бүгінге дейін үстеудің тарихы, табиғаты және лексика-грамматикалық ерекшеліктері жайлы көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Соған қарамастан қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда үстеу сөздердің әлі де айтылмай, әлі де шешілмей келе жатқан мәселелері жеткілікті екені анық. Соның бірі – «Кодекс куманикус» қолжазбасындағы үстеулердің қолданысы туралы мәселе.

Тілдің тарихи дамуы барысында сөз таптарының бірден пайда болмай, біртіндеп жасалатындығы үстеулердің сөз табы ретінде қалыптасуынан айқын көрінеді. Қазіргі түркі тілдерінде қолданылып жүрген көптеген үстеулер де бір кезде басқа сөз таптарына тән, өзге функцияда қолданылған сөздер тобы болған. Мұндай сөздер өздерінің қолданылу ыңғайына, сөйлемдегі қызметіне байланысты пысықтауыштық функцияға тұрақтанған. Кейіннен мағыналық реңкінің ауысуына, бастапқы нақты мағынасының жалпылануына, дерексізденуіне байланысты үстеу сөз табының ерекшеліктерін, қасиеттерін бойына сіңіріп, сол топқа ауысқан.

Түркі тілдеріндегі үстеу сөзжасамы әр дәуірге тән өзіндік белгісімен даму, қалыптасудағы арнайы заңдылықтармен көне заманнан, яғни ежелгі Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері, одан беріде Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн еңбектерінен белгілі. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген көптеген үстеулердің біршамасы көне дәуірде қолданыс тауып келе жатқан сөздер тобы. Мысалы, *енді, кеше, бірге, әдейі*, т.б. Аталған үстеулер «Кодекс куманикус» қолжазбасында *емді, түнәкүн, бірлә біле, хасса* [6] түрінде келеді. Ал қалған үстеулер кейін ауызекі сөйлеу тілі, әдеби жазба тілдердің дамуы, қалыптасуы, белгілі нормаға түсуі нәтижесінде жасалып, жаңа сөз, жаңа мағына ретінде үстеу сөз табына телініп отырды.

Тілдің негізгі сөздік қоры мен грамматикалық құрылысының қарым-қатынасына және олардың даму заңдылығына лайық сөздердің белгілі бір сөз табынан өзге сөз табы қатарына ауысуы қазіргі заманның ғана жемісі емес, ол бастауын көне дәуірден алған тіл дамуындағы тарихи құбылыс. Тілдегі сөз таптарының қалыптаса бастауы мен лексикалық алмасулар бір кезеңде өмір сүреді. Өйткені сөз таптарының дамуы қатып қалған заңдылық емес, онда неше түрлі өзгерістер өзгерістер болады, әрбір құбылыстың өзіндік ерекшелігі мен табиғаты бар. Бұл жөнінде В.В. Виноградов өз ойын жалғастыра түсіп «Сөйлеу бөлігінің басқаларына ауысу мәселесі тіл біліміндегі сөйлеу бөлігін бөлу проблемаларымен тығыз байланысты» [7,17] деп қорытындылайды. Сонымен, сөз таптарының дараланып, категориялық дербестікке ие болуы тілдегі лексикалық бірліктердің қызмет өресінің өнімді болуынан деп қарап, «алмасу» ұғымын тілдегі сөз тудыру, сөзжасам тәсілдерінің біріне жатқызуға болады.

Конверсиялық сөзжасам тәсілінің қазақ тіліне де қатысты екендігі жөнінде зерттеуші-ғалым С. Исаев мынадай пікір айтады: «Конверсиялық тәсілдің ерекшелігі сол, ол сөздердің сөйлеу процесінде, жаңа сөздермен байланысып, тіркесе жұмсалуында жаңа мағыналарға, семантикалық өзгеріске түсуінде. Сондықтан оған субстантивтену, адъективтену, адвербиалдану, т.б. процестер жатады» [8, 282] деп тұжырым жасайды.

Тілдегі сөз таптарының қалыптасуы, дамуы, ондағы лексикалық алмасулар, бір атаумен конверсиялық үдеріс тәсілінің табиғаты жөніндегі зерттеулерді түйіндей отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: сөздердің белгілі бір грамматикалық категориядан ауысып, өзге лексика-семантикалық, сөз табындық дербестікке ие болуы – конверсиялық сөзжасамның нәтижесі. Ж. Сарбалаевтың пікіріне сүйенсек: «Конверсиялық сөзжасам тәсілінде сөз тудырудың лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдері қатысады демей-ақ, бұлардың көріну ерекшеліктерінде әрі сөзжасамның лексика-грамматикалық тәсілдерінің қалыпты көрінетіндігін ескере отырып, оларды лексика-грамматикалық факторлар деп қабылдау орынды сияқты. Сонда конверсиялық амал бойынша сөз тудыру дегеніміз – лексикалық, морфологиялық

және синтаксистік факторлардың жиынтығы» [9, 29].

Түркі тіліндегі үстеулердің қалыптасуына сөз таптары грамматикалық формаларының әсері мол. Қазіргі тілде қолданылып жүрген көптеген үстеулердің құрамында зат есімнің септік жалғаулары кездеседі. Бұл жердегі зат есімнің септік формаларының қызметін деривациялық сөзжасаммен бірге қарауға болмайды. Тіл-тілде белгілі болғандай, септік формалары сөз тудырушы қасиетке ие емес. Олардың қызметі тек сөз түрлендіру, грамматикалық мағына үстеу, сөздердің байланысу, берілу қызметін ұлғайту. Көне түркі, қазіргі түркі тілдерінен белгілі мекендік, мезгілдік зат есімдердің септік формаларымен лексикаланып, мағыналық жақтан көнеленуі, функциялық тұрғыдан пысықтаушы болуы нәтижесінде үстеулер қатарына өтіп отырған.

Көне түркі тілінен белгілі құранды *-ғару, -геру, -қару, -керу, -ару, -еру* формалары қазіргі түркі тілдерінің деректерінде үстеулік мән-мағына беретін сөздердің құрамында өлі форма, көнеленген септік жалғауы ретінде сақталған. Аталған форманың тарихи құрамы мен пайда болу себептері тұрғысында ғалымдар алуан түрлі болжамдар мен пікірлер айтқан болатын. Г.И. Рамстедт бұл құранды форманы *-ға* барыс септігі және бағыттық *-ру* формасы немесе директив деп көрсетеді [10,44]. Ғалымның пікірін кейінгі жылдары В. Котвич қолдап, өз болжамын моңғол тілінің сөз жасаушы *-ғаду* формасымен сабақтастырады [11, 324].

Зерттеліп отырған құранды *-ғару, -геру, -қару, -керу* формаларының екінші негізгі қызметінің ерекшелігіне тоқталайық. Қолданылу аясына сай грамматикалық мағыналарының түрлі болып келуі жалғаулардың даму заңдылығын көрсетеді. Қосымшалардың пайда болуы, функциялық жақтан жаңаруы немесе көнеленуі, өзге сөз таптары қатарына ауысып кетуі тіл-тілде болатын тарихи заңдылық. Яғни ескерткіштер тілінде бұл құранды форма тек тек барыс септігі емес, үстеу қалыптастыруда үлкен рөл атқарған. Көне түркі мәтіндерінде кездесетін *йоқару, ічкеру, ілгеру* сөздері осының айқын дәлелі. «Кодекс куманикус» қолжазбасында аталған үстеу *ічкәрі* [6] түрінде кездеседі.

Үстеулердің жасалуындағы морфология-семантикалық тәсіл арқылы туындаған тұлғалардың бір бөлігі жатыс септігі формаларымен ауысып келген. Мұндай сөз жасау тәсілдерінің барлығы конверсиялық құбылыстың нәтижесі. Сондықтан адвербиалданған сөздердің қандай жолмен, қандай тәсілдер арқылы ауысқандығын айқындайық. Бірінші кезекте көне түркі тілінен белгілі үстеу ретінде толық қалыптасқан сөздерге тоқталайық. Көне түркі тілінде жатыс септігінің *-да, -де, -та, -те* және көптеген ғалымдардың қолдауы бойынша жатыс септігі формасы деп танылып жүрген *-ра, -ре* қосымшалары арқылы адвербиалданған үстеулердің мағыналық, құрылымдық ерекшелігіне тоқталайық.

Көне түркі тілінде *-да, -де, -та, -те* формалары арқылы есім сөздерден мекен үстеулері жасалған. Мысалы, *бунта, анта, онда, антада*, т.б. «Кодекс куманикус» қолжазбасында мекен үстеулері *артында, үстүндә, түбіндә*[6] түрінде келеді. Қазіргі түркі тілдерінде тек мекен мәнді үстеулер ғана емес, мезгіл, бейне үстеулері де туындайды. Мысалы, *анада, ақырында, бертінде, ертеде, кейде, жақында* – мезгіл үстеулері; *алда, артта, мұнда, сонда осында* – мекен үстеулері; *аңдаусызда, абайсызда қапылыста, қапелімде* – бейне үстеулері. Жатыс формасы арқылы қалыптасқан үстеулер

мағыналық ерекшелігіне орай сөйлем ішінде түрлі пысықтаушылық функцияны атқарады. Қазіргі түркі тілдеріндегі мекендік, мезгілдік үстеулердің қалыптасуына үлкен әсер еткен көне түркі тілі жүйесіндегі үстеу сөздердің тарихы мен өзіндік ерекшеліктері

бар. Көне ескерткіштер тілінде есімдіктердің ішінде сілтеу есімдігінен туындаған үстеулер кездеседі. Көне түркі тілінде: – Йай анта йайладым (Мен жазды сонда өткіздім).

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде етістіктен үстеу жасауға қатысатын *-а, -е, -*

й, -у, -ү, -ы, -і формалары бар. Бұл формалар етістікті түбірлермен грамматикалық қатынасқа түсіп, лексикалану арқылы үстеу сөз таптарын жасап отырған.

**Нәтижелер.** «Кодекс куманикус» еңбегі контекстік материал емес, сөздік болғандықтан, ондағы тілдік деректер көбіне лексикалық бірліктер. Сондықтан сөздікте мөлшер семантикасының берілуінде лексикалық деңгей негізгі тәсіл саналады. Басқа деңгеймен салыстырғанда мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер әлдеқайда көп. Мөлшерлік лексемалардың өзін әлденеше микромөлшерлік ұғымдарға топтастыруға болады. Біз көне түркі ескерткіштерінде мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер айтарлықтай көп болмағандықтан, тіл деңгейлері шегінде жинақтай қарастырдық. Сөздікте мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктерді қашықтық, уақыт, салмақ, көлем, аудан, сыйымдылық, құн мөлшері сынды микроұғымдарға топтастыруға болады.

«Кодекс куманикус» еңбегінде «уақыт» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктер үстеу сөздері арқылы беріледі және олардың саны басқа сөздермен салыстырмалы түрде айтқанда көбірек. Еңбекте «уақыт мөлшері» семантикасын білдіретін *емдідән кері (бұрын), анғынча (осы уақытқа дейін), анғынча-анығынша (оган дейін)* сөздері кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі -ша, -ше функционалды жұрнағы үстеу тудырушы жұрнақ ретінде уақыттың белгісіз созылықтық мөлшерін, шегін және күшейтпелі мөлшерлік семантиканы білдіреді. Бұл жұрнақ XV-XVIII ғасыр мұраларында мөлшерлік семантикада кездеспейді. XIII-XIV ғасырларда -чә, -ча формасында, X-XII және V-IX ғасырларда -ча, -че формасында кездеседі. Бұл форманың түркілік кездегі тілдік қызметі мен мағынасында төлтілдік кезеңнен айтарлықтай өзгешеліктердің барлығы байқалады. Яғни -ча, -че аффиксінің түркілік кезеңде көбіне заттардың сандық, шамалық мәнін салыстыру, уақыт шегін көрсету мәнінде жұмсалып, мөлшер семантикасын білдіру қызметі басымдау болған. Ал қазіргі қазақ тілінде бұл семантикалық қызмет -дай, -дей, тай, -тей формасына ауысқан.

Ал М. Қашқаридың сөздігінде «уақыт мөлшері» семантикасын білдіретін мәңгі // мәңгі, былдұр // былтыр, иыл // жыл, көш // сәт, уақыт сөздері кездеседі. Бұл сөздер де, бір жағынан, уақыт, мезгіл атауын білдірсе, екінші жағынан, сол атаудың уақыттық мәнін, мерзімін, мөлшерін білдіреді. Ғалым бұл сөздерге былайша түсініктеме береді:

– Мәңгі // мәңгі, мәңгілік, шетсіз-шексіз. Бұл сөз әрі есім, әрі мәсдар. «Мәңгі ажұн // мәңгілік дүние». Жырда былай деп келген:

Тұғұп тақы қалмады мәңгі ерен // адам мәңгі қалмайды, туса-туар,

Ажұн күні иұлдұзы тұтшы тұғар // дүниенің күн, жұлдызды туар-тұрар! (МҚ, Т3-506);

– Былдұр // былтыр (өткен жыл) (МҚ, Т1-516-517);

– Иыл // жыл: бір иыл кешті // бір жыл өтті (МҚ, Т3-12);

– Көш // сәт, уақыт: бір көш күдзгіл // бір сәт күткін, біраз күт (МҚ, Т1-380).

Сөздіктерде «салмақ», «көлем», «сыйымдылық» ұғымдарын білдіретін лексикалық бірліктер де кездеседі. Алайда олар саны жағынан тым шектеулі және нақты мөлшерлік шаманы емес, мөлшерді сындық тұрғысынан сипаттау мәнді болып келеді. Айталық, «салмақ» ұғымына қатысты сөздікте ағыр // ауыр, (МҚ, Т1-82), иенік // жеңіл (МҚ, Т3-30) сөздері кездеседі де, мынадай түсініктеме берілген: Ағыр // ауыр, салмақты: ағыр адзақ емрүлді // ауыр аяқ тыншыды. Яғни, «аяғы ауыр адам қыбырлап ақырын жүрсе де межелі жерге, дегеніне жетті» дегені (МҚ, Т1-82). Ағыр // ауыр сөзі қимыл-әрекеттің сылбырлығы, қиындығымен қатар, нақты заттардың да салмағына байланысты қолданылады. Мұнда зат салмағының ауыр не жеңіл болмағы арасында түрлі шамалар жиынтығы өмір сүретіндіктен, ол түрлі деңгейден құралатын «мөлшер» ұғымына жатады. Заттардың салмағы ауыр не жеңіл болуы сол заттың ішкі межесіне және барлық

адамдардың санасында қалыптасқан орталық меже негізінде анықталады.

Зерттеу барысында «Кодекс куманикус» қолжазбасында күшейткіш үстеудің – 5, мақсат үстеудің – 5, мезгіл үстеудің – 46, мекен үстеудің – 24, мөлшер үстеудің – 13, себеп-салдар үстеудің – 12, сын-қимыл үстеудің – 35 түрі кездесетіндігін анықтадық.

**Қорытынды.** Үстеулер – қимылдың алуан түрлі белгілерін, күй-жайын немесе сапаның дәрежесін білдіретін грамматикалық құбылыс. Қимылдың белгісі мен заттың сынының белгісін білдіру, сөйлем ішінде пысықтауыш немесе кейде анықтауыш (жекелеген формаларда) функциясында жұмсалуды үстеуді өзге сөз таптарынан даралайтын басты ерекшелігі болып саналады. Басқа сөз таптарынан ажыратып тұратын негізгі белгі – түрленбейтін сөз табы бола тұра, түрленуші сөздердің барлығымен грамматикалық қатынасқа түсуі.

Үстеу сөздердің этимологиясын анықтау олардың ежелде қай сөз табынан ауысып келгендігін білуге, оның құрамындағы септік формасының даму сатысы тілдің қандай кезеңіне дейін қолданғандығы немесе қай дәуірде ығыстырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай талдаулар тек үстеулердің ғана емес, өзге сөз таптары мен оның грамматикалық көрсеткіштерінің пайда болу жолдарын айқынауға септігін тигізеді. Әрбір сөзге жеке талдау жасау сол топтағы үстеулердің қалай пайда болғандығының толық айғағы. Қалыптасу барысында үстеу сөздер бірден жасала салмай, тарихи дамудан өтті. Мағыналық, функциялық жақтан әбден сұрыпталды, осындай күрделі эволюциялық даму жолынан өткен сөздер ғана үстеулер қатарынан орын алды. Осы тұрғыдан келгенде үстеулердің «Кодекс куманикустегі» көрінісін анықтайтын зерттеу жұмысымыздың маңызы зор деп білеміз.

### Әдебиеттер

1. Саурықов Е.Б. Үстеу сөз табы: тарихи дамуы және қалыптасуы (түркі тілдері материалдары негізінде). Филол.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2010. – 44 б.
2. Маралбек Е. Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде). Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2020. – 220 б.
3. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 1969. – 383 с.
4. Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б.Е., Жүнісұлы Д.С. Ескі қыпшақ тілі (Оқулық). – Алматы: ҚазМҚПУ, 2007. – 316 б.
5. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы (Оқулық). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 283 б.
6. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы, 1978. – 278 б.
7. Виноградов В.В. Вопросы современного русского словообразования // Русский язык в школе. – М., 1952. – №2. – С. 17-20.
8. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
9. Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1993. – 29 б.
10. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М.: Изд-во ин-та лит., 1957. – 254 с.
11. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – М.: Изд-во ин-та лит., 1962. – 371 с.

**Г.Ы. СЕРКЕБАЕВА, С.Р. БОРАНБАЕВ**

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### **ПРИМЕНЕНИЕ НАРЕЧИЙ В ПАМЯТНИКЕ «КОДЕКС КУМАНИКУС»**

**Аннотация.** Целью данной статьи является выявление формирования системы морфологических изменений наречий в современном казахском языке. Для достижения данной цели поставлены следующие задачи: разграничить лексико-семантические группы, определить применение наречий в письменном памятнике «Кодекс куманикус», выявить влияние многовекового развития языка на лексический состав слов и процессы обретения современным казахским языком различных форм в зависимости от коммуникативной функции и значения в других тюркских языках. В зависимости от целей и особенностей работы, использовались методы описания, сравнения, сопоставления, структурный, синхронный и диахронный анализ, обобщение, систематизация. В результате определены этапы формирования системы морфологических изменений наречий, разграничены лексико-семантические группы, описаны отдельные особенности. Всесторонне анализируя выводы о том, что наречия обладают главным признаком – неизменяемостью во всех тюркских языках, доказано, что происходящая эволюция и различные процессы развития в языке оказывают влияние и на наречия, приобретая различные формы в зависимости от коммуникативной функции и значения в современном казахском и тюркском языках.

Результаты исследования направлены на реализацию актуальных проблем, теоретических и прикладных задач по истории языка, сравнительной грамматике и историческому словообразованию и др. Результат определения употребления класса наречий в письменном источнике «Кодекс куманикус» является теоретической основой для исторической систематизации особенностей возникновения, развития, лексико-семантических, морфологических и синтаксических признаков других частей речи. С этой стороны, данная исследовательская работа может быть направлена на решение актуальных проблем в области исторической грамматики, расширение поля общего и прикладного языкознания, систематизации мнений, связанных с историей языка.

**Ключевые слова:** рукопись «Кодекс куманикус», историческая грамматика, современный казахский язык, части речи, наречия.

**G.I. SERKEBAYEVA, S.R. BORANBAEV**

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

### **THE USE OF ADVERBS IN THE «CODEX CUMANICUS» MANUSCRIPT**

**Annotation.** The article aims to identify the formation of a system of morphological changes of adverbs in the modern Kazakh language. To achieve this goal, the following tasks are set: to distinguish lexical and semantic groups, to determine the use of adverbs in the «Codex Cumanicus» manuscript, to identify the influence of centuries-old language development on the lexical composition of words and the processes of acquiring various forms by the modern Kazakh language, depending on the communicative function and meaning in other Turkic languages. Depending on the goals and features of the work, methods of description, comparison, contrast, structural, synchronous and diachronic analysis, generalization, systematization were used. As a result, the stages of formation of the system of morphological changes of adverbs are determined, lexico-semantic groups are differentiated, individual features are described. Comprehensively analyzing the conclusions that adverbs have the main feature – immutability in all Turkic languages,

it is proved that the ongoing evolution and various development processes in the language also affect adverbs, acquiring various forms depending on the communicative function and meaning in modern Kazakh and Turkic languages.

The results of the research are aimed at the implementation of actual problems, theoretical and applied problems in the history of language, comparative grammar and historical word formation, etc. The result of determining the use of the class of adverbs in the «Codex Cumanicus» manuscript is the theoretical basis for the historical systematization of the features of the origin, development, lexico-semantic, morphological and syntactic features of other parts of speech. On this side, this research work can be aimed at solving topical problems in the field of historical grammar, expanding the field of general and applied linguistics, systematization of opinions related to the history of language.

**Keywords:** Manuscript «Codex Cumanicus», historical grammar, modern Kazakh language, parts of speech, adverbs.

### References

1. Sauryqov E.B. Üsteu söz taby: tarihi damuy jäne qalyptasuy (türki tilderi materialdary negizinde). Filol.ğyl.doktory ğylymi дәrejesin alu üšin daiyndalğan disertasiynıñ avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 44 b.
2. Maralbek E. Mөлşer kategoriasynıñ tarihi paradigmasy (lingvistikalıq aspektide). Filosofia doktory дәrejesin alu üšin daiyndalğan disertasiy. – Almaty, 2020. – 220 b.
3. Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie tyurkskikh yazykov. 2-e izd. – M.: Vysshaya shkola, 1969. – 383 s.
4. Qūryşjanūly Ä., Kömekov B.E., Jūnisūly D.S. Eski qypşaq tılı (Oqulyq). – Almaty: QazMQPU, 2007. – 316 b.
5. Momynova B. Qazaq әdebi tılınıñ tarihy (Oqulyq). – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 283 b.
6. Qūryşjanov A.Q., Jūbanov A.Q., Belbotaev A.B. Kumanşa-qazaqşa jıllık sözdik. – Almaty, 1978. – 278 b.
7. Vinogradov V.V. Voprosy sovremennogo russkogo slovoobrazovaniya // Russkiy yazyk v shkole. – M., 1952. – №2. – S. 17-20.
8. İsaev S.M. Qazırgı qazaq tılındegı sözderdiñ gramatikalyq sipaty. – Almaty: Rauan, 1998. – 304 b.
9. Sarbalaev J. Qazırgı qazaq tılındegı konversia men adektivasia. Filol.ğyl.kand.diss. – Almaty, 1993. – 29 b.
10. Ramstedt G.I. Vvedenie v altayskoe yazykoznanie. – M.: Izd-vo inost.lit., 1957. – 254 s.
11. Kotvich V. Issledovanie po altayskim yazykam. – M.: Izd-vo inost.lit., 1962. – 371 s.

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Серкебаева Гаухар Ысқақбекқызы** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан

**Серкебаева Гаухар Искакбековна** – докторант Южно-Казакхстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**Serkebayeva Gaukhar Iskakbekovna** – doctoral student, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

**Боранбаев Сандыбай Режепұлы** – филология ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, Шымкент, Қазақстан.

**Боранбаев Сандыбай Режепович** – доктор филологических наук, доцент Южно-Казакхстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

**Boranbaev Sandybai Rezhepovich** – Doctor of Philology, Associate Professor, M.Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

М.Е. ТАУБАЛДИЕВ<sup>1</sup> 

С. ҚҰЛМАНОВ<sup>2</sup> 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1</sup>  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: meirambekt@gmail.com<sup>1</sup>, k.k.sarsen@mail.ru<sup>2</sup>)

### ТІРКЕСТІ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (Қазақ тележурналистика саласының материалдары негізінде)

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ телевизиялық журналистика саласында жиі қолданылатын терминдік тіркестердің жасалу жолдарын, оларды орыс тілінен аудару барысындағы кемшіліктердің себептерін, балама нұсқаларын және т.б. айқындау мақсат қойылды. Сонымен қатар зерттеу барысында орыс тіліндегі жұрнақты терминдік тіркестерді қазақ тіліне аудару үдерісінде туындайтын лингвистикалық мәселелерді талдау мақаланың өзектілігін айқындайды.

Мақалада орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мынадай мәселелер қарастырылды: жекелеген терминдердің баламасы немесе аударылуы; орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + **-ый/-ая/-оә** жалғауы», «-ск- жұрнағы + **-ий/-ая/-оә** жалғауы», «-ов- жұрнағы + **-ый/-ая/-оә** жалғауы», «**не-** приставкасы + түбір + **-н- жұрнағы + -ый/-ая/-оә** жалғауы» үлгілерінің аударылуы және т.б. Орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болатындығы, сонымен қатар қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіндігі анықталды.

Телевизиялық журналистика саласында тіркеспен келетін терминдердің баламасын анықтау барысында синтез, индукция, дедукция, топтастыру, жүйелеу сияқты жалпылингвистикалық әдістермен қатар аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық калькалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың зерттеу тәсілінің бірі – сауалнама әдісі кеңінен қолданылды.

Зерттеу барысында жүргізілген сауалнамада телевизия мамандары қызметінде жиі қолданылатын тіркеспен келетін терминдер таңдап алынып, сауалнамаға республикалық және халықаралық деңгейдегі БАҚ өкілдері, «Ұлттық аударма бюросы» мамандары, ғылыми-зерттеу институттарының аударма ісімен айналысатын ғылыми қызметкерлері қатысты.

**Түйін сөздер:** термин, терминология, терминжасам, тележурналистика, аударма, біріздендіру, жұрнақ.

**Кіріспе.** Ұлттық терминологияның лингвистикалық проблемаларын зерттеу тіл білімінің ғана объектісі емес, жалпы ғылым мен білім беру тілін, техника мен технология тілін дамытудағы кезек күттірмейтін мәселе саналады. Ғылым саласы дамыған сайын онда қолданылатын тілдік бірліктердің күн санап көбейетіні – заңдылық. Себебі тілдегі термин – заттың атын ғана емес, ұғымның, процестің атауын білдірумен қатар, тілдің қоғамдағы қолданыс аясын көрсететін күрделі құбылыс, ғылым тілін дамытудың негізгі тетігі.

XX ғ. 20-30-жылдары қазақ тілінің ұлттық терминшығармашылығының қалыптасу кезеңі саналады. Ұлттық терминологияның іргетасын қалаушы – Ұлт көшбасшысы А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамбетұлы, Т. Шонанұлы, Ж. Аймауытұлы, Ж. Күдерин, С. Қожанұлы, Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы, А. Мамытұлы және т.б. қазақ білімпаздарының жасаған терминдері мен ғылым салалары бойынша жазған және аударған еңбектері тіліміздің төл терминжасам кеңістігін қалыптастырды. Алайда Кеңес одағы кезеңінде «ортақ терминологиялық қор» қалыптастыру бағытындағы қасаң саяси қағида қазақ тілінің терминжасам жүйесін қасақана дағдарысқа ұшыратты. Бұл ойымызды филология ғылымдарының докторы, академик Ш. Құрманбайұлының мына сөзімен тұжырымдауға болады: «...Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді» [1, 19].

Кез келген мемлекеттің формациялық жүйесі оның саяси өміріне ғана емес, ұлт тілінің әлеуетіне де ұзақ жылдар бойы әсер ететіні белгілі. Сондықтан болар, социалистік-тоталитарлық жүйені бастан кешкен біздің елімізде күні бүгінге дейін ұлттық терминология тиісті деңгейде міндетін атқара алмай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі терминдердің тұрпат межесі мен мазмұн межесін сақтап қолдану үшін аударма процесінде, оның ішінде терминжасамда көп жағдайда калька тәсілі (толық/жартылай) жиі пайдаланылып келді. Осы себепті ұлттық терминологиялық қорымызда ұлт тілінде жасалған терминдердің үлес салмағы әліге дейін аз болып отыр.

XX ғасырдың 90-жылдары, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан кейін, қазақ терминологиясы жаңа бағытта дами бастағаны мәлім: терминдерді қазақшалау үдерісі күшейе түсті, ғылым салалары бойынша баламалы терминологиялық сөздіктер көптеп жарық көріп, терминология саласы лингвистикалық және салалық пәндердің ғылыми зерттеулерінің объектісі ретінде дами түсті.

Ұлттық тіліміздің төл сөздерін жаңғыртып, жаңа терминдік атау ретінде қолдану, туыстас түркі тілдерінің терминологиялық қорының озық тәжірибесін пайдалану, құрылымы бөлек тілдерден енген терминдерді қабылдау тәртібі, терминдердің танымдық-жұмсалымдық функциясының ғылыми негіздемесін жасау қазіргі кезеңдегі ұлттық терминологияның негізгі мәселелері болып отыр.

Қазіргі уақытта «термин» ұғымы таза тілдік тұрғыдан ғана емес, таныммен байланысты, қатысым (коммуникация) теориясы негізінде қарастырылады. Мысалы, тілші-ғалым Б. Шустер «термин» ұғымын «когнитивтік лингвистика, прагматика тұрғысынан зерттеуді, сондай-ақ қазіргі жаңа тәсілдерге, соның ішінде социометрия арқылы анықтауға басымдық берген дұрыс» деп есептесе [2, 168], ғалым Э. Рохлина «термин» ұғымының әртүрлі анықтамаларының болуы, термин типтерінің жіктелуі, жүйелеу, стандарттау, біріздендіру секілді негізгі терминологиялық проблемаларға баса назар аударып, терминнің қолданыс аясындағы циклдік өрісін зерттеудің маңыздылығына тоқталады [3, 174].

Тілші-ғалым И. Усманов ғылыми терминологияның негізгі мәселелеріне және оларды шешудің басым тәсілдеріне, соның ішінде қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз ету аясында терминологияны стандарттауға баса назар аударады [4, 20].

Тілші-ғалымдар Б. Жонкешов пен А. Үдербаевтың пікірінше, терминнің жалпы қолданыстағы сөзден семантикалық айырмашылығы – терминнің ұғыммен байланысы, оның ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласына қатыстылығы [5, 31]. Демек, термин болу үшін сөз мағынасы біреу ғана болуға тиіс, ауыспалы мағынасы болмайды, термин нақты заттардың атауын ғана емес, ғылымның тар шеңберіндегі дерексіз ұғымдардың атауын білдіреді.



Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі жаһандану үрдісінің, ғылыми-техникалық прогрестің ықпалына байланысты қазақ телевизиялық журналистика саласы күн өткен сайын кірме сөздермен, жаңа терминдермен толығып отыр. Мемлекеттік тілде хабар тарататын телевизия мамандары жұмыс барысында қолданатын жеке сөздерден тұратын терминдер былайша топтастырылады: а) орыс тіліне еуропа тілдерінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *титр, кран, студия, камера, сценарий, диафрагма, кадр, анонс* және т.б.; ә) орыс тілінен еніп, орыс тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *наезд, отъезд, подача, наушник, , ушка, отводка, подводка* және т.б.; б) орыс тілінен еніп, қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған терминдер: *шәпкі, плашкі, перебибкі, ушкі* және т.б.; в) қазақ тіліндегі баламасы бола тұра, қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқасы жарыса қолданылып жүрген терминдер: *звук – дыбыс, подводка – кіріспе, отводка – шегініс, клип – бейнебаян, реклама – жарнама, тема – тақырып* және т.б.; г) гибрид терминдер: *бейнематериал, бейнесюжет, видеобайланыс, бейнекамера, лайвтүсірілім, бейнеинженер* және т.б. [6].

Тілші-ғалымдардың зерттеуінше, аналитикалық тәсілмен жасалған терминдер дара терминдерден әлдеқайда басым, мысалы, еуропа тілдері терминологиясының 95%-ын құрайды. Ғалым С. Исакова зерттеу жұмысында мынадай мәліметтер келтіреді: «Ағылшын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер жалпы терминологияның 70% көлемін құрайтынын дәлелдесе, ал орыс терминологиясындағы тіркесті терминдер терминологиялық қордың 77%-ын құрайды деп көрсетеді. Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады» [7, 20]. Осы ретте қазақ телевизиялық журналистика саласының терминдік тіркестерінің қолданылу жиілігін, жасалу жолдарын, аудару барысындағы кемшіліктердің себептерін, балама нұсқаларын және т.б. айқындау осы мақаламыздың негізгі мақсаты ретінде алынып отыр. Сонымен қатар зерттеу барысында орыс тіліндегі жұрнақты терминдік тіркестерді қазақ тіліне аудару үдерісінде туындайтын лингвистикалық мәселелерді талдау мақаланың өзектілігін айқындайды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Телевизиялық журналистика саласында тіркеспен келетін терминдердің баламасын анықтау барысында синтез, индукция, дедукция, топтастыру, жүйелеу сияқты жалпылингвистикалық әдістермен қатар аудармадағы морфологиялық трансформация, лексикалық және морфологиялық калькалау тәрізді жекелеген әдіс-тәсілдер, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың зерттеу тәсілінің бірі – сауалнама әдісі кеңінен қолданылып, оған қатысушылардың жауаптары жүйеленіп, кесте түрінде топтастырылды.


Зерттеу жұмысында тележурналистика саласындағы тіркеспен келетін терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты жүргізілген анонимді сауалнамаға қатысқандар саны – 105 адам.

Зерттеу тәжірибесінде, алдымен, респонденттердің шығармашылық жұмыс тілі, жынысы, жасы, білімі, аймақ-өңірі сұралды. Сауалнамаға, негізінен, «Қазақ журналистері» (256 адам) және «Түркітілдес журналистер қоры» (175 адам) ресми форум-чатының телевизия мамандары, «100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырған «Ұлттық аударма бюросының» аудармашы-редакторлары, «Хабар», «КТК», «Қазақстан», «Первый канал Евразия» телеарналарының редактор-журналистері, «Ғылым ордасына» қарасты ғылыми институттардың қызметкерлері ерікті түрде қатысты.

Зерттеу жұмысы <https://docs.google.com/forms/d/1> онлайн-сервисінде ұйымдастырылып, 2022 жылғы 8 ақпан мен 30 мамыр аралығында өткізілді /16 апта/.


Сауалнамада қойылған «Шығармашылық топтың жұмыс тілі қандай?» деген сауалға былайша жауап берілген: 91,4%-ы – «қазақ тілі», 7,6%-ы – «орыс тілі», 1%-ы – «аралас». Сауалнаманың бұл тармағы осы мақаланың ғана емес, жалпы қоғамның кез

келген саласындағы аса маңызды мәселе болып саналады. Өйткені қазақтілді аудиторияға контент-материал әзірлейтін сала мамандарының жұмыс тілі – ең негізгі көрсеткіш. Ұлттық терминология мәселелерін тиімді шешу, ұйымдастыру-үйлестіру жұмыстарын жүйелеуде маңызды категория болып саналады (1-сурет).




Сурет 1. Шығармашылық ұжымның жұмыс тілінің көрсеткіші

Сауалнамадағы респонденттердің жас мөлшері жайлы тармақ Кеңес одағы кезеңінде білім алған мамандар мен Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан ұрпақтың тілдік санасы мен көзқарасындағы айырмашылықты айқындау мақсатында қолданылды. Мысалы, 41% – 26-35 жас аралығы; 28,6% – 36-45 жас аралығы; 22,9% – 18-25 жас аралығы; қалғаны 56 жас және одан жоғары екенін байқауға болады (2-сурет).




Сурет 2. Респонденттердің жас мөлшерінің көрсеткіші

Үшінші сауал респонденттердің жынысына қатысты қойылды: 65,7% – әйел адам, ер адамдар үлесі – 34,3% (3-сурет).



Сурет 3. Респонденттердің жынысы бойынша көрсеткіш

Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 94,3%-ы – жоғары білімді болса, орта, орта кәсіптік білімі бар қатысушылардың көрсеткіші аз болды (4-сурет).



Сурет 4. Респонденттердің білімі бойынша көрсеткіш

Сауалнамаға қатысушылардың арасында Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында қызмет етіп жатқан мамандардың саны басымырақ болды. Оның себебі де белгілі: мәдени орта, қоғамдық қызмет және т.с.с. Сондай-ақ Атырау, Қызылорда, Павлодар, Талдықорған, Өскемен қалаларынан қатысушылардың да үлесі жоғары болды (5-сурет).



Сурет 5. Сауалнамаға қатысқан өңірлер көрсеткіші

**Талқылау мен бақылау.** Сауалнамаға қатысушыларға орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламалары беріліп, «Қай нұсқаны қолданасыз?» деген сауал қойылды. Тіркесті терминдердің бекітілген терминдер тізіміндегі, кәсіби сала мамандары қолданып жүрген нұсқаларын көрсетумен қатар өзіндік ұсыныс-пікірлерін білдіру үшін «Өз таңдауыңыз» тармақшасы берілді. Сауалнамада орыс тіліндегі бір сыңары «түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-оә** жалғауы» (ішінара «түбір + **-ск-** жұрнағы + **-ий/-ая/-оә** жалғауы»; «түбір + **-ов-** жұрнағы + **-ый/-ая/-оә** жалғауы», «**-не-** приставкасы + түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-оә** жалғауы») үлгісімен келетін аналитикалық тәсілмен жасалған жиі қолданыстағы тіркесті терминдер мен олардың қазақ тіліндегі баламалары таңдап алынды (1-кесте).


Кесте 1. Сауалнама нәтижелері бойынша қысқаша ақпарат

№	Термин атауы	Қазақ тіліндегі бекітілген нұсқасы	Сауалнама бойынша жиі қолданылатын нұсқа
1	рекламный ролик	Жоқ	жарнама ролигі
2	телевизионная команда	Жоқ	телевизия ұжымы
3	рекламный текст	жарнамалық мәтін	жарнама мәтіні
4	монтажный лист	монтаждау парағы	монтаж парағы
5	сценарный план	Жоқ	сценарий жобасы
6	петличный микрофон	ілгекті микрофон	ілмек микрофон

7	закадровый текст	Жоқ	кадр сыртындағы мәтін
8	эксклюзивный материал	эксклюзивтік материал	эксклюзивті материал
9	эфирное время	эфир уақыты	эфир уақыты
10	дикторский текст	дикторлық мәтін	диктор мәтіні
11	телевизионный рекламный налог	Жоқ	тележарнама салығы
12	призматическая установка	Жоқ	призматикалық қондырғы
13	негативная пленка	негативтік таспа	негатив таспа
14	радиовещательное оборудование	Жоқ	радиохабар тарату қондырғысы
15	видеомонтажный комплекс	Жоқ	бейнемонтаж кешені
16	гибридная сеть	гибридті желі (будандасқан жүйе/желі)	гибридті желі
17	эфирные помехи	эфирлік (эфирдегі) бөгеуілдер	эфирдегі бөгеуілдер
18	нелинейный монтаж	Жоқ	жүйесіз монтаж
19	линейный монтаж	Жоқ	жүйелі монтаж
20	телевизионный эффект	Жоқ	теледидар әсері

Қандай да бір тілдегі терминді екінші тілге аудару үдерісінде аударатын (шығыс) тілдегі сөзжасамдық (терминжасамдық) тілдік бірліктің баламасы ретінде оның аударылатын (кіріс) тілдегі мағынасын беретін тілдік бірлік қолданылады. Мысалы, орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісімен келетін терминдер қазақ тіліне -лық және -лы қосымшасымен аударылып жүр. Төмендегі кестеде орыс тіліндегі аталған үлгімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ретінде қосымшалардың қолданылу шкаласы көрсетілді (2-кесте).

Кесте 2. Орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне аударылуы



Сауалнама нәтижесінде алынған ақпаратқа (1-кесте) лингвистикалық талдау жасау барысында орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне бірнеше нұсқада аударылатыны анықталды. Мысалы, сауалнамадағы «Рекламный текст. Қай нұсқаны қолданасыз?» деген сұраққа респонденттердің 76,2%-ы – «жарнама мәтіні» нұсқасы деп жауап берсе, «жарнамалық мәтін» нұсқасын таңдағандар саны – 20% болды. «Termincom.kz» сайтындағы (<https://termincom.kz>, 2019) «Мәдениет және өнер» саласында «жарнамалық мәтін», ал «Экономика және қаржы» бөлімінде «жарнама мәтіні» деп аударылған. Сауалнама қорытындысы көрсеткеніндей, орыс тілінен калька тәсілімен аударылатын сөздерге жалғанатын өнімді жұрнақтардың бірі -лық/-лік қосымшасын «түсіріп» қолдану құбылысы жиілей бастаған және осыған байланысты уақыттың өтуімен «жарнама мәтін» нұсқасы басымдық алады деп ойлаймыз.

Осы ретте орыс тіліндегі «рекламный текст» тіркесті терминінің баламасы ретінде қазақ тележурналистикасында кеңінен қолданылып жүрген «жарнамалық мәтін», «жарнама

мәтіні» және «жарнама мәтін» деген тіркесті терминдердің анықтамаларына назар аударайық.

«**Рекламный текст (жарнамалық мәтін)** – жарнамалық мәтінді тексеру кезінде көптеген қажетті деталі, фирмалық және тауарлық, кейде жарнамалық ұраны да жасырын ұсталады. Сондықтан да мәтінде қатысушылар жарнама фирмасы мен оның өнімін анықтауы тиіс» [9,261].

«**Текст для рекламы (Рекламный текст)**» – это текст, содержащий рекламную информацию, отличающийся следующими признаками: содержит информацию о физическом или юридическом лице; товарах, идеях и начинаниях; предназначен для определенного круга лиц; это не просто горка эпитетов, приправленных призывами к действию и ограничениями по времени. Хороший рекламный текст сродни гениально написанной картине – будет собирать вокруг себя толпы людей.» (<https://scienceforum.ru/2016/>).

«**Жарнама мәтіні**» тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады» (<https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/>, 2015).

Берілген анықтамаларға сүйенсек, мынадай қорытынды жасауға болады:

**1) Жарнамалық мәтін** – тұтынушы назарына ұсынылмаған, концепция күйінде әзірленген жоба-үлгі. Мұндағы «жарнамалық» сөзі – «жарнама» зат есіміне **-лық** жұрнағын жалғау арқылы жасалған қатыстық сын есім, яғни «жарнамалық мәтін» тіркесті термині «жарнама жасауға арналған мәтін» деген мағына береді.

**2) Жарнама мәтіні** – концепция түрінде жасалған, барлық талаптар мен өтініштер қарастырылған, жұртшылық назарына ұсынылуға дайын мәтін үлгісі. Мұндағы «жарнама» сөзі, бір қарағанда, түбір тұлғалы зат есім сияқты көрінгенімен, мұндағы **-ның** ілік септігінің жалғауы нөлдік формада қолданылып, яғни «жасырын» қолданылып, тәуелдік тұлғалы «мәтіні» зат есімімен изафеттік тәсіл арқылы тіркескенде меншіктік қатынасты білдіреді, яғни «жарнама(-ның) мәтіні» тіркесті термині «жасалатын немесе жасалған жарнаманың мәтіні» деген мағына береді.

**3) Жарнама мәтін** – орфографиялық-стистикалық тексерістен өткен, ел назарына ұсынылған, өнім түріндегі жария мәтін түрі. Мұнда «жарнама» түбір тұлғалы зат есім «мәтін» түбір тұлғалы зат есіммен қабыса байланысып, «жарнама мәтін» тіркесті термині біртұтас атауыштық терминге айналған.

Сондай-ақ тілімізде орыс тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару барысында мұндай «үлгідегі» қолданыстардың жиілегенін айта кеткеніміз жөн. Мысалы, «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылып қолданылу сұлбасы мынадай: «призматикалық қондырғы» → «призмалық қондырғы» → «призмалы қондырғы» → «призма қондырғы» (3-кесте).

Кесте 3. Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылуы




Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасын талдап көрейік: «призматикалық қондырғы» – орыс тіліндегі қосымшаларды қазақ тіліне калька тәсілімен аудару кезінде қателікке жол берілген, орыс тіліндегі сөздің түбірі – «призматика» емес, «призма»; «призмалық қондырғы» – призмаға қатысты (арналған) қондырғы; «призмалы қондырғы» – призмасы бар қондырғы (?); «призма қондырғы» – қондырылған призма (?).

Орыс тіліндегі «призматическая установка» терминіне мынадай анықтама беріледі: «угловая дисперсия спектральной призмы; установка формируемой диспергирующей призмой или призмной системой [12, 220]. Бұл тіркесті терминнің салалық анықтамасына сүйене отырып, орыс тіліндегі «призматическая установка» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «призмалық қондырғы» тіркесті терминін қолданған дұрыс деп санаймыз.

Сөзжасамдық **-лық/-лік** және **-лы/-лі** формантының қатысуымен жасалған терминдік зат және сын атауларына көптеген мысал келтіруге болады: *жарнамалық ролик – жарнама ролигі – жарнама ролик; эксклюзивтік ақпарат – эксклюзивті ақпарат* (4-кесте) және т.б.

Мұндағы орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасын талдап көрейік: «жарнамалық ролик» – қандай да бір затты жарнамалауға арналған ролик; «жарнама ролигі» – жасалатын немесе жасалған жарнаманың ролигі; «жарнама ролик» – жарнама ретінде қолданылатын ролик (біртұтас атауға айналған). Сондай-ақ орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылған баламаларының мағынасы мынадай: «эксклюзивтік ақпарат» – қандай да бір ерекше әсер тудыруға арналған ақпарат; «эксклюзивті ақпарат» – қандай да бір ерекше, айрықша ақпарат; «эксклюзив ақпарат» – қандай да бір ерекше ақпаратқа берілетін біртұтас атау. Демек, орыс тіліндегі «рекламный ролик» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «жарнамалық ролик», «жарнама ролигі», «жарнама ролик», орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «эксклюзивтік ақпарат», «эксклюзивті ақпарат», «эксклюзив ақпарат» тіркесті терминдерінің өз алдына жеке-жеке мағынасы болады.

Кесте 4. Орыс тіліндегі «эксклюзивная информация» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылуы



Жоғарыдағы талдаулардан көріп отырғанымыздай, **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасының термин жасауда өзіндік грамматикалық-семантикалық ерекшеліктері болады. Осы орайда «Қазақ грамматикасы» еңбегінде **-лық/-лік және -лы/-лі**

форманттарының шығу тегі туралы айтылып, **-лық/-лік** жұрнағы **-лық/-лік** аффиксінің қысқартылған тұрпаты, фонетикалық дамуының нәтижесі ретінде қарастырылады [13, 232]. Демек, бұл жұрнақтардың күні бүгінге дейін белгілі бір деңгейде бірінің орнына бірі жұмсалып, терминдердің фонетикалық жарыспалы нұсқасының қалыптасуы әрі тарихи, әрі лингвистикалық-эволюциялық түрткіжайттардың (фактор) әсерінен болуы мүмкін деп тұжырымдауға болады.

Сын атауларын жасайтын **-лық/-лік** және **-лы/-лі** сөзжасамдық форманттарының қатысты және сапалық сын есім жасайтын семантикалық сәйкестігімен қатар өзіндік сөзжасамдық және сөз түрлендіруші қызметінде ерекшеліктер болады. Мәселен, а) **-лық/-лік** аффиксі әрі сын есім, әрі зат есім жасауда ерекше белсенді болса, **-лы/-лі** жұрнағы сын есім ғана жасайды; ә) **-лық/-лік** жұрнағы арқылы жасалған қатыстық сын есім өзі анықтайтын зат атауын өзінің «мағыналық құрамына сыйдырып», зат есімге айналады, мысалы, «адамдық» зат есімі «адамдық қасиет» сөз тіркесінің мағынасын білдіреді; б) **-лы/-лі** жұрнағы негізінен қатыстық сын есім тудырып, заттың белгісін, меншіктілігін, белгілі бір нәрсенің білдіреді; в) **-лық/-лік** және **-лы/-лі** жұрнақтары негізінен зат есімдерге жалғанып, сындық мағына тудырса, **-лық/-лік** жұрнағы сан есімге (*жетілік, төрттік*), **-лы/-лі** жұрнағы модаль сөзге жалғанып (*керекті кісі*) сындық мағына тудырады; г) **-лы/-лі** жұрнағы әсіресе тіл білімі терминдерін жасауда белсенді келеді: *хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, есімді тіркес, етістікті тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, сабақты етістік, шартты рай, дауысты дыбыстар, үнді дауыссыздар, үйірлі мүше, күрделі сөз, қанатты сөз, нүктелі үтір және т.б.*; ғ) **-лық/-лік** қосымшасы мәнмәтіндік туынды формалар (*кітаптық қағаз, көйлектік мата, үйлік ағаш, көрпелік мата, есіктік ағаш*) туғызады; д) **-лы/-лі** қосымшасы кез келген зат есімге жалғанып, иелік, барлық мәнді сөйлеу формаларын (*үйлі болу, кітапты болу, көйлекті болу, телефонды болу, сөмкелі адам, қызыл көйлекті қыз және т.б.*) жасайды; е) **-лы/-лі** қосымшасы алдымен қатыстық сын есімдер жасайды да, мұндай қатыстық сын есімдер тілдің даму процесінде сапалық сындар қатарына өтеді (*салмақты, тәрбиелі, мейірімді, көргенді, білімді*), ал **-лық/-лік** қосымшасы арқылы жасалған қатыстық сын есімдер сапалық сынға өтпейді. Сонымен қатар **-лық/-лік** формантының бірде зат есім тудыру, бірде сын есім тудыру, тіпті, есімше тұлғаларынан кейін де жалғануы оның әмбебаптығын көрсетеді және **-лық/-лік** қосымшасы үстейтін мағына мәнмәтінге байланысты болады [14, 20-22]. Демек, **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасы көпфункционалы қызмет атқарады: түбір сөз бен сөз формасына жалғанып, сөзжасамдық та, грамматикалық та мағыналар тудырады. Қолданыста бұл қосымшалардың сөз түрлендіруші, форма тудырушы қызметі басым келеді. Аталған **-лық/-лік** және **-лы/-лі** қосымшасының терминжасамдық қызметі осы жинақталып көрсетілген ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне **-лау/-леу** қосымшасымен аударылуы деректеріне көңіл бөлінді. Мысалы, орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті термині қазақ тіліне «монтаждау парағы» → «монтаж парағы» → «монтажпарақ» түрінде аударылып қолданылады. Енді осы аударма нұсқаларының мағынасын талдап көрейік: «монтаждау парағы» – қандай да бір материалды монтаждауға арналған парақ; «монтаж парағы» – қандай да бір материалды монтаждау үшін қолданылатын парақ; «монтажпарақ» – қандай да бір материал монтаждалған парақтың атауы. Демек, орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде қолданылып жүрген «монтаждау парағы», «монтаж парағы», «монтажпарақ» тіркесті терминдері өз алдына жеке-жеке мағына береді.

Сонымен қатар орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті термині қазақ тілінде «монтаж беті» және «монтаж парағы» деп аударылып, оларға мынадай екі түрлі анықтама беріледі: «**Монтаж беті** – түсіріліп біткен және тираждауға дайын фильм мазмұнының қысқа әдеби жазбасы. **Монтаж парағы** – прокаттағы фильм көшірмесінің ілеспелі бақылау құжаты. Монтаж парағында алғашқы қатардан соңғы қатарға дейінгі кадрлар бойынша толық және дәл сипаттама болады және белгіленген форма бойынша жасалады: 1) монтаж жоспарының реттік нөмірі; 2) монтаж қатарының сипаттамасы мен мазмұны; 3) нақты сұхбат немесе жазбалардың мазмұны; 4) негізгі дыбыстық мазмұны; 5) монтаж қатарының бір кадрге дейінгі дәлдіктегі метражы; 6) жалпы метраж», – деп берілген [15, 118]. «Іс жүргізу және мұрағат ісі» саласында «монтаждау парағы» деп аударылған (<https://termincom.kz/search/?termin=%>, 2020). Негізі, «list» – тізім, «page» – парақ. Демек, «монтаж тізімі», яғни бейнематериалдардың орналасу тәртібі, реті» дегенді білдіреді. Сауалнама нәтижесі мынадай: 55,2% – «монтаж парағы» деп қолданады, 38,1% – «монтаждау парағы» дегенді белгілеген, қалған пайыздық үлес – «монтаждық парақ», «монтажпарақ», «әрлеу қағазы» нұсқаларына тиесілі.

Кесте 5. Орыс тіліндегі «монтажный лист» тіркесті терминінің қазақ тіліне аударылуы



Жоғарыдағы талданған мысалдардан, бір жағынан, «жарнамалық мәтін» → «жарнама мәтіні» → «жарнама мәтін», «призматикалық қондырғы» → «призмалық қондырғы» → «призмалы қондырғы» → «призма қондырғы», «эксклюзивтік ақпарат» → «эксклюзивті ақпарат», «эксклюзив ақпарат»; «монтаждау парағы» → «монтаж парағы» → «монтажпарақ» қолданыстарының жеке-жеке мағыналық ерекшеліктері болатыны байқалса, екінші жағынан, бұл қолданыстарға тілдік үнем үдерісі әсер ететіні аңғарылады. Мұндай тілдік үнем үдерісі әсіресе матаса байланысқан тіркесті терминдерде байқалады. Мысалы, Жердің серігі → Жер серігі → жерсерік(<https://termincom.kz/sear>, 2015).

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне **-дегі/-дағы** қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ ретінде саналып жүрген қосымшамен аударылу деректері де кездесті. Мысалы, «эфирные помехи» терминдік тіркесі салалық терминологиялық сөздіктерде қазақ тіліне «эфирлік бөгеуілдер» және «эфирдегі бөгеуілдер» терминдік тіркесімен, сондай-ақ «эфирдің бөгеуілдері», «эфир



бөгеуілі» деген нұсқада да аударылады. Біздің ойымызша, «эфирдегі бөгеуілдер» нұсқасы терминдік тіркестің анықтамасына сай келеді деп санаймыз.

Осы жерде **-дегі/-дағы** қосымшасын **-де/-да** жатыс септігінің тұлғасы, ал **-гі/-ғы** функционалды жұрнақ деп бөлетін көзқарасқа [16, 9] қосылатынымызды айта кеткіміз келеді.

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-ск-** жұрнағы + **-ий/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне негізінен **-лық/-лік** қосымшасымен, сондай-ақ **-лы/-лі** жұрнағымен және нөлдік формамен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «дикторский текст» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде «дикторлық мәтін» тіркесі бекітілсе, салалық терминологиялық сөздіктерде «диктор оқитын мәтін», «диктор мәтіні» сөз тіркестері қолданылады. Сондай-ақ «риторический запрос» – «шешендік сұрау», «ритмическая верстка» – «ырғақты верстка», «ромбическая антенна» – «ромбы антенна» және т.б. қолданыстары кездеседі [15].

Зерттеу барысында орыс тіліндегі «**-ов-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің қазақ тіліне әртүрлі тәсілдер арқылы аударылатынын байқадық. Мысалы, «закадровый текст» – «кадр сыртындағы мәтін», «внутрикадровый монтаж» – «кадр ішіндегі монтаждау», «кадришілік монтаждау», «текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат», «световая реклама» – «жарықты жарнама» және т.б.

Сауалнамада орыс тілінде «**не-** приставкасы + түбір + **-н-** жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісімен келетін тіркесті терминдердің қазақ тіліне **-сыз/-сіз** қатыстық сын есім тудырушы жұрнағымен, сөз алдынан келетін **бей-** қосымшасымен, **-лық/-лық** қосымшасынан кейін **емес** болымсыз көмекші етістігінің келуімен аударылатыны анықталды. Мысалы, орыс тіліндегі «нелинейный монтаж» тіркесті термині қазақ тіліне «сызықтық емес монтаж», «бейсызық монтаж», «сызықсыз монтаж», «жүйесіз монтаж» түрінде аударылады.

Сауалнама нәтижесінде орыс тіліндегі тіркесті терминдерді қазақ тіліне аудару үдерісінде олардың құрамындағы жекелеген сөздердің (терминдердің) түрліше аударылатыны анықталды. Мысалы, «гибридная сеть» термині (толық атауы: гибриді талшықты-коаксиалды желі (НФС)) 2019 жылы «гибриді желі» деп бекітілген. «Мәдениет және өнер» саласында «будандасқан жүйе (желі)» деген нұсқасы қолданылады. Дегенмен «гибриді желі» нұсқасы кең қолданыста екені байқалады: 55,2% респондент «гибриді желі» деп қолданады, ал 28,6% қатысушы «гибрид желі» дегенді таңдаған. Сауалнамада сондай-ақ «будандасқан желі», «будан желі», «аралас желі», «гибридік желі» деген ұсыныстар да кездеседі. Бірақ «гибрид» компонентінің қолданысы басым.

Сауалнамада берілген «негативная пленка» терминіне берілген «жағымсыз таспа» нұсқасын көпшілік қолдаған. Мұның себебі осы терминнің: «инверттелген суретті бейнеге кескіннің реңкі мен түсі түпнұсқадағы реңкі пен түсіне қарама-қарсы берілетініне» деген анықтамасына байланысты болса керек. Нәтижеге назар салсақ, 36,2% маман «негатив таспа», 33,3% респондент «негативтік таспа», 23,8% қатысушы «негативті пленка» деп қолданған. Және «негатив үлдір» баламасы да қолданыста бар екенін байқауға болады. Бекітілген терминдер сайтында «негативтік таспа» баламасы бекітілген. Сондай-ақ «таспа» термині «лента» және «пленка» терминінің баламасы ретінде қолданылады. Осы ретте телевизиялық журналистика саласында жарыса қолданылып жүрген «пленка» терминін «үлдір», «лента» терминін «таспа» түрінде біріздендіру керек деп ойлаймыз.

Сонымен қатар «сценарный план» терминдік тіркесі «сценарлық жоба», «сценарий жобасы», «сценарийлік жоба», «жоба сценарийі» сөз тіркесімен; «петличный микрофон» терминдік тіркесі «ілгекті микрофон», «ілгек микрофон», «ілмек микрофон»

сөз тіркесімен; «видеомонтажный комплекс» терминдік тіркесі «бейнемонтаж кешені», «видеомонтаждау кешені», «бейнеқұрастырылым кешені» сөз тіркесімен; «радиовещательное оборудование» терминдік тіркесі «радиохабар таралымы қондырғысы», «радиохабар тарату қондырғысы» сөз тіркесімен; «телевизионный рекламный налог» терминдік тіркесі «тележарнамадан алынатын салық», «тележарнама салығы», «тележарнамалық салық» сөз тіркесімен аударылған.

Сауалнамада берілген орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминінің қазақ тіліндегі баламаларына былайша дауыс берілген: 50,5% – «теледидар әсері», 20% – «телеәсер», 12,4% – «теледидардың эффектісі». Сондай-ақ орыс тіліндегі «телевизионный эффект» тіркесті терминін қазақ тіліне аудару бойынша мынадай ұсыныс-пікір жазылған: «теледидардың әсерлілігі», «теледидар эффектісі», «теледидардың эффектісі», «телевизиялық эффект», «телевизия әсері», «теледидардың әсері», «телеэффект», «спецэффект».

Termincom.kz сайтында «телешотэффект», «эффект телевидения» / «телевидениенің әсері» берілгенімен, «телевизионный эффект» нұсқасы көрсетілмеген. Соңғы кездері кірме сөздерді жартылай калькалау тәсілінде (өзге тілдегі сөз үлгісін жартылай игеру) теле-қосымшасы «телевизия» терминінің қысқартылған формасында, «телеарна, теледидар, телевизия» сөзімен алмастырылып, қолданылып жүр: *телесабақ, телеұжым, телеэффект* және т.б.

**Нәтижелер.** Қазақ тележурналистикасында қолданылып жүрген тіркесті терминдердің «Termincom.kz» электрондық базасында тіркелген, яғни Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен баламаларымен, салалық терминологиялық сөздіктерде берілген аудармаларымен сәйкес келмейтіндігін жоққа шығара алмаймыз. Демек, сала мамандары мен тілші-ғалымдар бірлесе отырып, терминологиялық қорды ұлттық тіл негізінде қалыптастырмай, қазақ тілінің ғылым тіліне айналу әлеуеті ұзақ жылдарға жалғасуы мүмкін. Осы орайда тележурналистика терминологиясын біріздендіру маңыздылығы телевизия саласының көрермен қауымның, яғни көпшіліктің санасына, танымына, ойлауына, тіліне, діліне ықпалымен айқындалады.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, орыс тіліндегі тіркесті терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына қатысты мынадай мәселелер туындайды: 1) бір сөздің бірнеше нұсқада аударылуы («эффект» – «эффект», «әсерлілік», «әсер»; «нелинейный» – «сызықсыз», «жүйесіз», «гибрид» – «будандасқан», «будан», «аралас», «гибридтік», «пленка» – «таспа», «үлдір»; 2) орыс тіліндегі «-н- жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («рекламный текст» – «жарнамалық мәтін»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («линейный монтаж» – «сызықты монтаж»); б) **-лау/-леу** қосымшасымен («монтажный лист» – «монтаждау парағы»); в) **-дегі/-дағы** қосымшасымен («эфирные помехи» – «эфирлік бөгеуілдер»); г) **-дың/-дің** ілік септік тұлғасымен («телевизионный эффект» – «теледидардың әсерлілігі»); ғ) ілік септік тұлғасының нөлдік формада қолданылуымен («рекламный ролик» – «жарнама ролігі»); 3) орыс тіліндегі «-ск- жұрнағы + **-ий/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («дикторский текст» – «дикторлық мәтін»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («ритмическая верстка» – «ырғақты верстка»); б) нөлдік формамен («ромбическая антенна» – «ромбы антенна»); в) сипаттамалы түрде («дикторский текст» – «диктор оқитын мәтін»); 4) орыс тіліндегі «-ов- жұрнағы + **-ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше аударылуы: а) **-лық/-лік** жұрнағымен («текстовая информация» – «мәтіндік ақпарат»); ә) **-лы/-лі** жұрнағымен («световая реклама» – «жарықты жарнама»); б) сипаттамалы түрде («закадровый текст» – «кадр сыртындағы мәтін»); 5) орыс тіліндегі «не- приставкасы + түбір + **-н- жұрнағы + -ый/-ая/-ое** жалғауы» үлгісінің түрліше

аударылуы: а) **-сыз/-сіз** қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «сызықсыз монтаж»); ә) сөз алдынан келетін **бей-** қосымшасымен («нелинейный монтаж» – «бейсызық монтаж»); б) **-лық/-лық** жұрнағынан кейін **емес** болымсыз көмекші етістігінің келуімен («нелинейный монтаж» – «сызықтық емес монтаж»); 6) тіркесті терминнің біріккен сөз ретінде аударылуы («монтажный лист» – «монтажпарақ»); 7) кейбір тіркесті терминдердің қысқарған формада қолданылуы («телевизионный эффект» – «телеэсер»); 8) сондай-ақ қазақ тіліндегі бір сөз орыс тіліндегі бірнеше сөздің баламасы ретінде қолданылады («таспа» – «лента», «пленка»); 9) орыс тіліндегі тіркесті термин қазақ тіліне әртүрлі қосымшалы тіркесті термин түрінде аударылғанда олардың әрқайсысының өзіндік жеке мағынасы болады (жарнамалық мәтін, жарнама мәтіні, жарнама мәтін), бұл қазақ тіліндегі қосымшалардың сөзжасамдық ерекшеліктеріне байланысты деп санаймыз.

### Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. Зерттеулер, оқулық, сөздік. Библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.
2. Schuster, В.М. (2019). «The contribution of terminology research to the understanding of science communication». Science Communication, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton. – P.167-186.
3. Rokhlina, E., Abramova, E. (2019). Problems and prospects of systematization of general scientific terminology. Bulletin of the Cherepovets State University, 2. – P.173-185.
4. Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021. – P.19-23.
5. Жонкешов Б., Үдербаев А. География саласындағы қазақ тілінің баламасыз терминдері / ҚазҰУ Хабаршысы, №4 (180), 2020. – 30-36-бб.
6. Мамбетова М., Таубалдиев М., Құлманов С. Тележурналистика терминдерінің қолданысы: статистикалық талдау және тұжырым // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №2 (65).– Алматы, 2022.
7. Исакова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері. Канд. диссертация. – Алматы, 2002. – 22 б.
8. <https://termincom.kz> электрондық базасы (ҚР)
9. Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.
10. <https://scienceforum.ru/2016/article>, 2016 Ғылым-білім сайты (РФ)
11. <https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/>, 2018 Электрондық портал
12. Фотоника: Словарь терминов /Т.Е. Ковалевская, В.Н. Овсяк, В.М. Белоконов, Е.В. Дегтярев; Под ред. В.Н. Овсяка. – Новосибирск: Издательство СО РАН, 2004. – 342 с.
13. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
14. Жаңабекова А. Функционалды қосымшалар: Монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2016. – 112 б.
15. Massmedia және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов. Massmedia и телекоммуникаций. Kazakh-russian-english references glossary. Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын – Алматы, «Қазақэнциклопедиясы» баспасы, 2015. – 632 б.
16. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі қызметтік морфемалар сөздігі. – Алматы, 1992. – 44 б.

**М.Е. ТАУБАЛДИЕВ**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**С. КУЛМАНОВ**

Институт языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

**ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ СЛОВСОЧЕТАНИЙ  
(на основе материалов казахской тележурналистики)**

**Аннотация.** Целью статьи является определение способов создания наиболее часто употребляемых в казахской телевизионной журналистике терминологических словосочетаний. Анализ лингвистических проблем, возникающих в процессе перевода на казахский язык суффиксальных терминологических элементов в русском языке, определяет актуальность статьи. В статье рассмотрены следующие вопросы, касающиеся эквивалентов русских терминологических словосочетаний в казахском языке: эквивалент или перевод отдельных терминов; суффикс «-н + окончания - ый/-ая/-ое», «-ск - суффикс + окончания - ий/-ая/-ое», «-ов - суффикс + окончания - ый/ - ая/ - ое», «не - приставка + корень + суффикс -н+ окончания -ый/ - ая / - ое» и др. При переводе терминологических словосочетаний на казахский язык с разными окончаниями каждый из них получает свой индивидуальный смысл, а также выявлено несоответствие терминологических словосочетаний, используемых в казахской тележурналистике с эквивалентами, утвержденными Республиканской терминологической комиссией при Правительстве Республики Казахстан, зарегистрированными в электронной базе «Termincom.kz», с переводами, представленными в отраслевых терминологических словарях.

В области телевизионной журналистики при определении эквивалента терминологических словосочетаний наряду с обобщающими методами, такими как синтез, индукция, дедукция, группировка, систематизация, широко использовались отдельные методы и приемы, такие как морфологическая трансформация в переводе, лексическое и морфологическое калькирование, а также один из исследовательских подходов социолингвистики – метод опроса.

В опросе, проводимом в ходе исследования, были выбраны термины, часто используемые в деятельности телевизионных специалистов. В опросе приняли участие представители СМИ республиканского и международного уровня, специалисты «Национального бюро переводов», научные сотрудники научно-исследовательских институтов, занимающиеся переводческой деятельностью.

**Ключевые слова:** термин, терминология, терминообразование, тележурналистика, перевод, унификация, суффикс.

**M.YE.TAUBALDIYEV**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**S.KULMANOV**

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

**PROBLEMS OF TRANSLATION OF TERMINOLOGICAL COMBINATIONS  
(Based on the materials of Kazakh TV journalism)**

**Annotation.** The purpose of the article is to identify ways of creating the most frequently used terminological combinations in Kazakh television journalism, the reasons for their non-compliance when translating them from Russian, alternative options, etc. At the same

time, the analysis of linguistic problems arising in the process of translating suffixal term elements into Kazakh in the Russian language determines the relevance of the article. The article considers the following issues concerning the equivalents of Russian terminological combinations in the Kazakh language: the equivalent or translation of individual terms; suffix "-н + endings -ый/-ая/-ое", "-ск - suffix + endings -ий/-ая/-ое", "-о-в- suffix + endings -ый/-ая/-ое", "не - prefix + root + suffix -н+ endings -ый/-ая/-ое", etc.

When translating terminological combinations into the Kazakh language with different endings, each of them gets its own individual meaning, and the discrepancy between the terminological combinations used in Kazakh TV journalism with equivalents approved by the Republican Terminological Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan, registered in the electronic database, is revealed "Termincom.kz", with translations presented in industry terminology dictionaries. In the field of television journalism, when determining the equivalent of terminological combinations, along with generalizing methods such as synthesis, induction, deduction, grouping, systematization, separate methods and techniques such as morphological transformation in translation, lexical and morphological calculus, as well as one of the research approaches of sociolinguistics- the survey method were widely used.

In the survey conducted during the research, terms often used in the activities of television specialists were selected, representatives of the national and international media, specialists of the National Translation Bureau, researchers of research institutes engaged in translation activities took part in the survey.

**Keywords:** term, terminology, term formation, TV journalism, translation, unification, suffix.

### References

1. Qūrmanbaiūly Ş. Qazaq terminologiasy. Zertteuler, oqulyq, sözdık. Bibliografia. – Almaty: Sardar, 2014. – 928 b.
2. Schuster, B.M. (2019). "The contribution of terminology research to the understanding of science communication". Science Communication, Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, p.167-186.
3. Rokhlina, E., Abramova, E. (2019). Problems and prospects of systematization of general scientific terminology. Bulletin of the Cherepovets State University, 2, p.173-185.
4. Usmonov, Y., Usmonova, Z. (2020). The role and importance of terminology in the study of specialized language. International journal on economics, finance and sustainable development ISSN (Electronic): 2620-6269/ ISSN (printed): 2615-4021, p.19-23.
5. B. Jonkeşov, A. Üderbaev. Geografıa salasındağy qazaq tılınıñ balamasız terminderı/QazQU Habarşysy, №4 (180), 2020, 30-36 b.
6. Mambetova M., Taubaldiev M., Qұлmanov S. Telejurnalıstıka terminderınıñ qoldansy: statıstıkalyq taldau jáne tújyrym /Abylaihan atyndağy QazHQjáneÄTU Habarşysy: «Filologia ğylymdary» seriasy, №2 (65), 2022, p.109-129.
7. İsakova S.S. Qazaq tılındağy psihologıa terminderı. Kand. disertasia. – Almaty, 2002. – 22 b.
8. «Termincom.kz» elektrondyq bazasy.
9. Türsyn Q., Nūsqabaiūly J. Teledidar sözdıgı – telejurnalıst anyqtamalyğy: Oqu qūraly. – Almaty: «Bılım», 2001. – 380 b.
10. Elektrondyq portal: <https://massaget.kz/qaarc/qa/13058/>, 2018.
11. Ğylym-bılım saity (RF): <https://scienceforum.ru/2016/article>, 2016.
12. Fotonika: Slovār terminov /T.E. Kovalevskaiia, V.N. Ovsük, V.M. Belokonev, E.V. Degtärev; Pod red. V.N. Ovsüka. – Novosibirsk: İzdatelstvo SO RAN, 2004. – 342 s.
13. Qazaq gramatikasy. Fonetika, sözjasam, morfologıa, sintaksis. - Astana, 2002. –784 b.
14. Jañabekova A. Funkcionaldy qosymşalar: Monografıa.– Almaty: «Eltanym baspasy», 2016. – 112 bet.
15. Mass media jáne telekommunikasia terminderınıñ qazaqşa-orysşa-ağylşynşa anyqtamalyq

sözdığı. Kazahsko-rusko-angliski spravochnyi slovär terminov Mass media i telekomuniksi. Kazakh-russian-english references glossary Mass media and telecommunications. Redaktor-qūrast.: Q. Tūrsyn – Almaty, «Qazaq ensiklopediasy» baspasy, 2015. – 632 b.

16. Myrzabekov S. Qazaq tilindegi qyzmettik morfemalar sözdığı. – Almaty, 1992. – 44 b.

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Таубалдиев Мейрамбек Ерланұлы** – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Taubaldiyev Meirambek Yerlanuly** – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Сәрсенбай Құлманов** – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының жетекшісі, ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан.

**Сарсенбай Кулманов** – руководитель Центра терминологии Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы, к.ф.н, доцент, Алматы, Казахстан.

**Sarsenbay Kulmanov** – candidate of philological sciences, Head of the Center of Terminology, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhst

Р.Р. ТҰЯҚБАЕВА<sup>1</sup> 

А.Т. АШЕНОВА<sup>2</sup> 

С.Р. ТОЙБЕКОВА<sup>3</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2,3</sup>  
(e-mail: rahmanberdina@mail.ru, <sup>1</sup>altyn24.1975@mail.ru<sup>2</sup>, toibiekova68@mail.ru<sup>3</sup>)

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ФОЛЬКЛОРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Қандай да болмасын халықтың тілі, әдебиеті, мәдениеті туралы түсінік фольклордан бастау алатыны белгілі. Фольклор – халықтың мол әдеби мұрасы, сөз өнері, тұрмыс-тіршілігі, інжу-маржаны болып табылады. Онда ұлттық танымға байланысты ақпараттар, мағлұматтар молынан кездеседі. Бүгінгі жаһандану дәуірінде осы рухани мұраны жастар бойына қалай сіңіре аламыз, қалай жеткізе аламыз деген мәселеде «Қазақ тілі» сабағында фольклор үлгілерін пайдалану – білім алушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, сөз қолданысы шеберлігін арттырып қана қоймай, танымдық тұрғыдан да ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық тәрбие бағытында да зор маңызға ие бола алады.

Мақалада мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқыту үдерісінде қазақ фольклорын қолдану әдістемесі туралы сөз болады. Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым тапсырмаларында фольклорға байланысты ақпараттарды, мәліметтерді қолдану мүмкіндігі практикалық сабақ тұрғысынан талқыланады.

Әр сабақ барысында фольклордың білім алушыларға беретін танымдық, тәрбиелік қырлары туралы айтылады. Фольклордың мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш үлгілеріне арналған тапсырма түрлерін типтік бағдарламадағы тақырыптарға сәйкес түрлендіре отырып қолдануға болады. Себебі, фольклордың бұл үлгілері көлемі жағынан ықшам, айтылуы жағынан ырғақты ұйқасқа құрыла отырып, тіл үйренушінің қабылдауына оңай әрі жеңіл болатындығымен ерекшеленеді. Мақал-мәтелдердің құрылысы жағынан ықшам және қарапайым болғаныменен, құрамындағы сөздік қор, тіл байлығы, білім алушының ой-өрісін дамытып, сөз қолданысын кеңейтуге, мәнерлі сөйлеуге үйретеді.

Фольклордың шағын жанрларының бірі – жұмбақты сабақ барысында қолдану, өкінішке орай, соңғы кезде сирек кездеседі. Сондықтан халық мұрасының бай қазынасын насихаттау мақсатында сабақта жұмбақтарды да көбірек беріп отырған жөн. Жұмбақтар адамның ой-өрісін дамытып, тұспалдап айтылған ойды анықтау барысында білім алушының дүниетанымын кеңейтеді, тілін байытады. «Қазақ тілі» сабағында мәтінге байланысты алынған фольклорлық үлгілер тақырыпты игеруге, оның мазмұнын аша түсуге көмектеседі.

**Түйін сөздер:** фольклор, ауыз әдебиеті, мақал, жұмбақ, сөздік қор.

**Кіріспе.** Бүгінгі білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі – мемлекеттік тілдің орыс тілді аудиторияда оқытылуы. Мемлекет тарапынан ұйымдастырылып жатқан бағдарламалар мен кешенді оқыту курстары бойынша бұл бағытта жұмыстар атқарылып, тәлім-тәрбиелік шаралар іске асырылып келеді. Жоғарғы оқу орындарында арнайы типтік бағдарлама негізінде «Қазақ тілі» сабағы міндетті пән ретінде оқытылып жүр.

Қазіргі жаһандану заманында бүкіл адамзат өмірінде өзгерістер орын алуда. Бұл жаһандану үдерісінде әр ұлт, әр мемлекет өз рухани, мәдени ұлттық құндылықтарын сақ-

тап қалуға тырысады. Ұлттық құндылықтарды сақтаудың басты көрсеткіші, ұлттық коды – тіл. Ұлттың тілі халықтың асыл мұрасы – фольклорлық үлгілерде көрініс тапқан. Даналық ой-өрісі жинақталған фольклорлық үлгілерді мемлекеттік тілді оқыту барысында пайдалану ақпараттық-танымдық білім беріп қана қоймай, ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық бірегейлігімізді бағалауға, сақтауға тәрбиелейді.

Бұл мақалада мемлекеттік тілді оқыту барысында фольклорға байланысты ұсынылып отырған тапсырмалар «Қазақ тілін» оқытудың орта деңгейі (B1) және ортадан жоғары деңгейлеріне (B2-1) арналған типтік бағдарламасы негізіндегі тақырыптар бойынша беріліп отыр. Дегенмен, фольклордың мақал-мәтел, жұмбақ түрлерін қарапайым деңгейдегі (A1) мен базалық деңгейдегі (A2) білім алушыларына да ұсынуға болады. Кейде оқу үдерісінде кездесіп жүргендегідей бір топта әртүрлі деңгейдегі білім алушылар отырады. Соған байланысты тапсырмаларды деңгейге сай іріктеп, тақырыпқа сәйкестендіріп берудің маңызы зор.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тақырыпты зерттеу барысында фольклорға және қазақ тілін оқытуға байланысты әдістемелік еңбектерге сүйене отырып сипаттама, салыстырма әдісі, жинақтау, талдау әдістері негізге алынды.

**Талқылау мен бақылау.** «Тіл әрбір адамға қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [1, 218] Ұлт тілі әр мемлекеттің рухани байлығын сақтайтын, байытатын, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін асыл қазынасы десек, ғасырлар бойы сақталған фольклор үлгілері – мақал-мәтелдер, батырлар жыры, ертегілер, жұмбақ, жаңылтпаштарда ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлт тарихы мен тыныс-тіршілігі көрініс табады. Сондықтан жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сіңіру мақсатында «Қазақ тілі» сабағын оқытуда фольклордың үлгілерін пайдалану тиімді әрі маңызды болар еді. Себебі А.Байтұрсынұлы: «Мәдениет күшейеді – өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді – оқумен. Оқу ісі сабақтас – әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірін сүйейді» дегендей ұлттық даму, ұлттық өсу рухани сабақтастық негізінде жүретіні белгілі [2, 621].

Тіл ғылымының атасы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «Оқушыға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт. Мәтін көрнекілік жағынан, танымдылық жағынан қазақ баласының ұғымына таныс және жақын болуы керек. Тілді оқытуда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мысалдар, қызық әңгімелер маңызды орын алуы қажет. Тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркемсөзге де ден қойғаны дұрыс» [3, 176] – деп, тіл үйрету барысында асыл мұрамызды көрнекілік, танымдық жағынан да пайдалану маңызды екенін сөз етеді. Ғалымның оқыту мәселесіне байланысты ХХ ғасыр басында айтқан бұл пікірі бүгінгі жаһандану кезеңінде де өте өзекті мәселе болып отырғанын байқаймыз.

Мемлекеттік тіл – ұлттық өркендеуіміздің тірегі. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқыту тіл үйретудің бес деңгейлік принципіне негізделі отырып жүргізіледі. Осы басты талапқа сәйкес орыс тілді аудиторияда әр деңгейдің мақсат-міндеттеріне, тіл үйренушілердің қабілеті мен тілдік білім дағдыларының ерекшеліктеріне қарай тілдік материал құрылымы мен мазмұны жағынан таңдап алынады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде негізгі құрал – мәтін болып табылады. Себебі лексика-грамматикалық жаттығулардың көбісі мәтіннен туындайды. Сондықтан мәтінді дұрыс таңдауға баса назар аудару керек. Мәтін берілетін тақырыптың мазмұнын аша алатындай, танымдық-ақпараттық сипаты мол мәліметтерді қамтығаны абзал.

Мәтін қалай таңдалады деген мәселеге келсек, «1. Мәтін мазмұны танымдық



тұрғыдан жазылуы керек; 2. Мәтін мазмұнындағы ақпараттар тіл үйренуші сұранысына, талабына сай болғаны керек; 3. Мәтін мазмұны өзекті мәселелерге құрылғаны жөн, дискуссиялық бағытты өрбітетіндей болуы керек; 4. Мәтін ситуациялы, қызықтылығымен де құнды» болатынын негізге алған жөн [4, 185].

Мәтін таңдаудағы келесі бір өлшем – көлем мәселесі. Осы мәтін таңдау мәселесінде тіл үйретудің деңгейіне қарай көлемін ескеруіміз қажет болады. Бұл тұста сүйенетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты ортадан жоғары В2 деңгейі үшін 200-300 сөзді қамтитын диалог пен монолог болуын міндеттейді. Ал сол тілдік деңгейде таныс емес сөздер жиынтығы 10%- дан аспауы тиіс» [5, 8] делінген.

Мәтін типтік оқу бағдарламасы негізінде берілген тақырыптарға сәйкес таңдалады. Мәтін материалы ретінде ұлттық қазынамыз – фольклорлық мұраны да оқыту үдерісінде пайдалану сабақ мазмұнын ұлттық таным тұрғысынан түрлендіруге, тарихи дәстүріміз, өнеріміз бойынша ұлттық педагогикаға негізделген тәлімдік өнеге беруде маңызы зор. Сонымен қатар қазіргі жаһандану заманында рухани, тарихи, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, дәріптей білетін, бәсекеге қабілетті маман дайындау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Мемлекеттік тілді оқыту барысында фольклор үлгілерін сабақ үдерісінде пайдалануға байланысты ой-пікір, тәжірибемізбен бөліскенді жөн көрдік. Мысалы, ортадан жоғары деңгейдегі (В2-1) тақырыптардың бірі – «Нағыз өнер туындылары уақыт талғамайды» деп аталады. Әрине, өнердің түрі де, атқаратын қызметі де көп екені түсінікті. Бұл туралы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабында көрнекі өнер түрлерін – сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері деп топтастыра келе «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады», қандай өнер түрі болса да сөзбен сөйлеп, суреттеп, таныстыруға болатынын айтып, сөз өнерінің ерекшелігін басқа өнерден жоғары бағалайды [2, 238].

Фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов та «Өнер – өмір туралы пайымдау екені сөзсіз, тарихи дамудың әр кезеңінде өнер адамның өзін қоршаған табиғатты, шындықты қаншалықты меңгергенін көрсетеді. Өнердің барлық түрін, оның ішінде фольклорды да, өмірді көркем танудың бірі деп түсінеміз» деп ой түйеді [6, 19]. Сондықтан «Нағыз өнер туындылары уақыт талғамайды» деген тақырыпқа байланысты сөз өнері ретінде фольклор туралы ақпаратты мәтін материалы ретінде беруге болады.

Мәселен, лексикалық материал ретінде «Фольклор – халықтың рухани мұрасы» мәтінін мамандықтарымен тікелей байланысты болашақта тіл маманы болатын филология факультетінің студенттеріне ғана емес, басқа да мамандықта оқитын білім алушыларға ақпараттық-танымдық тіл материалы ретінде ұсынуға болады. Мысалы:

#### **Фольклор – халықтың рухани мұрасы**

*Әрхалықтың өз рухани, мәдени мұрасы болады. Соның ішіндегі ең маңыздысы – сөз өнері. Оның үш саласы бар:*

- 1) фольклор
- 2) ауыз әдебиеті
- 3) жазба әдебиеті

*«Фольклор» ағылшын тілінен аударғанда «халық даналығы» деген мағынаны береді. Фольклордың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінен айырмашылықтарын айтар болсақ: фольклордың ең басты белгісі – авторы болмайды.*

*Екінші белгісі – әр шығарманың бірнеше нұсқасы бар. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде жеткендіктен түрлі өзгерістерге ұшыраған, түрлі енгізулер қосылған, сөйтіп бірнеше нұсқасы жасалған.*

*Фольклордың үшінші белгісі – оның өте көнелігі, көне діни-нанымдардың сақталуы.*

Төртінші белгісі – адамның күнделікті тіршілігімен тығыз байланыстылығы. Мысалы, бесік жыры, беташар, жар-жар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер күнделікті тұрмыста қолданылады.

Бесінші белгісі – фольклор өте кең, сан-салалы өнер, яғни синкреттік өнер. Мұнда сөз өнері, сахна өнері, музыка өнері т.б. бірнеше өнер бас қосады.


Алтыншы белгісі – фольклорда импровизациялық өнердің белгілері көп сақталған (суырып салма өнеріне айтысты жатқызуға болады).

Ауыз әдебиеті мен фольклордың негізгі ұқсастықтары шығармалар ауызша айтылып, ауызша таралуына байланысты көп нұсқалы болуында. Ал айырмашылықтары ауыз әдебиеті ХҮ ғасырда басталған ақын-жыраулар поэзиясы, шығармалардың авторының бар болуында [6, 19].

Фольклор – адам тіршілігінің өн бойында қолданылып, әр саласында пайдаланылатын дүние. Ол күнделікті тұрмысқа қызмет етеді, қажетті бір істі атқарады. Осындай фольклордың қатарына тұрмыстық қызмет атқаратын гұрыптық және үйлену салтына әрі жерлеу рәсіміне баланысты жанрлар жатады. Мысалы, сәби дүниеге келгенде жүзеге асырылатын әртүрлі ырым-кәделер мен соларға қоса орындалатын гұрыптық өлең-жырлар, тілек-баталар, сол тәрізді сәбиді қырқынан шығару мен бесікке салу кезінде атқарылатын ырымдар, тұсаукесер мен сүндет той кезінде орындалатын кәде-жоралғылар, сөздер мен өлеңдер – бұлар міндетті түрде орындалуға тиісті фольклор. Ол ырымдарсыз, тілек-батасыз аталған шаралар жүзеге асырылмайды. Демек, фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі, тіршіліктің қажетті ісі болып көрінеді. Осы сияқты үйлену салтындағы ырым-кәделер мен жар-жар, сыңсу, беташар секілді жырлар, көңіл айту, жұбату, жерлеу рәсімі бойынша айтылуға тиісті жоқтау – адам өмірінің әр кезеңінде таза тұрмыстық қызмет атқаратын фольклор. Бұларсыз үйлену тойы, жерлеу рәсімі болмайды. Ендеше, фольклор – тұрмыстың өзімен біте қайнап, қосылып кеткен руханият [7, 6-11].

Сабақ барысында мәтінді бастамас бұрын мәтінге дейінгі тапсырмалар ретінде жаңа сөздер, сөз тіркестерімен таныстыруға болады.

**Тапсырма үлгісі. «Өнер» сөзіне қатысты диаграмманы толықтырып, сөйлем құрастырыңыздар.**



Сондай-ақ айтылым әрекетіне алып келетін ойтүрткі сұрақтар бере отырып, жаңа сабаққа жол ашуға болады.

**Тапсырма үлгісі. Тақырыпқа сәйкес сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. «Фольклор» дегеніміз не?
2. Фольклордың қандай түрлерін білесіздер?
3. Күнделікті өмірде фольклорды қолданасыз ба?
4. Фольклордың қандай түрін қолданасыз?

Мәтінмен байланысты тапсырмалардың бастысы –*оқылым* десек, берілген мәтінді білім алушыға оқыта отырып, сұрақ-жауап, мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құру, мәтінді бөліктерге бөлу, мәтін бөліктеріне тақырып беру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтінді мазмұндау т.б. жұмыстарды жүргізуге болады. Ендеше жастарға танымдық, өнегелік тәрбие беретін мәтіндерді белгілі бір тақырыпты игертудегі жаттығу жұмыстары ретінде кеңінен қолдануға болады.

**Тапсырма үлгісі. Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланып, диаграмма бойынша әңгімелеңіздер.**



**Тапсырма үлгісі. Сөйлемдегі көпнүктенің орнын мәтін мазмұнына сәйкес толықтырыңыздар.**

1. Фольклор дегеніміз....2. Ауыз әдебиетінің ерекшеліктері... . 3. Сөз өнерінің түрлері .... 4. Ауыз әдебиеті мен фольклордың негізгі ұқсастықтары... . 5. Фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі, себебі ... .

**Тапсырма үлгісі. Мәтіндегі асты сызылған сөздердің баламасын жазыңыздар.**

*Үлгі:* маңыздысы – негізгісі

**Тапсырма үлгісі. Сөйлемді тақырып бойынша өз ойларыңызбен толықтырыңыздар.**

- 1) Фольклор – ұлт байлығы, өйткені... .
- 2) Меніңше, әр адам фольклорды білу керек, себебі ... .
- 3) Менің ойымша, ..., сондықтан мақал-мәтелді білген дұрыс.

Фольклор жанрының бірі – мақал-мәтелді кез келген мамандықтағы білім алушыларға сабақ барысында жаттығу тапсырмаларында белсенді пайдалануға болады. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады. Мақал-мәтел – сөз байлығын, сөздік қорын, сөз шеберлігін дамытатын тілдік құрал. Тіл үйретудің оқылым, тыңдалым, жазылым және тілдесім әрекетіне байланысты әр алуан тапсырма түрлерін ұсынуға болады.

**Жазылымға байланысты берілетін тапсырма үлгісі:**

**1-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдің жалғасын табыңыздар.**

**1. Отансыз адам – ... 2. Кісі елінде сұлтан болғанша, 3. Оқусыз білім жоқ,**

...

**4. Бақыт кілті -**

*Қажет сөздер: еңбек, білімсіз күнің жоқ, ормансыз бұлбұл, өз еліңде ұлтан бол.*

**2-тапсырма. «Өнер алды – қызыл тіл» мақалына байланысты өз ойыңызды жазыңыздар.**

**3-тапсырма. Төменде берілген мақалдарды аударып, мағынасын түсіндіріңіздер.**

1. Жақсы сөз – жарым ырыс. 2. Басы қатты болса, аяғы тәтті болады. 3. Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды.

1. Добрая слава лучше богатства. 2. Все хорошо, что хорошо кончается. 3. Нет дыма без огня.

**4-тапсырма. Өз мамандығыңызға (кәсібіңізге) байланысты мақал-мәтелдерді жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.**

*Үлгі: 1. Балықшы балықшыны алыстан көреді. 2. Шеберді шеге қағысынан таны.*

**5-тапсырма. Құрамында сын есім, сан есімі бар мақал-мәтелдерді жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.**

*Үлгі: Жеті рет өлшеп, бір рет кес.*

Оқытуда әр түрлі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, аудиовизуалды материалдармен, слайдпен, суреттермен сабақ мазмұнын түрлендіруге болады. Сабақ барысында тіл үйренушінің ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың белсенділігін арттырады.

Тапсырма үлгісі. Төмендегі сілтеме бойынша суреттермен берілген 4-5 мақал-мәтелді тауып жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер. <https://www.zharar.com/kz/makal/37872-suret.html> (Сурет арқылы мақал-мәтелдер) [8]

Сонымен қатар мақалдарда бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру тәсілі жиі кездесетініне мысал келтіре отырып, салыстыру құрылымдарын анықтауға байланысты тапсырмалар беруге болады.

**Тапсырма үлгісі. Мақал-мәтелдерде кездесетін қарама-қарсы ұғымдарды анықтап, 2-3 үлгісін жазыңыздар.**

*Үлгі: 1. Біреу тойып секіреді, біреуі тоңып секіреді.*

Фольклор үлгілерін оқыту барысында цифрлық технологияларды пайдалану сабақ мазмұнын түрлендіре түседі. Жалпы мемлекеттік тілді оқыту барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті сайтында ұсынылған пайдалы сілтемелерді қолдану тиімді болар еді. <https://www.gov.kz/memleket/entities/language?lang=kk> (ҚР БЖҒМ – Комитеттер – Тіл саясаты комитеті – пайдалы сілтемелер) [10].

Осы пайдалы сілтемедегі Emle.kz, Sozdikqor.kz, Tilmedia.kz, Termincom.kz т.б. цифрлық ресурстарды оқу үдерісінде белсенді пайдалануға болады. Пайдалы сілтемелердің тиімді тұсы – «бір терезе» арқылы тіл үйренуге арналған бірнеше ақпараттық, әдістемелік (аудио, бейнесабақтар), танымдық материалдарға, сөздік түрлеріне әр түрлі әлеуметтік желілерге қосылу мүмкіндігінің қолжетімді болуы.

Ғаламтор желісіндегі Microsoft Teams, Zoom, YouTube, Instagram, т.б. көптеген платформаларды білім беру үдерісінде белсенді қолдануға болады. Мысалы фольклордың кең тараған жанрларының бірі – шешендік өнер, бата туралы жан-жақты ақпарат бере отырып, YouTube желісіндегі тұрмыста жиі қолданылатын бата беру түрлерінен, сонымен қатар тарихымыздағы би-шешендердің шешендік өнер үлгілерінен сілтеме беріп, тапсырма орындатуға болады.

**Тапсырма үлгісі. <https://youtu.be/oNkoiSANcck> (Бата беру. Ақ бата) [11] Берілген сілтеме бойынша бата түрімен танысыңыздар.**

**1. Кестені толтырыңыздар.**

Бата қандай тақырыпқа арналған?	Батада қандай жаңа сөз, сөз тіркестері болды?	Бата туралы сіздің пікіріңіз қандай?

**2. Бата түрлерімен танысу және бір бата беру үлгісін жатқа айту (дастарханға берілетін, жолға берілетін бата, т.б.)**

Сондай-ақ айтылым әрекетіне байланысты жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөз,

мақал-мәтелдерді сабақ барысында пайдалану ыңғайлы әрі тиімді болса, ал фольклордың көлемді жанрлары – ертегі, батырлар жыры, ғашықтық жырларына байланысты тапсырмаларды БӨЖ-ге (білім алушының өздік жұмысы) ұсынуға болады.

**Нәтижелер.** «Оқу мен тәрбие – егіз» дегендей мемлекеттік тілді оқыту барысында фольклорлық мұраны қолданудың жас ұрпақ бойында ұлттық болмыс, ұлттық мінезді қалыптастырып, дамытуда үлесі мол. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінде былай дейді: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз» [9, 242] Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, білім беруде ұлттық қазынамыз – фольклор үлгілерін пайдалану жас ұрпақты рухани дамытып қана қоймай, сөз байлығын арттырып, тілдік білімін кеңейтіп, ұлттық мінез, ұлттық тәрбиені қалыптастыруға да септігін тигізеді. Қазақ тілін оқытуда фольклор үлгілерін цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ұсыну – білім алушыны ұлттық құндылықтарға бағыттауда танымдық та, тәрбиелік те жағынан өте маңызды.

**Қорытынды.** Қазіргі жаһандану кезеңінде болашақ ұрпағымыз төл мәдениетінен, әдебиетінен, дәстүрінен, тілінен қол үзіп кетпес үшін білім беру барысында рухани мұра, асыл қазынамыз саналатын фольклорлық шығармаларды мәтін негізіне алып, түрлі тапсырмалар арқылы ұсынып отырған абзал. Мұның өзі білім алушылардың еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлтжандылыққа, рухани дүниесін дамытуға әсерін тигізері сөзсіз.

Қазіргі кездегі әлемдік жаһандану үдерісі жастардан көп тіл білуді, көп білімді талап ететіні белгілі. Заман талабына сай жан-жақты дамыған, көп тіл білетін мәдениетті, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті маман дайындау – бүгінгі күнгі өзекті мәселенің бірі. Сондықтан болашақ ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіру, рухани мұраны қастерлеуге, ана тілін құрметтей білуге тәрбиелеу – басты мақсатымыз.

Қорыта келгенде, заманның ғылыми-техникалық, әлеуметтік, экономикалық даму қарқыны жас ұрпақтың білім, жеке тұлғалық қабілеттерін жан-жақты қалыптастырып, дамытуды талап етеді. Осы талап дейгейінен шығу мақсатында түрлі заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдер арқылы білім берумен қатар ұлттық таным мен болмыс, қазақы дәстүр, тарихымызды дәріптейтін білікті ұрпақ тәрбиелеу – міндетіміз.

### Әдебиеттер

1. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: «PalitraPress», – 2013. – 328 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-АЙ». – 2013. – 640 б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005. – 392 б.
5. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру \ Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚР БҒМ «БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014. – 27 б.
6. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
7. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы) – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 б.
8. <https://www.zharag.com/kz/makal/37872-suret.html> (Сурет арқылы мақал-мәтелдер)
9. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. Жинақ. – Астана: «Елорда», 1998. – 248 б.
10. <https://www.gov.kz/memleket/entities/language?lang=kk> (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті сайтында ұсынылған пайдалы сілтемелер)
11. <https://youtu.be/oNkoiSANcck> (Бата беру. Ақ бата)
12. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика учеб. пособие для студ. лингв. ун-тов и фак. ин.яз. высш. пед. учреждений – М.: Издательский центр «Академия», 2006. – 336 с. ISBN 5-7695-2969-5

**Р.Р.ТУЯКБАЕВА, А.Т.АШЕНОВА, С.Р.ТОЙБЕКОВА**

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

### **ЗНАЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ**

**Аннотация.** Известно, что представление о языке, литературе, культуре какого-либо народа берет свое начало в фольклоре. Фольклор – это богатое литературное наследие народа, искусство слова, быт, жемчужина национальной культуры. В устном народном творчестве много информации, связанной с национальным мировоззрением. В современную эпоху глобализации с помощью фольклора на уроках казахского языка можно не только показать духовное наследие народа, повысить словарный запас, развить мастерство употребления слов, но и расширить кругозор обучающихся, сыграть огромную роль в направлении национального воспитания.

В статье говорится о методике использования казахского фольклора в процессе обучения казахскому языку. Возможность использования упражнений, связанных с фольклором, решения задач речевой деятельности в чтении, аудировании, говорении, письме обсуждается в контексте практического занятия.

В ходе каждого занятия рассказывается о познавательных, воспитательных аспектах, которые фольклор дает обучающимся. Виды работы с пословицами, поговорками, загадками можно использовать, преобразовывая их в соответствии с темами в типовой программе. Это связано с тем, что данные жанры фольклора компактны по объему, просты в произношении и легко воспринимаются изучающими язык. Несмотря на то, что пословицы компактны и просты в построении, они развивают кругозор обучающегося, расширяют его словарный запас, учат выразительной речи.

Загадки, как малые жанры фольклора, в последнее время встречается довольно редко, поэтому в целях популяризации казахского языка на уроке следует давать больше загадок. Загадки тоже развивают мышление человека, расширяют кругозор, повышают словарный запас обучающегося.

Фольклорные жанры, изученные на уроках казахского языка, помогают овладеть темой, раскрыть ее содержание.

**Ключевые слова:** фольклор, устная литература, пословицы, загадки, словарный запас.

**R.R.TUYAKBAYEVA, A.T. ASHENOVA, S.R. TOIBEKOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **THE IMPORTANCE OF FOLKLORE IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE**

**Abstract.** It is known that the concept of the language, literature, and culture of any people originates from folklore and is reflected there. Folklore is a rich literary heritage of the people, the art of words, everyday life, and the pearl of the national culture. It contains a lot of information and information related to the national worldview. In today's era of globalization, the use of folklore models at the «Kazakh language» lesson can not only increase the vocabulary, richness of language, skills of word use, but also expand the cognitive horizons of students and become of great importance in the direction of national education in the question of how we can absorb and convey this spiritual heritage to young people.

The article will talk about the methodology of using Kazakh folklore in the process of teaching the state language – Kazakh. The possibility of using information related to folklore, exercises in reading, listening, pronunciation, and writing tasks of speech activity is discussed from the point of view of practical training.

During each lesson, students are told about the cognitive and educational aspects of folklore. Types of tasks with proverbs, sayings and riddles of folklore patterns can be used by converting them according to the topics in the standard program. This is due to the fact that these patterns of folklore are compact in size, rhythmic in pronunciation, and are easy to perceive by the language learner. The structure of proverbs and sayings is compact and simple, but the vocabulary, richness of the language, develops the student's horizons, expands the use of words, teaches expressive speech.

Unfortunately, the use of riddles, one of the small genres of folklore, has become rare recently. Therefore, in order to promote the rich national heritage it is necessary to give more riddles in the lesson. Riddles develop the human mind, expand the student's worldview, enrich the language in the process of identifying the implied thought.

At the «Kazakh language» lesson folklore samples obtained in connection with the text help to master the topic, reveal its content.

**Keywords:** folklor, oral literature, proverbs, riddles, vocabulary.

### References

1. Alashtin tildik murasy. – Almaty: «Palitra Press». – 2013. – 328 b.
2. Bajtursynuly A. Qazaq til biliminin maseleleri. – Almaty: «Abzal-AJ». – 2013. – 640 b.
3. Bajtursynuly A. Til gylmy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b.
4. Kuzekova Z.S. Ekinshi til retindegi kazak tili okulygy teoriyasynyn lingvistikalık negizderi. – Almaty: TOO «Izdatelstvo LEM», 2005. – 392 b.
5. Qazaq tilin mengerudin kommunikativtik tildik qızirettilikleri. Orta dengei. Zhalpy mengeru \ Qazaqstan respublikasynyn memlekettik standarty. – Astana: QR BGM «Y. Altynsarin atyndagy Ulttyq bilim akademiyasy» memlekettik qazynalyq kasiporny, 2014. – 27 b.
6. Kaskabasov S. Qazaq halyq prozasy. – Almaty: Gylym, 1984. – 272 b.
7. Kaskabasov S. Oioris (Folklor turaly) – Astana: «Astana poligrafıya», 2009. – 320 b.
8. <https://www.zharar.com/kz/makal/37872-suret.html> (Suret arqyly maqal-mätelder)
9. Memlekettik til: büginı men bolaşağy. Jinaq. – Astana: «Elorda», 1998. – 248 b.
10. <https://www.gov.kz/memleket/entities/language?lang=kk> (Qazaqstan Respublikasy Bilım jäne gylym ministrlyğı Til saiasaty komiteti saitynda üsynylğan paidaly siltemeler)
11. <https://youtu.be/oNkoiSANcck> (Bata beru. Aq bata)
12. Gälskova N.D., Gez N.İ. Teoria obuchenia inostrannym iazykam. Lingvodidaktika i metodika ucheb. posobie dlä. ctud. lingv. un-tov i fak. in.iaz. vysş. ped. ucheb. Zavedeni. – M.: İzdatelski sentr «Akademia», 2006. – 336 s. ISDN 5-7695-2969-5

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Тұяқбаева Рабиға Рахманбердіқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доцент м.а., Астана, Қазақстан.

**Тұяқбаева Рабиға Рахманбердиевна** – кандидат филологических наук, и.о.доцента Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Tuyakbaeva Rabiga Rahmanberdievna** – candidate of philological sciences, docent L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Ашенова Алтынай Темірбайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доцент м.а., Астана, Қазақстан.

**Ашенова Алтынай Темирбаевна** – кандидат филологических наук, и.о. доцента Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Ashenova Altynay Temirbaevna** – candidate of philological sciences, docent L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Тойбекова Салтанат Райымбекқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Тойбекова Салтанат Райымбековна** – старший преподаватель Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Toibekova Saltanat Rayimbekkyzy** – senior lecturer L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



З.У. ЧУЛАКОВА<sup>1</sup> 

Е.А. ЖУРАВЛЕВА<sup>2</sup> 

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан  
Бұдан бөлек ғажайып көмекшілер батырдың достары болып қызмет атқарады. Бізге керегі – батырдың жеке өзіне тән және ғажайып достарының атқаратын қызметі. «Ер Төстік» ертегісінде жер астына түскен Төстікке жолда 6 жолдас кезігеді. 6 жолдастың тек өздеріне тән қасиеттері бар және олар қайталанбайды. Ғажайып көмекшілердің басты кейіпкерге кездесуі ертегінің одан әрі шытырманды оқиғаларға толы болуына септігін тигізеді. Темір ханның еліне баратын жол 7 айлық екен, сол жолда бірінші болып епті адам жолығады. «Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім», – дейді әлгі кісі» [3, 23]. Екеуі ары қарай жүріп келе жатса, келесі желаяқ, одан кейін тыңшы Саққұлақ, артынан Таусоғар, содан Көлтауысар, соңында қырағы адам келіп қосылады. Төстік жер астындағы барлық өнерпаздарды жинап алып, Темір ханның еліне жетеді. Әр қосылған өнерпаз – ғажайып көмекші, мифологиялық кейіпкерлер. Әрқайсысының атқаратын қызметі бар. Оқырман алғаш ертегіні оқығанда әр өнерпаздың тектен-текке қосылмағанын, әрқайсысының сыналатын кезі, өзін көрсететін уақыты туатынын сезіп отырады. Ер Төстік батыр десек те, ол жанындағы достарынсыз Темір ханның сынақтарынан өте алмауы анық. Сол себепті, ертегінің функциясы батырға демеу болатын көмекшілерді оқиға желісіне кіргізеді. «Ер Төстіктегі» алты өнерпаздар «Тотан батыр» ертегісінде де кездеседі. Айырмашылығы олар алтау емес, төртеу. Олар: көз байлаушы, желаяқ, мерген, тыңшы. Сонымен, ертегінің ауыздан ауызға жетіп, қайталанып, орнығыуынан халықтың танымы мен мәдени дәстүрі бекиді. Ертегі сюжетінің бір-біріне ұқсау ерекшелігі мен кірігуіндегі заңдылық ондағы ортақ мотивке әкеледі.

**Нәтижелер.** Халықтың жақсы өмірді аңсаған үміті мен жауыздық, зорлықтан аулақ болу идеясы бірлесіп, адам санасында бірте-бірте қиялға айналып, тұрақталған бейнелер туғызған. Ертегідегі ғажайып көмекшілерге зооморфты көмекшілерді жатқыза

аламыз. Олар: ат, Самұрық құс, қасқыр т.б. Осылардан ең жиі кездесетін зооморфтық көмекші – ат. Аттың батырлық ертегілерде атқаратын 3 негізгі функциялары:

- 1) Адамша тіл қатуы және иесіне керекті ақылды айту;
- 2) Кез келген кедергілерден, бөгеттерден өту немесе ұшып өту;
- 3) Жалын, қылын иесіне беріп, тұтатқан кезде жанынан табылу.

«Ер Төстік» ертегісінде Шалқұйрық өзінің жанына иесінен басқа ешкімді жақындатқызбайды: «Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе, барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды.

Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Төстіктен қашпайды. Қолын созса, тырп етпей, жүгенге басын өзі ұсынады» [3, 20]. Бұдан аттың өз иесіне деген адалдығын байқаймыз. «Төстік аулынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

- Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын» [3, 21]. Шалқұйрық иесіне алғаш ақыл айтады. Жалмауыз кемпірді алдап, шауып келе жатқанда, Шалқұйрықтың құйрығына тас оралып, шабысына шыдамаған жер қақ айырылады да, олар жер астына түсіп кетеді.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінде де ат ерекше болады. «Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып қайтыпты, оны құланның сүтімен асырапты.

Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керқұла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп, аң аулапты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты» [3, 55]. Құлынның өз иесі сияқты сағат сайын емес, минут сайын өсуінен-ақ бұл жануардың ғажайып екендігін түсінуге болады. Ғажайып туылған батырдың арғымағы да ғажайып болуы – заңдылық. «Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді» [3, 58]. Керқұла аттың мықтылығы осы тұстардан байқалады. Жетім баланың ата-анасын іздеуге жолға шыққанда Керқұла ат алғаш рет Кендебайға тіл катады: «Таудың етегіне келгенде Керқұла атқа тіл бітеді:

- Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыдан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығындағы алтын кебіс осы хан қызының кебісі. Баяғы қойшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында» [3, 58]. Көмекшілерге қатысты академик С.Қасқабасұлының пікірін келтіре кеткен жөн: «Көмекшілердің ішінен кейіпкердің мінген атын айрықша атап өту қажет. Аттар әрекет етеді, сөйлейді, келешекте болатын оқиғаларды күні бұрын біледі, кеңес береді және қожайынын құтқарады. Бір сөзбен айтқанда, ат – ең сенімді досы әрі жақсы жолдасы және адал көмекшісі» [6, 87]. Батыр өз атына сенеді және атының айтқанын міндетті түрде орындайды. Көмекші ат иесін қиын жағдайда қалдырмайды. Сол үшін көмекші өзінің құйрығының қылын батырға береді.

Керқұла ат өз иесіне: «Әзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің!» – дейді [3, 58]. Батырлық ертегіде кездесетін қыл, жүн, қауырсынның бір талы сияқты заттар магиялық күшке ие болады. Бір тал қыл не қауырсын батыр мен жануарды байланыстырушы көпір қызметін атқарады. Тек байланысты орнату үшін қылды тұтату керек. Ал бұл әрекетті отқа табыну кезінен қалған түсінік деп қабылдауға болады.



«Еркемайдар» ертегісінде аттың ерекше екендігін осы үзіндіден байқаймыз: «Қотыр күрең тайды барып ұстап алады, ұстаған екен, құнан болады, жүгендеген екен, дөнен болады, ерттеп мінген екен, бесті ат болады. Айшылық жерді алты аттайды, жылшылық жерді жеті аттайды. Сол аты Еркемайдарға: «Менің үстімде жүргенде сені мен жауға алдырсам, мен ат болмайын, үстімде жүргенде сен жауға алдырсаң сен жігіт болма», – дейді» [3, 71]. Еркемайдардың өзіне қатысты ғажайып туылуы болмаса, жылдам өсуі сияқты деректер келтірілмейді. Тек оның аты ерекше екендігін түсінгеннен соң, батырдың да елден өзгеше қасиеттері бар екенін түсінеміз. Қотыр күрең тай құнанға батыр ұстаған кезде ғана айналады. Еркемайдардың орнында басқа бөтен адам болса, ат құбылмаушы еді. Демек, ат пен иесі бір-біріне жаратылған.

Ғажайып көмекшілермен қатар ертегілерде тылсымға толы заттар да кездесіп жатады. Заттарға сену, оған магиялық қасиеттерді дарыту тікелей фетишизммен байланысты. Мысалы «Дудар қыз» ертегісінде жалмауыздан қашып келе жатқан Дудар қыз қолындағы заттарды жалмауызға лақтыра бастайды. «Дудар қыздың қалың тарағы бар екен. Тарағын лақтырды, «қалың тоғай бол», – деп тастады. Қалың тоғай болды. Қу аяқ кемпір адасты. Дудар қыз кетті, кемпір тоғайдан шығып тағы қуды, қолында Дудар қыздың, айнасы бар. «Айнасын үлкен дария көл бол» – деп лақтырды. Үлкен дария көл болды» [3, 85]. Кейіпкер өзінің заттарын дұшпанына бөгет қылу мақсатында лақтырады. Көп жағдайда лақтырылған заттың түскен жерінде географиялық нысандар бірден пайда болады. Олар: гидонимдер (өзен, көл), оронимдер (тау, бедер, қырат), топонимдер. Ерекше қасиеті бар ғажайып заттарды лақтырып бөгет жасау, көбінесе славян ертегілерінің сюжетіне тән.

Ғажайып заттар батырды дұшпанынан құтқару үшін керек. «Аламан мен Жоламан» ертегісінде Аламанның әйелі түс көріп, Аламанға жалмауыздың қуып жетуіне аз қалғанын көреді. Баласын оятып, ерекше жүзік береді. «Оның жүзігі ғажайып жүзік екен. Бала жүзікті алып әкесінің кеткен жағына қарай жүреді. Бірнеше күндерден кейін әкесінің қашып жүрген жеріне келеді. Келсе, әкесі бұрынғыдай емес, азып-тозған екен. Жүзікті әкесіне лақтырып жібереді, әкесі қағып алады. Сонда астындағы аты күншілік жерге жетеді» [3, 154]. Жүзіктің басқа жерге апаратын және батырға ерекше күш сыйлайтын қасиеті бар. Сонымен, фольклорлық дамуда нақты шығармалардағы белгілі бір ойдың шығармашылық мүмкіндігі, ұқсастық ресурсы, тоғысуы жүзеге асады. Сөйтіп, бір жанр түріндегі, мәселен, ертегідегі поэтикалық формулалар, мотивтер мен сюжеттердің бірігуі контоминация процесін тудырады.

Ғажайып туу мотиві әлем фольклорында тұрақты түрде жиі кездесетін мотив болғандықтан зерттеушілер назарына жан-жақты қырымен ілінді. Мысал ретінде славян, түркі, т.б. халықтар фольклорынан көптеген зерттеулерді айтуға болады. Классикалық зерттеулермен бірге кейінгі буын ғалымдар да бұл салаға жаңа зерделеулер тұрғысынан баруда. Қырғыз зерттеушісі Г.Т. Жамгырчиева қырғыз эпосындағы архаикалық мотив ретінде бас қаһарманның ғажайып тууы мен жылдам өсуін жаңа парадигмада қарастырады. «манас» эпосындағы қаһармандар бейнесіне тоқталғанда осы ғажайып туу мотивінің танымдық тамырын зерделейді [7, 1267]. Батырлық ертегілердегі ғажайып туу мотиві эпостағы осы мотивпен барынша жақын. Оның себебі – батырлық ертелігер мен эпостардағы бас қаһарманның ерлік болмысын таныту. Тағы бір жас зерттеуші Т.Ю. Хэмлет қиял-ғажайып ертегілеріндегі ғажайып балалар туралы сюжетті салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, бұл сюжеттің өзегінде «ғажайып туу» мотиві» жатқандығына назар аударады [8, 116]. Сондай-ақ башқұрт ертегілеріндегі ғажайып туу мотивін зерттеген Р.Р. Зинурова бұл мотивтің әлем халықтарының мифтік баяндарында, ертегілерінде және эпостарында кеңінен таралғанына ерекше назар аударады. Өз мақаласында дәнді, жемісті, балықты жұту

нәтижесіндегі ғажайып тууды нысанға алады [9, 52]. Осы бағыттағы тағы бір зерттеу – А.Н. Данилованың Олонхо мәтіндеріндегі ғажайып туу мотивін талдаған мақаласы. Бұл мақаласында автор Виллой өңіріндегі яхут олонхосы мәтіндеріндегі ғажайып туу моивтерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, оны дәстүрлі мотив ретінде қарастырып, шамандық әрекеттермен байланысты элементтері бар дер түйіндейді [10, 17].

Бұл зерттеулерді айтудың себебі – ғылымда «ғажайып туу» мотиві қай кезеңде де маңызды болғанын, әлі де болса жаңа сипаттағы зерттеулерге арқау болып, жаңа тұжырымдармен толығу үстінде екеніне назар аударту. Біз де өз мақаламызда қазақ батырлық ертегілеріндегі ғажайып туу мотивінің мәтін құрылымында алар ерекше орнын жаңаша байыптауға мән бердік.

**Қорытынды.** Қазақ фольклорында, оның ішінде батырлық ертегілерде жиі көрініс беретін мотивтің бірі – ғажайып туу мотиві. Бұл мотивтің әлем халықтарының фольклорында тұрақты кездесуі – оның көне әрі тұрақты мотив екендігінің мысалы. Қазақтың батырлық ертегілерінде бұл мотив ерекше сипатмен белсенді әрекет етеді. Ел қорғаны болатын, ел мн жерді зұлым күш иелерінен құтқарып, жаудан қорғайтын бас қаһарман дүниеге ғажайып жағдайда келіп, дене-бітімімен, сыртқы түр-сипатымен, күшімен ерекшеленіп өседі.

«Ғажайып туу» мотивтің түп тамыры сонау алғашқы адамдардың өмір сүрген миф дәуірімен сабақтасып жатыр. Табиғаттың тылсым күштерінің қолдауында болатын ерекше қаһарманның өмірге келуі де сол тылсым күштермен, ғажайып оқиғалармен байланысты түсіндіріледі. Ғажайып жағдайда өмірге келген қаһарман адамзат қауымы, әулеті үшін ерекше миссияны орындайды.

«Ғажайып туу» мотиві батырлық ертегілердің барлығына дерлік тән. «Ғажайып туу» мотивімен бірге ертегінің оқиға желісінде «ғайыптан көмек алу» элементі бар. Яғни бас қаһарман ғажайып көмекшілердің жәрдеміне сүйену арқылы және ғажайып заттармен бірлесе отырып, шытырман оқиғаға толы кезеңді бастан кешіріп, мақсатына жетеді.

Ертегі мәтіндері құрылымындағы «ғажайып туу» мотиві – күллі оқиғаның өзегінде тұрған және қаһарманның жеңісті жолын, айрықша болмысын айғақтайтын негізгі арқау.

### Әдебиеттер

1. Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки; Исторические корни волшебной сказки. – Москва: КоЛибри, Азбука-Аттикус, 2021. – 640 с.
2. Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – 725 с.
3. Бабалар сөзі. Батырлық ертегілер. Жүз томдық. Т.75. – Астана: Фолиант, 2011. – 472 б.
4. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 425 с.
5. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Толық шығармалар жинағы. Т.11. 3-кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 520 б.
6. Қасқабасов С. Таңдамалы. Фольклор иірімдері. Т.4. – Астана: Фолиант, 2017. – 328 б.
7. Жамгырчиева Г.Т. Чудесное рождение и быстрый рост героя как архаический сюжетный мотив в кыргызском эпосе // «Молодой учёный». Филология. № 9 (113). Май, 2016 г. Стр. 1267-1270.
8. Хэмлет Т.Ю. Сюжет волшебной сказки чудесные дети [сус 707; ату 707] в сравнительно-типологическом освещении // Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Москва, 2014. – 226 с.
9. Зинурова Р.Р. Мотив чудесного рождения в башкирской богатырской сказке // Вестник Челябинского государственного университета. 2011. № 11 (226). Филология. Искусствоведение. Выпуск 53. С. 52–55.
10. Данилова А.Н. Мотив чудесного рождения героя в текстах Олонхо Виллойского региона // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017. № 12(78): в 4-х ч. Ч. 4. С. 17-19.

**К.М. БАЙТАНАСОВА, А. Т. КАСЕН**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**А.К. СЕЙПУТАНОВА**

Восточно-Казахстанский университета имени С. Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казахстан.

### **ФУНКЦИЯ МОТИВА «ЧУДЕСНОЕ РОЖДЕНИЯ» В КАЗАХСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ СКАЗКАХ**

**Аннотация.** Каждый жанр в фольклоре зарождается на основе логики, понятий, представлений, характерных для всего народа. Мысли, познания, отраженные в них, объединяют общие явления в системе художественного мышления этого народа. В ходе этого процесса в фольклоре каждого народа появляются национальная самобытность, жизненные принципы, общая система мышления. К жанрам, которые сохраняют в себе все эти характеристики, относятся сказки.

Сказки являются продуктом безграничной фантазии человека, а также ее катализатором. Чудесные явления, порожденные фантазиями – это реальные проявления жизни, о которой мечтает человек. В завязке череды выдуманных событий лежит определенный мотив. Этот мотив имеет устойчивую повторяемость и обуславливает появление нового произведения. В данной статье объектом исследования выступает один из таких устойчивых мотивов – особое появление на свет главного героя. Анализируется символическое значение таких часто повторяющихся в героических сказках мотивов, как «чудесное рождение», «быстрое взросление», «чудесные помощники». Особое внимание уделяется тому, что указанные мотивы являются основной движущей силой в парадигме событий героических сказок. Принимая во внимание устойчивое проявление мифического мышления, мифических мотивов и образов в структуре героических сказок, рассматривается взаимосвязь данных мотивов. На основе результатов анализа сюжетных линий и мифических мотивов героических сказок, сохранившихся в памяти людей с незапамятных времен, сделаны весомые заключения.

**Ключевые слова:** фольклор, героическая сказка, мотив, чудесное рождение, чудесное пространство, чудесные помощники, чудодейственные предметы.

**K.M. BAITANASSOVA, A.T.KASSEN**

Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**A.K. SEYPUTANOVA**

S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

### **THE FUNCTION OF «MIRACULOUS BIRTH» MOTIF IN KAZAKH HEROIC TALES**

**Abstract.** Each genre of folklore grows together with the public concepts and logic. Thoughts and knowledge in the folklore unite common phenomena in the system of people's artistic thinking. In the course of this process a national identity, life principles, and a common system of thinking appear in the folklore of each nation. Fairy tale is the genre that retains these features.

Fairy tales have the ability to help people's endless dreams and imaginations, and lead them with hope. The miraculous phenomena in fairy tales, created by the imagination, are

ordinary life forms that people dreamed of. There is a certain motif that underlay the events from people's imagination. These motifs are constantly repeated and become the basis for the emergence of new works. This article considers the special birth of the main character as one of the constant motifs of fairy tales. The symbolic meaning of the motifs as "Miracle of birth", "Rapid growth", "Miracle helpers" in heroic tales are analyzed. It is emphasized that these motifs are the main driving force of the storyline in heroic tales. The permanent picture of mythical knowledge, mythical motifs and images in the structure of heroic fairy tales and the relationship of motifs are considered. As a result of the analysis of storylines and mythical motifs in heroic tales, preserved in the memory of mankind since ancient times, some important conclusions have been drawn.

**Keywords:** folklore, heroic tales, motif, miraculous birth, miraculous space, miraculous helpers, miraculous objects.

### References

1. Propp V.Ia. Morfologia volshebnoi skazki; Istoricheskie korni volshebnoi skazki. – Moskva: KoLibri, Azbuka-Atikus, 2021. – 640 s.
2. Jirmunskii V. M. Turkskii geroicheski epos. – Leningrad.: Nauka, 1974. – 725s.
3. Babalar sózi. Batyrlyq ertegiler. Júz tomdyq. T.75. – Astana: Foliant, 2011. – 472 b.
4. Propp V.Ia. Fólklor i deistvitelnos. – Moskva: Naýka, 1976. – 425 s.
5. Kondybaı S. Argyqazaq mifologiasy. Tolyq shyǵarmalar jmaǵy. T.11. 3-kvtp. – Almaty: Arys, 2008 – 520 b.
6. Kaskabassov S. Tandamaly. Folklor irimderi. T.4. – Astana: Foliant, 2017. – 328 b.
7. Jamgyrchieva G.T. Chudesnoe rojdenie i bystryi rost geroia kak arhaicheski siuzhetnyi motiv v kyrgyzskom epose // «Molodoi uchenyi». Filologia. № 9 (113). Mai, 2016 g. Str. 1267-1270.
8. Hemlet T.Iu. Siuzhet volshebnoi skazki chudesnye deti [sus 707; atu 707] v sravnitelno-tipologicheskom osveshenii // Disertasiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk. – Moskva, 2014. – 226 s.
9. Zinurova R.R. Motiv chudesnogo rojdenia v bashkirskoi bogatyrskoi skazke // Vestnik Chelabinskogo gosudarstvennogo universiteta. 2011. № 11 (226). Filologia. Iskustvovedenie. Vypusk 53. S. 52–55.
10. Danilova A.N. Motiv chudesnogo rozhdenia geroia v tekstah Olonho Viluiskogo regiona // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota, 2017. № 12 (78): v 4-h ch. Ch. 4. C. 17-19.

#### Авторлар жайлы мәлімет:

**Байтанасова Қарлығаш Медетқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Байтанасова Қарлығаш Медетовна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Baitanasova Karlygash Medetovna** – Candidate of Philology, Professor. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Қасен Аяужан Толегеновна** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Қасен Аяужан Толегеновна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Kassen Ayauzhan Tolegenovna** – doctoral student of Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Сейпутанова Айымгуль Камзановна** – филология ғылымдарының кандидаты,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің доценті, Өскемен, Қазақстан.

**Сейпутанова Айымгуль Камзановна** – кандидат филологических наук, доцент Восточно-Казакстанского университета имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

**Seiputanova Ayumgul Kamzanovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan.

А.Е. ЕРЛАНОВА «Торайғыров университеті» Павлодар, Қазақстан  
(e-mail: ayaulym\_erlankyzy@mail.ru)

## МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ақын, философ, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ағартушылық бағыттағы өлеңдерінің поэтикасы қарастырылады. Мақаланың мақсаты – ақынның ағартушылық бағыттағы шығармаларының поэтикасын басқа шығармаларынан бөліп алып, заман талабына сай жаңаша зерделеу, ақынның ағартушылық қырын дәріптеу. Себебі қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан Мәшһүр Жүсіптің шығармалары жанрлық тұрғыдан жіктеліп, зерттелініп, бірсыпыра ғылыми жұмыстар жазылса да ағартушылық бағыттағы туындыларын жеке қарастырудың өзектілігі жойылмады. Бұл бағыттағы шығармалары діни тақырыптағы, үгіт насихат тақырыбындағы, әлеуметтік сарындағы өлеңдермен бірге қарастырылып келді. Ақынның ағартушылық бағыттағы еңбектерінің әдебиетте өзіндік маңызы бар екенін байқауға болады.

Зерттеудің ғылыми, практикалық маңызы бар. «Мәшһүртану» курстарында, XX ғасыр басындағы әдебиет, өлкетану сабағында және жалпы әдебиет теориясы пәнінде де қолдануға болады.

Мәшһүр Жүсіп әдебиет жанрының барлық саласында қалам тербеген ақын. Өлеңдерден бастау алып, салмағы ауыр эпикалық туындыларға да назар аударған ол соңынан ірі-ірі дастандар қалдырды. Соңынан жиырма томдық мұра қалдырған ғұламаның еңбектері мұнымен шектелмей, прозаға да ұласады. Жазбагердің мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп тұрған мақалалары мен хаттарының яғни публицистикалық еңбектерінің өзі бір төбе. Ақынның шығармашылығы жөнінде бірнеше ғылыми жұмыстар жазылса да, әлі толық зерттелінді дей алмаймыз. Себебі қалдырған мұрасының қамтитын тақырып аумағы өте кең, жанрлық сипаты күрделі, көркемдік ерекшеліктерге бай, шығыс түркі әдебиетімен терең үндестігі, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы қызметі, шығармаларының негізгі идеясы, шығармашылығының зерттелінуі көп жылдық тынымсыз еңбекті талап етеді. Осынау мол мұра иесінің бүгінгі ғылыми жұмысымызға арқау болған туындысы үлкен еңбектің бір тамшысы іспеттес.

XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай көрінісі сол дәуір өкілдерінің шығармаларына арқау болды. Себебі әдебиет – өмір айнасы. Бостандыққа, азаттыққа ұмтылу, халықты оқу-өнерге, білім-ғылымға шақыру, саяси-әлеуметтік келеңсіздіктер ұлтына жаны ашыған, жүрегі ұлтым деп соққан әр ұлт жанашырының көкейтесті мәселесіне айналды. Халықты осы келеңсіздіктен құтылудың бірден бір жолы оқу білімде деген идеяны ұстанды. Халықты «оятуға» тырысты. Осы тұстан XX ғасыр басындағы әдебиеті азаттық ұмтылу, халықты «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз қажет. Осы мәселелерден Мәшһүр Жүсіп те қалыс қалған жоқ.

**Түйін сөздер:** ағартушы-демократтық бағыт, діни-ағартушылық бағыт, поэтика, әдебиет теориясы, XX ғасыр басындағы әдебиет, сыншылдық сипат.

**Кіріспе.** Қазақ даласында орын алған әрбір оқиға, әрбір өзгеріс әдебиет пен тарихта өшпес із қалдырып отырды. Бұл заңды да. Өйткені әдебиет пен тарихтың, мәдениеттің арасында бірін бірі байланыстыратын, көзге көрінбес бір тылсым дүние бар.

Сондықтан да әр әдеби туындыда тарих іздері сайрап жатқанын көре аламыз. Сондай халық санасында ерекше сақталған кезеңдердің бірі – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Себебі өткен ғасырдың басында қазақ елінің экономикалық, саяси әлеуметтік жағдайында үлкен өзгерістер орын алды. Өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, теміржол жүйесінің салына бастауы қазақ даласына өзімен бірге жаңа арнаның, жаңа өмірдің легін әкеле бастады. Осы кезде қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі пайда болды. Ресейде орын алып жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне әсерін тигізіп жатты. Осы қақтығыстарды шешу үшін патша үкіметі Ресейдің жерсіз шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыра бастады. Бұл саясат қазақтың шұрайлы жерлерінің бәрі патша үкіметінің қарамағына айналғанын білдірді. Сөйтіп қазақ жеріне қоныс аударушылардың жаңа легі пайда болды.

ХХ ғасыр тарихқа жаңа дәуірдің жаршысы ретінде енді. Орын алған жағдайлардың өзгерістеріне сай әдебиет те сол өзгерістермен үндесіп, көкейтесті мәселелерді қозғап, қоғамдық өмірдің көркем суретін жасауға тырысты. Дәл осы тұста қарапайым халықты оқыту үшін оқу-ағарту ісі қолға алына бастады. Кітап бастыру, газет-журналдар шығару ісі жолға қойылды. Ұлы ақын Абайдың дәстүрін жалғастырушы ізбасарлары Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Міржақып, Мағжандар сахнаға шықты. Бұл ірі тұлғалардың басын біріктірген алып күш біреу ғана болды. Ол – ұйқыда жатқан қалың елді ояту. Қай қаламгердің шығармасын алсаңыз да бәрінде ортақ тақырып ретінде ұлт қамы тұрды. Олар өз ұлтының басқа мәдениеті дамыған елдер қатарында болғанын қалап, өз шама-шарқынша осы ойларын туындыларында жеткізуге тырысты. Әдебиеттің ұлттық рухын көтеруге тырысты.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, ХХ ғасыр басындағы әдебиетке тән ерекшелік ретінде азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, халықты «ояту» болғанын айта аламыз [1].

Осы жолда бірі ұлт болып бірігіп, азаттыққа, бостандыққа ұмтылайық деп күрессе, екіншісі оқу-ағарту бағытында көп еңбек сіңірді. ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеушілер оқу-ағарту бағытындағы қаламгерлерді ағартушы-демократтар және діни-ағартушылар деп қарастырды. Яғни оқу-ағарту мәселесі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің басты тақырыптарының бірі болды.

Мұсылмандық идеяны көтерген діни тақырыптағы туындылар қатары көбейді. Патша үкіметінің қазақ жеріне крестьяндарды қоныстандыруы, рухани тонау, шоқындыру шараларының молынан таралуы діни-ағартушы бағыттағы жазушылардың шығармасына әсер етті. Қоғамда орын алып жатқан жағдайларды діни ағымдағы оймен байланыстырып жазды. Бұл бағыттағы қаламгерлер діни сауатты болды, шығыс әдебиетімен сусындап өсті. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерді, діни тақырыптағы шығармаларға қанық, көзі ашық, оқыған азаматтар болды. Осы топтағы ақын-жазушылардың бір қыры олардың кітап шығару ісіне айрықша мән бергендіктері және ел аузындағы халық ауыз әдебиетін жинап бастыруы. Адамдық қасиеттерді қалыптастыруды дінмен байланыстыруы олардың басқа бағыттардан пікірлерінің алшақтығын көрсетеді. Сондай-ақ олар жастарды, халықты оқу білімге, ғылымға шақыра отырып, жақсы мен жаманның, білім мен білімсіздіктің аражігін ажыратып, барлық адамгершілік игі қасиеттерді діни ұғым-таныммен байланыстырды.

Десек те олар тек діни уағыз жолында қалып қойған жоқ, қоғамдық өмірдегі келеңсіз жағдайларды, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсініп сынай білді. «Халықты ояту» идеясын діни бағыттағы қаламгерлер адамгершілік қасиеттермен, діни іліммен байланыстырды. Осылайша Абай салған сыншыл реализм жолынан алыстамады, ХХ ғасыр басындағы әдебиет кезеңінде өз іздерін қалдырды. Солардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының нысаны ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жиырма томдық шығармалар жинағы қолданылды. Ақынның өзінің төл туындылары енген томдарынан ағартушылық бағытта жазылған шығармалары іріктелініп

алынды. Мақаладағы пікірлерді дәлелдеу ғылыми дереккөздерге сүйене отырып жүргізілді. XX ғасыр басындағы әдебиетті зерттеушілер М. Әуезов, Б. Кенжебаев, З. Бисенғалиев, Ө. Әбдиманұлы еңбектері және Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың да еңбектері сараланды. Жұмысты жазу барысында материалды жинау, мәтінді талдау, салыстыру, герменевтикалық т.б. әдістер қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Мәшһүр Жүсіп – өзі өмір сүрген замананың барлық өзекті мәселелерін, қоғамдық келеңсіздіктерді, бүкіл қазақ халқының тұрмыс тіршілігін шығармаларында кеңірек тоқталып, жан жақты қырынан ашып көрсете білген жазбагер. Әрбір туындысында өткен ғасырдың басындағы оқиғалардың үнін естуге болады. Сондай өлеңдерінің бір тобы діни ағартушылық бағытта жазылды. Қоғамда орын алып жатқан олқылықтарды терең түсінген азаттыққа, бостандыққа үгіттеген өлеңдері осыған дәлел бола алады. Үгіт, насихат сарынында жазылса да бұл өлеңдердің астарында халықты оқу-білімге, өнерге шақырғанын аңғаруға болады. Осы өлеңдерінің табиғатынан көркемдік ерекшеліктерді молынан байқай аламыз.

Ағартушылық бағытта жазылған туындыларына мына шығармаларын жатқыза аламыз: «Қара өлең», «Адам екі түрлі», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Жеткізер құдай, пенде қылса талап», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол» [2]. Публицистикасының тақырыптары да әртүрлі: оқу-ағарту, әлеуметтік мәселелер, қоғамдық жағдай т.б. Осы қатарға «Ғылым-білім» еңбегін жатқызамыз.

«Қара өлең» өлеңінде:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,  
Айырылмай жақсы менен жаман парқы.  
Баласы дін мұсылман, ояныңдар,  
Көрінер өз пайдасы, жұрттың нарқы! [3].

Осы өлең жолдарынан бірнеше мәселенің қозғалғанын аңғарамыз. «Тәтті ұйқы», «жақсы менен жаман парқы», «ояныңдар» деген сөз қолданыстары ақынның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі. Зерделесек, ғұламаның ұлттық өрнекті шебер пайдаланғанын көреміз. Жастайынан білім, ғылымға сусындап өскен, шығыс әдебиетін көп оқығаны, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауы өз кезегінде ақынның өнеріне, дарынына да әсерін тигізді. «Тәтті ұйқы» қолданымы сол кезеңдегі адамдарға түсінікті, жақын ұғым. Профессор Қуандық Пазылұлы ғылыми еңбегінде Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың шығармашылығын салыстыра зерттеп, «ұйқы», «ұйықтау» сөздерін пайдалану ерекшеліктерін атап өтеді. Екі ақынның да сөз зергері екенін, балама қолданудағы үндестіктері деп атап өтеді [4,81]. Абайда да осы қолданыстар бар. Бұл мысалда «ұйықтау» бүкіл халықтың қараңғылығын, көнбістігін білдіріп тұр. Ал «ояныңдар» сөз қолданысы арқылы «ұйықтауға» қарама қарсы қолданып, халықтың ойын өзгертуге, көзін ашуға, білімге шақыруға тырысады. Бұдан басқа:

Бәрі де бірауызды болып жатыр,  
Оянып бізден басқа халықтың бәрі [3].  
...Оянып бір басыңды көтерсейші,  
Шырадай бір ашылсын көзім жанып [3].

деген өлең жолдары да бар. Қарап отырсақ, басқа халықтың бәрі оянды дегенде олардың сана сезімі, білімі жоғары екенін байқатады. Екінші жолдарда ұйқыдан оянып, күрес жолына түскендерін қалайды. Көріп отырғанымыздай бір оқығаннан үгіт, насихат сарынында көрінгенімен, астарында халықты оқуға, білімге, өнерге шақырғанын байқаймыз. Осы қолданыстарды жақсы менен жаманның парқын ажырата білу өрнектерімен қатар алып ұлттық нақышпен байланыстырады.

Сөзді ауыспалы мағынада қолдану, ұлттық нақышпен әдемі үйлестіру, өзіндік сөз қолданыстарын ұтымды айтумен халықты «ояту» ақынның ағартушылық мақсатын



танытады.

Осы ойын әрі қарай дамыта түсіп былай дейді:

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,

Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.

Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,

Табылар мұңлы-зарлы саған серік [3].

Бұл өлеңінде жұртты еңбек етіп, бостандыққа ұмтылуға ғана шақырып қоймай, осы тығырықтан шығатын бірден бір жол оқу, білімде деген қағидасын ашып айтады.

Алғашқы екі жолдағы сөз қолданыстарын қазіргі заманда да өмірлік ұстаным ретінде алып қарауға болады. Өлеңнің дүниеге келгенінен бір ғасырдай уақыт өтсе де әлі күнге шейін өзінің маңыздылығын, өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі техниканың, ғаламтордың заманында бұл өлең жолдарын халықты, әсіресе жастарды оқуға, білімге, ғылымға шақырудың ұраны ретінде қолдансақ артық етпес. Өміршең дүниелер ешқашан өшпейді. Бірнеше ғасыр бұрын өзекті болды, қазір де өзекті және болашақта да бұл сөз қолданыстарының өзекті боларына күмәніміз жоқ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын зерттеген ғалымдардың бірі Бейсембай Кенжебаев «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» еңбегінде ақынды ағартушы демократ бағыттағы жазушылардың бірі ретінде қарастырады. 1907 жылы жарық көрген үш кітабына да жеке-жеке тоқталып, Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басты тақырыптары ретінде әлеуметтік келеңсіздіктерді, би болыстарды сынау, халықты ояту, өнер білімге, мәдениеті жоғары ел болуға, ғылымға шақыруын жоғары бағалайды [5].

Мәшһүрдің ағартушылық бағыттағы ақын екенін өзінің өмірбаянын жырлаған өлеңдерінен көре аламыз. Жастайынан оқу-білімге сусындап өскен ол «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы» өлеңінде былай дейді:

...Кеудеге он бес жаста ғылым толды

Толыммен тасып кетіп өлең қонды [3].

Ақындық өнерін қашан қонғандығын жырлай отыра ғылымнан да хабары ерте болғанын көрсетеді.

Өзі де ғылымнан хабардар, кітап бастыру ісімен айналысқан, медресені аяқтаған соң бала оқытумен айналысқан шайыр ел өмірінде ғылым мен білімнің алатын орнын, маңызын, пайдасын терең түсініп пайымдайды. «Қалмады ойлай ойлай басымда ми» атты өлеңінде сол ойын былай дәлелдейді:

Ғылым біл, жұмыс істе, оған серік,

Жарлығы мал, бұл ғылым байға көрік!

Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,

Өлік біл, оны жан деп білме тірік! [3].

Бұл өлең жолдарында ғылымның адамды көркейтер ерекше күш, өзін сыйлы ететін, қадір қасиетін танытатын ғажап дүние екенін, ғылымға бет бұрса рухани тұрғыдан байитынын тілге тиек етеді. Тіпті білімсіз, өнерсіздерді өліктердің қатарына қосуға болады деп ұйқыдан ояту үшін нық-нық сөйлейді.

Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,

Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы [3] –

деп өнерге жақын болу керектігін айтады. Бұл тұста ақын бейнелеу тәсілдерін сәтті қолданған. «Жастықтың ауылы» деталін қазақтың болмысымен байланыстырып яғни көшпенді қазақтың өмірінде ауылдың тез жиналып, тез қоныс аударуын жастық шақтың тез өтіп кетуімен салыстырған. Бұдан басқа осы өлеңде ақын шығармашылығына тән ерекшеліктердің бірі – дерексізді заттандыру жиі қолданылады.

Мәшһүрдің бұл ойын Абайдан да табамыз:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Ғылым білімнің бір орнында тұрақтамай үнемі дамып отыратыны, ғылым-білімді ерте іздеп еңбектенбей кеш қалған соң қанша тырыссаң да жете алмайтыныңды басты назарға алады. Тауы шағылып, өкінбес үшін жастықтың қайратымен өнер, білім, ғылым іздеуге шақырады. Екі ғұламаның өлеңдерінен үндестікті, дәстүр жалғастығының байланысын көреміз.

Мәшһүр Жүсіп – негізінен діни ағартушы ақын. Шығармаларындағы басты желі діни таным төңірегінде өрбіп отырады. Діни таным ақынның әрбір азатшылдық, тәуелсіздік ұғымдарына тірек қызметін атқарады. Күрес жолында да, «ұйқыдан ояну» жолында да әрбір күресті, бірлікті діни таныммен, Аллаға деген сүйіспеншілікпен байланыстырып отырады. Яғни діни-ағартушылық идеясы мен азатшылдық идеясы бір бірімен тығыз байланысты. Бүкіл шығармашылығының өн бойынан желі боп тарап отырады. Мысалы «Адам екі түрлі» өлеңінде:

Ораза, намаз пенденің міндетті ісі,  
Құтылар қарызынан қылған кісі.  
Жалғанда артық сауап қайыр екен,  
Қылуға қайыр, ықсан жетсе күші! [6]

Діни сауаты бар адамның көзі ашық, көкірегі ояу, сауап алатын мүмкіндігі жоғары екенін дәріптейді. Бұл өлеңінің мазмұнында адамның бойынан табылатын жақсы, жаман мінездерді тізіп жақсылық, қайырымдылық жасау, қайырсыз, зарарлы болудың неге әкеліп соқтыратыны баяндалады. Әр нәрсенің өзіне лайық бағамы, теңі бар деген қағиданы алған тартып иманның он шартын атап өтеді. Түйінінде қайырымдылық жасаудан асқан жақсылық деген түйеді. Осылайша мұсылман қауымға діни сауаттылықтың пайдасы мен маңызын түсіндіріп өтеді.

Бұдан басқа да бірнеше шығармаларында ақын діни сауаттылық бағытын үгіт-насихатпен, азатшылдық идеясымен өрбітіп отырады. Мысал жанрында да осы бағыттағы шығармалары көп. «Жарты нан хикаясы» атты мысал өлеңі осы ойымызға дәлел бола алады. Ислам дінінің бес парызын дәріптейтін «Бес парыз» деген өлеңі бар, бірнеше қиссалары бар. Мәшһүр шығармашылығының арқауындағы дін оның әрбір айтар ойына тірек қызметін атқарады. Осы жайында Ө.Әбдиманұлы былай дейді: «Діни бағыттағы ақын-жазушылар да орыстың езгісінде езіліп, діни мен имандылығынан айырылып, «ұйқышыл» халде күн кешкен қазақты оятуға тырысты. Бұлар негізінен идея ретінде діни ағартуды ұстанды» [7].

«Шайтанның саудасы», Сәйгелді, сона, бөгелек» туындыларында да Мәшһүр Жүсіп діни ағартушылық шеңберінен алыстамай, қайта сол бағытты, тенденцияны жалғыстыра түскенін аңғарамыз.

Адам бойындағы адамгершілікке жат қылықтардан жиіркеніп, оларды ашына суреттеген өлеңдері де бар. «Жалқаулар туралы айтқаны», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол», «Жеткізер, құдай, пенде, қылса талап» және т.б. өлеңдерінен осы сипат айқын аңғарылады. Бұл шығармаларында:

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,  
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.  
Айрылса оқу оқып, білгенінен,

Біз оны деп айтамыз, «Арамтамақ!» – деп жастарды ерінбей еңбек етуге, оқу, білімге құштар болып сауаттарын ашуға, сол арқылы алға ұмтылуды үгіттейді [8].

Ақынның халықты оқуға, білімге шақырған идеясы өлеңдерінің мазмұнынан ғана

емес, сондай ақ түрлі көркемдеуіш құралдарынан да көрініс табады. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру, деталь, баламаларды қолданудан басқа символдардың маңызы бар. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінің жанрлық стильдік ерекшелігіне байланысты ғылыми еңбек жазған профессор М.Н.Баратова бұлардың қатарына «нұр», «күн», «түн», «қараңғы», «жарық» сөздерін жатқызады [9, 89]. Мысалы:

Қамалып өмір бойы қалған түнге,  
Қадалып қарай қарай ай мен күнге.  
Жарығы бұл дүниенің тайып кетсе,  
Қараңғы, бір қонарсың, шамсыз қосқа.

Бұл ақынның шығармашылығының алуан түрлілігін көрсетеді. Қай тақырыпта өлең жазса да әрқайсысының астарында бір мағына бар. Үгіт-насихат өлеңдерінде діни ағартушылық бағыты көрінсе, мысал өлеңдерінен де осыны байқауға болады. Тәлім-тәрбие, азатшылдық идея да көрініс береді. Әр туындысынан оқырман өзіне қажетін ала алады. Әрбір тақырыпты бір-бірімен әдемі келістіре білген ақын шығармаларын бейнелеу құралдарымен де байытқан. Жоғарыда келтірілген үзінділер осы пікірімізге дәлел.

**Нәтижелер.** Сонымен Мәшһүр Жүсіп – әдебиет әлемінде өзіндік орнын белгілеген ірі діни ағартушы ақын [10]. Бұл пікірімізді өлеңдерінің болмысымен, табиғатымен, ақынның өзіне шеберлігімен дәлелдей аламыз. Діни ағартушылық бағыт – жазбагердің көп томдық шығармаларының ішінен жеке, дара бөлек тұратын тақырып. Арасында қазіргі күнде де өмірлік ұстанымға айнала алатын жеке авторлық сөз қолданыстары, мазмұнымен оқырманы баурап алатын мағыналы өлеңдері, басқа тақырыпты қозғай отыра діни-ағартушылық бағытты ұтымды байланыстырып қолданған шеберліктері қазіргі заманда да өзекті әрі қызықты. Құндылығын жоғалтпады.

**Қорытынды.** Мәшһүр Жүсіп – діни ағартушы ақын. Бұл ерекшелікті біз ақынның кез келген туындысының желісінен таба аламыз. Ол өзінің діни танымдық ойларын шығармашылығында орын алған басқа тақырыптардың негізімен ұштастырып, байланыстыра білген.

Шығармашылығының негізгі тақырыптық желісі халық, ел жұрт. Осыдан келіп басқа тақырыптары шығады. Нені жырласа да, нені айтса да шығармасының өзегінде халық тұрды. Діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларына тән белгілері – оның діни дүниетанымы, түсінігі бүкіл шығармашылығының өн бойынан айқын көрініс беруі.

### Әдебиеттер

1. Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., XX ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017.
2. Әміренов Ә.Д. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. / Ә.Д. Әміренов. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 175 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО»ҒӨФ, 2004. – 535 б.
4. Мәшһүр Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Қазақстан. Павлодар. Павлодар университеті баспасы, 1999. – 384 б.
5. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Қазақ мемлекет баспасы. Алматы, 1958
6. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар қ.: «ЭКО»ҒӨФ, 2003. – 436 б.
7. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900-1940): оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 156 б.
8. Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы: оқу құралы. / С.Н.Сүтжанов. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – Изд.2-е, доп. – 99 б.
9. Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құрал. – Павлодар: Brandprint, 2010. – 256 б.
10. Қонарбаев А. Ағартушы ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2014. – 80 б.

А.Е. ЕРЛАНОВА

«Торайгыров университет», Павлодар, Казахстан

## ПОЭТИКА ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ СТИХОВ МАШХУРА ЖУСУПА

**Аннотация.** В данной статье рассматривается поэтика просветительских стихов поэта, философа, фольклориста Машхура Жусупа Копеева. Целью статьи является изучение поэтики произведений поэта просветительского направления в соответствии с современными требованиями, популяризация просветительской роли поэта. Произведения Машхур Жусупа, внесшего значительный вклад в казахскую литературу, были классифицированы по жанрам, подробно исследованы, но актуальность отдельного рассмотрения произведений просветительской направленности не исчезла. Произведения этого направления рассматривались вместе со стихами на религиозную тематику, пропагандистскую тематику, социальные мотивы. Можно заметить, что произведения поэта просветительского направления имеют свое значение в литературе.

Статья имеет теоретическое и практическое применение. Результаты исследования можно использовать на курсах «Машхуроведение», уроках литературы, краеведения начала XX века и в целом по теории литературы.

Машхур Жусуп – поэт, писавший во всех областях жанра литературы. Начав со стихов и сосредоточившись на серьезных эпических произведениях, он оставил после себя крупные саги. Творчество Машхура Жусупа, оставившего огромное наследие, не ограничиваются прозой. Тематика оставленного наследия очень обширна, жанровый характер сложен, богат художественными особенностями, присутствует глубокая созвучность с Восточно-тюркской литературой, заметны элементы устного народного творчества. Однако основная идея его произведений, изучение его творчества требуют многолетнего кропотливого труда.

Картина общественной жизни начала XX века легла в основу произведений той эпохи. Стремление к свободе, освобождению, призыв населения к чтению, образованию, науке – все эти социально-политические проблемы начала XX века затрагивает в своих произведениях Машхур Жусуп.

**Ключевые слова:** просветительно-демократическое направление, религиозно-просветительское направление, поэтика, теория литературы, литература начала XX века, критический характер.

A.E. YERLANOVA

«Toraighyrov university», Pavlodar, Kazakhstan

## THE POETICS OF MASHHUR ZHUSUP'S POEMS OF THE EDUCATIONAL DIRECTION

**Annotation.** This article examines the poetics of the poems of the poet, philosopher, folklorist Mashkhur Zhusup Kopeev of the educational direction. The purpose of the article is to study the poetics of the poet's works of an educational direction in accordance with modern requirements, to popularize the educational aspect of the poet. Since the works of Mashkhur Zhusup, who made a significant contribution to Kazakh literature, were classified by genre, a number of scientific works were researched and written, the relevance of a separate consideration of works of educational orientation has not disappeared. The works of this direction were considered together with poems on religious themes, propaganda themes, and social motives. It can be noted that the works of the poet of the enlightenment direction have

their own significance in literature.

The research has a scientific, practical significance. It can be used in the courses «Mashkhurtanu», literature lessons, local history of the early twentieth century and in general on the theory of literature.

Mashhur Zhusup is a poet who wrote in all areas of the genre of literature. Starting with poetry and focusing even on heavy epic works, he left behind major sagas. After all, the works of a scientist who left a twenty-volume legacy are not limited to prose. Although several scientific works on the poet's work have been written, I still cannot say that they have been fully studied. Since the subject matter of the left heritage is very extensive, the genre character is complex, rich in artistic features, deep consonance with Eastern Turkic literature, the activity of collecting samples of oral folk art, the main idea of his works, the study of his work require many years of painstaking work. The work of this rich heir, which is the basis of our current scientific work, is a drop of great work.

The picture of the social situation of the early twentieth century formed the basis of the works of representatives of that era. Because literature is a mirror of life. The desire for freedom, liberation, the appeal of the population to reading, education, science, political and social problems have become an urgent problem for every nation. Immediately, as to rid the people of this idiocy, he adhered to the idea that reading is knowledge. I tried to «wake up» the people. From this point of view, it should be recognized that the literature of the early twentieth century is the literature of the liberation aspiration, the «awakening» of the people. Mashkhur Zhusup did not refrain from these questions either.

**Keywords:** educational-democratic direction, religious-educational direction, poetics, theory of literature, literature of the early twentieth century, critical character

### References

1. Äbdimanuly Ö., Şortanbaev Ş., HH ğasyr basyndağy ädebiet. Elektron dy oqu qūraly. – Almaty, 2017.
2. Ämirenov Ä.D. HH ğasyr basyndağy qazaq ädebietı: oqu qūraly. / Ä.D. Ämirenov. – Pavlodar: PMPİ, 2016. – 175 b.
3. Mäşhür-Jüsip Köpeiuly. Şyğarmalary. 4 tom. Pavlodar q.: «EKO» ĞÖF, 2004. – 535 b.
4. Mäşhür Jüsip Q.P. Qazaq lirikasyndağy stil jäne beinelilik. Qazaqstan. Pavlodar. Pavlodar universiteti baspasy, 1999. – 384 b.
5. Kenjebaev B. Qazaq halqynyñ HH ğasyr basyndağy demokrat jazuşylary. Qazaq memleket baspasy. Almaty, 1958
6. Mäşhür-Jüsip Köpeiuly. Şyğarmalary. 1 tom. Pavlodar q.: «EKO» ĞÖF, 2003. – 436 b.
7. Äbdimanuly Ö. HH ğasyr basyndağy qazaq ädebietiniñ alğaşqy kezeñi (1900-1940): oqu qūraly. Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 156 b.
8. Sütjanov S.N. Mäşhürtanu kursy: oqu qūraly. / S.N.Sütjanov. – Pavlodar: PMPU, 2019. – İzd.2-e, dop. – 99 b.
9. Baratova M.N. Mäşhür Jüsip öleñderiniñ janrlıq-stıldık erekşeligi. Oqu qūral. – Pavlodar: Brand print, 2010. – 256 b.
10. Qonarbaev A. Ağartuşy aqyn Mäşhür Jüsip Köpeiuly. – Almaty: «Nürly älem», 2014. – 80 b.

### Автор жайлы мәлімет:

**Ерланова Аяулым Ерлановна** – Торайғыров университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан

**Ерланова Аяулым Ерлановна** – докторант Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

**Yerlanova Ayaulym Yerlanovna** – doctoral student of Toraighyrov university, Pavlodar, Kazakhstan.

А.Б. ЕРСАИНОВА 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: asel\_ersainova@mail.ru)

## СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Аңдатпа.** Академик-жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылығының арналы саласы – әдеби-сын еңбектері. Сәбит Мұқановтың «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» (1924) классикалық мақаласында қазақ әдебиеттану ғылымына баға берілсе, «Көркем әдебиет туралы» (1926) мақаласында көркем әдебиет мәселесі, ал «Роман туралы» (1939) мақаласында роман жанрына қатысты теориялық мәселелер сөз етіледі. Мақалаларының барлығы дерлік кеңес әдебиеті тақырыбына арналған.

Сәбит Мұқановтың әдеби-сын мақалаларында ұлт әдебиетінің жалпы мәселелері зерделенді. Сонымен қатар ғалымдардың академик-жазушы Сәбит Мұқановтың сыншылық қызметі жайлы сүбелі пікірлері келтіріліп, сыншылық еңбегіндегі шеберлік қырлары айқындалды. Жазушының әдеби-сын мақалаларынан кеңестік социология тұсындағы әдеби процесс, көркемдік қалыптасу мен даму шежіресі көрсетілді. Сәбит Мұқановтың ғылыми мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысынан оның зерттейтін, зерделейтін тұстары әлі де жеткілікті. Сол себепті қаламгердің әдеби шығармашылығына ХХІ ғасыр тұрғысынан объективті баға беру дұрыс деп санаймыз. Сәбит Мұқановтың әдеби-шығармашылығында әдебиеттану ғылымына қатысты көкейесті мәселелер салмағы жағынан да, көлемі жағынан да бағалы зерттеу еңбегінің жүгін арқалап тұр деп толық сеніммен айта аламыз.

Мақаланы жоғары оқу орындарында «Әдебиет сыны», «Сәбиттану» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** кеңес әдебиеті, әдеби сын, сыншы, роман, әдебиет мәселелері, сыни көзқарас, әдеби талдау.

**Кіріспе.** С. Мұқанов көркем әдебиетпен бірге әдебиет сыны мен ғылымы саласында да елеулі еңбектенген қаламгер. Әдебиеттің сынына, теориясына, тарихына қатысты үш жүзден астам мақала және бірқатар монографиялық зерттеу еңбектерін жазған. Әдебиеттің сыны мен тарихын зерттеуге араласуы жөнінде: «Мен ақын едім, жазушы едім, маған тарих, сын мәселесі неге керек?» – деп отыру жауға жәрдем беру сияқтанды. Сол себепті сол уақытта ұлтшылдарға қарсы шыққан қазақ әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылып, ұлтшылдыққа соққы беруге тура келді. Менің әдебиет тарихына, әдебиет сынына араласу себебім осы еді» [1, 103] дейді. Әдебиет сыншысының бұл пікірінен сол уақыттағы саясаттың әсерін анық аңғаруға болады. Демек, әдеби-ғылыми шығармашылықтың дамуының негізгі талабы оның сергек сынының болуы керек болды.

Жазушының ХХ ғасырдың әдеби-ғылыми шығармашылығынан кеңестік идеология кезіндегі тұрпайы социализмнің салқынын байқасақ, кейінгі кезеңдердегі сыни мақалаларында әдеби шындықты айту басым. С. Мұқанов әдеби үдеріске белсенді араласып, пікірлерін ашық білдіріп отырған. Жалпы, С. Мұқановтың шығармашылығы бүгінгі уақытқа дейін ұдайы әңгімеленгенімен, оның әдеби-сыншылық еңбегін ХХІ ғасыр тұрғысынан жаңаша зерделеуді қажеттеді. Яғни, Мұқановтану ғылымында қазіргі күнге дейін жан-жақты зерттеуді, зерделеу-

ді қажет ететін оның сыншылық қабілеті болып табылады. С. Мұқановтың әдеби шығармашылығының толық бағаланбай келуінің өзіндік түрлі объективтік және субъективтік себептері де болды. Әдеби-ғылыми шығармашылығында заман талабын ескеремін деп, артық кетіп, кем соғып, солақайлыққа ұрынған, қара қылды қақ жарып шындықты шырылдатып айтқан тұстары да аз болған жоқ. Әдебиет сыншысының қаламынан туған жарияланымдары қазақ кеңес әдебиетінде үлкен орын алды. А.С. Пушкиннің «Сынның дәрежесі жалпы әдеби білімнің дәрежесін көрсетеді» [2,199] дегеніндей, сын мен көркем әдебиет бір-бірімен сабақтас. Сыншы болу мен сын тарихын зерттеуге бару оңай шаруа емес. Әдебиетші, сыншы Қ. Нұрмахановтың: «Егер әдебиетші, сыншы болмағанымда он жыл өмірім ұзақ болар еді» деген сөзі бекерден айтылмаса керек. Осы тұрғысынан алғанда ұлттық әдебиеттану сол кеңестік дәуірде саясат пен идеология талап-тілектері негізінде жасаған ғылыми тұжырымдарын қайтадан қарастырып, бар-жоғын түгелдеу жолында тың ізденістер жасап жатыр [3, 3]. Әдебиеттің бар-жоғын түгендеп, оқырман мен қаламгерге ақыл-кеңес беріп, кемшіліктерін баса айтып, әдеби бағыт беріп, алға жылжу жолдарын нұсқап отыратын әділ сынсыз көркем әдебиеттің көркеюі де, дами қоюы да қиын болар еді. С. Мұқановтың әдеби-ғылыми шығармашылығынан сол уақыттағы әдеби үдерісті, көркемдік қалыптасу мен даму шежіресін тануға болады. Әдебиет тарихының, әдебиет сыны, әдебиет теориясының мәселелеріне жіті көңіл аударып, сан алуан көкейкесті мәселелерін алға тартып, батыл пікірлерін ашық білдіріп отырды.

Академик С. Қирабаев С. Мұқановтың әдеби-сыншылдық қызметі жайлы: «Сәбиттің әдеби-сыншылдық қызметі 20-жылдардан басталды. Жаңа бағытта дами бастаған әдебиеттің идеялық-көркемдік тенденциясын айқындауға, қоғамнан қағажу көрген төменгі бұқараның мұң-мүддесін қорғауда Сәбиттің мақалалары заманына елеулі қызмет етті. Бүгін ол мақалаларды қайта оқыған адам ондағы таптық, партиялық көзқарастың басымдығын, қазақтың бұқарашыл демократтық әдебиетіне ұлтшылдық айыптар тағудың артықтығын көрмей тұра алмайды. Әрине, ол үшін бүгін Сәбитті кінәлау орынсыз. Біз өткен тарихқа жаңаша көзбен қарағанда, олардың айыптау, кінәлау бағытын ұстанбаймыз. Біз ол мақалалардың шығу жағдайын, жазылу тарихын, авторының сол кездегі ұғым-түсінігі, ортасы сияқты факторларға сүйене отырып, ғылыми объективті баға беруге тиіспіз» [4, 25] деп, ой қорытса, ал сәбиттанушы Т. Кәкішұлы «С. Мұқанов жайлы жазылған монография, зерттеулер, әдеби-ғылыми еңбектер бірқыдыру, басқа дарындарға қарағанда әлдеқайда мол. Ұлан ғасыр мол мұраның қадір-қасиетін айқындайтын, тарих таразысына салатын уақыт келді» [5, 171] дейді. Демек, ендігі біздің мақсатымыз – С. Мұқановтың сын мақалаларына тәуелсіздік тұрғысынан объективті баға беру.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Академик-жазушының әдебиеттің жалпы мәселелеріне араласа бастауы 1920 жылдардың басынан бастау алады. Оның 1923 жылы ең алғаш «Еңбекші қазақ» газетінде «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер», «Қызыл Қазақстанда», сондай-ақ Сәкен Сейфулиннің «Асау тұлпар» еңбегі туралы «Сынға сын» атты мақалалары жарыққа шықты. Қаламгер мақалаларында әдеби қызметті бағалағанда таптық тұрғыдан келу ұстанымын қатаң ұстанды. «Өсу жолдарымыз» (1960) атты еңбегіндегі «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» (1924), «Көркем әдебиет туралы» (1926), «Роман туралы» (1939) мақалалары қарастырылды. «Өсу жолдарымыз» (1960) атты еңбек және осы еңбекке енген мақалалар С. Мұқановтың өсу жолынан ғана емес, кеңес дәуіріндегі Қазақстанның, әсіресе оның мәдениеті мен әдебиетінің өсу жолынан да бірталай құнды мәліметтер береді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, тарихи-салыстырмалы, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды.

**Талқылау мен бақылау.** Жазушының білікті әдебиетші, тарихшы, сындарлы

сыншылығын профессор К. Ахмет былайша көрсетеді: «Сәбит Мұқанов – жетпіс үш жылдық ғұмырында қазақтың өмірінен небір классикалық көркем туындылар берген алып жазушымыз. Сонымен қатар қазақтың азаматтық тарихына, әдебиеті тарихына қатысты көптеген еңбектер жазды. Бұл тараптағы еңбектері С. Мұқановты қазақтың азаматтық тарихын зерттеген тарихшы, әдебиеттанушы ғалым ретінде тануға мүмкіндік береді. Оның қаламынан туған поэзия, проза туындылары қалай, қаншалықты зерттелсе, оның ғылыми танымының жемісі болып табылатын – әдеби сын мақалалары, әдебиетіміздің әр дәуір, түрлі кезеңінен жазылған монографиялық зерттеулері, оқулықтары да соншалық дербес зерттелуге тиісті» [6, 5]. Жазушының әдебиет зерттеушісі ретінде де соңында өлшеусіз ғылыми мұра қалдырғанын бүгінгі күнде ешкім жоққа шығармайды. Романдар туындатуы мен поэмалар жазуы, сын жазуы, ғылыми зерттеулері, ой-толғамдары, портреттік еңбектері қатар келіп, уақыттың алға тартқан мәселелерінен туындап жатады. Яғни С. Мұқановтың шығармашылық ғұмырнамасында жазушылық-сыншылық біртұтас үдеріс болды.

Профессор Д. Ысқақұлы «Парасат пайымдары» атты еңбегінде: «С. Мұқанов – қазақ кеңес әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қалам қайраткерлерінің бірі. Қазақ әдебиетінде ол қалам тартпаған сала жоқ десе де болғандай. Ол поэзияда да, прозада да, драматургияда да, әдебиеттің сыны мен ғылымында да артына ұлан-ғайыр мұра қалдырды. 20-шы, 30-шы жылдарда әдебиеттің сынына белсене араласса, соғыстан кейінгі кездерде оның мақалаларының зерттеушілік сипаты арта түсті. Сыншылдық қызметі толыса келе зерттеушілікке, ғылыми ізденістерге ұласты» [7, 35] деп жазады. Сәбит Мұқанов әдебиет тарихын зерттеу ісіне, тарих пен таным арнасына, сын мен сыншы сипатына биік талап, аса үлкен жауапкершілікпен қарады. Уақыт талабын дұрыс түсінген жазушы жаңадан дамып келе жатқан әдебиеттің саяси мәселелері жөніндегі пікірталастарда оның мазмұндық тазалығы үшін тайсалмай белсенді тартысқа түсті. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерінен С.Мұқановтың ұлт әдебиетінің дамуы мен сынының ғылыми бағытын айқындаудағы сыншы жауапкершілігін, жан-жақтылығын анық аңғарамыз.

Оның «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» классикалық мақаласы «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы шілде-қыркүйек айларындағы 7-9 сандарында жарияланған. Мақала авторы Ыбырай Сандыбайұлы жайлы мағлұматтар бермес бұрын қазақтың жалпы әдебиетіне баға беруінен бастайды. Автор тек қазақ әдебиеті туралы ғана айтып қоймай, сонымен қатар орыс әдебиетінен қазақ әдебиетінің артта қалғанын баса айтып, қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің айырмашылығын салыстырады. «Қазақ әдебиеті» дегенде біздің аузымызға толымды әдебиет шамалы сықылды көрінетіндігін және тіпті, кейде әдебиет жоқ сықылды екендігін жазады. Автор «Әдебиет екі түрлі ғой: біреуі – ауыз әдебиеті, біреуі – жазба әдебиет» [8, 19] деп байыптайды. Қазақ әдебиеттану ғылымында бүгінгі уақытқа дейін толық зерттеліп әлі күнге дейін толық шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – жазба әдебиеті тарихының қашан және қандай сөз зергерлерінен басталатыны жайлы мәселе. Бұны С. Мұқановтың аталмыш мақаласынан да қазақта жазба әдебиеті әлі жан-жақты толық өркендеп болған жоқ екендігін оқуымызға болады. Мақаладан автордың ауыз әдебиетінің, жазба әдебиетінің де мәселесіне бей-жай қарамағандығы аңғарылады. Осы арада А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі жазба әдебиетінің бастауы жайлы пікірін келтіре кеткен жөн: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған» [9, 143], – дейді. Осы пікірден қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуы А. Құнанбаевтың алдындағы әдеби дәстүрден басталғанын байқауымызға болады. Сонымен қатар автор ауыз әдебиетін жинайтын, бағалайтын кісі аз екендігіне



қынжылады. Егер ауыз әдебиетін барлығын жинап алса, біздің ауыз әдебиетіміз мынадай деп мақтаныш етуге болатынын айтады. Ары қарай автор танымдық мақаласында Ыбырай Сандыбайұлы жайлы сөз қозғайды. Үкілі Ыбырайды халыққа таныстырып кеткен мақаласы шағын болса да мән-мазмұны жағынан терең. Сонымен қатар С. Мұқанов «Өмір мектебі» романында да Үкілі Ыбырайға жеке тарауын арнаған. С. Мұқанов Ыбырай Сандыбайұлын жақсы білген, өмірі мен өнерін терең зерттеген. Осы мақаласында Үкілі Ыбырай жайлы мағлұматтар жетерлік. Ыбырай Сандыбайұлын қазақ әдебиетімен бірге қоюының өзінен оның өнерпазға деген жоғары бағасын көреміз. С. Мұқанов осы мақаласында ауыз әдебиетіне баса назар аударады, құнды пікірлер өрбітеді. Әдебиеттің өзекті мәселелерін шолып қана қоймай, талдаулар жасап, төл әдебиетімізді дамытудағы бағыт-бағдарын айқындауға ұмтылған.

Сыншы келесі «Көркем әдебиет туралы» (1926) атты көлемді мақаласында қоғам тұрмысында үлкен орын алатын мәселелердің бірі – әдебиет мәселесі жайында сөз қозғайды. С. Мұқановтың бұл мақаласы өнімді ойларға толы. Бұл Мұқановтанушылар еңбектерінен де көрініс тапты. Автор бұл мақаласында әдебиеттің даму мәселелеріне кеңінен тоқтала келе, дәйекті талдайды. Бір ғана мақалада қанша өнімді ой жатыр. С. Мұқанов: «Алты жылдың ішінде не істедік?» деген сұраққа келсем, – «жоқ» дегеннен басқа жауапты кімнің де болса бере қоюы қиын [8, 31] дейді. Мұның үш түрлі себебі барын айтады: 1) Жалпы қазақ елінің оның ішінде кедейлерінің сауаты төмен. Соңғы уақытта ел ішіне сауат ашатын мектептер ұйымдастырып, ептеп қара танығандары болмаса, одан бұрын қазақ кедейінің жүзден 99-ы хат білмейтін еді десек өтірікші болмаспыз; 2) Байшыл-ұлтшылдардан шыққан әдебиетшілер кедейден жаңа көтеріліп келе жатқан жазуға қыры барларды менсінген жоқ, «кешегі пәленшеден не шығады?» деген көзбен қарады. 3) Сонымен қатар біздегі үлкен кемшіліктердің бірі – әдебиет мәселесінің негізін шешу дегеннің өзі де дұрыс бағытқа қойылмады [8, 32]. Елімізде әдебиет мәселесі 1922 жылдан бастап қозғала бастады. Баспа беттерінде де әдебиет мәселесі талқыланды. Бірақ автор талқылаудың арты дұрыс талқы болмағандығын күйінішпен жазады. Әдебиеттің дамуына кедергі болған себептерді тізіп көрсетеді: «Біреу біреудің жеке қара басына соқтықты, жазуды сынаған жоқ, кісі сынады, достық, жолдастық дегендерге қарады және әдебиеттің дамуына РАПП қызметінің қанағатсыз болып отырғандығын, қалам кадрларының жетілмей жатқандығын» [8, 32] әдеби сындағы олқылықтарды тайға таңба басқандай айтып берді. Әдебиетші сондай-ақ, «Әдебиет – тап жаршысы, идеологиялық құрал» деген ұғым қалыптастырып, зерделі тұжырым жасайды. Мақала соңында автор әдебиеттің дамуы үшін өз ұсыныстарын алға тартып, басты олқылықты ұғындырды:

- 1) Еңбекші жазушылардың Қазақстандық ұйымы ҚазАП-тың ісі алға бастырылсын.

Елдегі жаңа жазып келе жатқандарға жолбасшы болып, оларға тәрбие бере алатын болсын [8, 37].

- 2) Әдебиетке жол аштын құралдың біреуі – әдебиет журналы. Екі айда бір рет болса

да әдебиет журналы ашылсын [8, 37].

- 3) Газеттердің бетінде кедей жазушылардың іске жарарлық өлең, әңгімелері басылып

отырсын. Азын-аулақ кемшіліктеріне ақыл берілсін, бірақ көңілін қайтарарлықтай эзірге зілді сын болмасын [8, 37].

- 4) Қазақстанның ойдағы, қырдағы қаламының желі бар кедейшіл жазушыларының

есебі алынып, оларға газет, журналдар арқылы ақыл-кеңес беріліп отырсын [8, 38].

5) Кедей жазушылардың өлең яки әңгіме жинақтары болса жарарлықтары тез басылып отырсын [8, 38].

6) Әдебиеттің маңызы, заңы, тарихы, түрі туралы білетін коммунистерге кітапшалар жаздырып, оларды басып, елдегі жас жазушыларға тарату шарасына кірісілсін [8, 38].

7) Көркем әдебиетті үйрететін курстар ашылсын. Жоғары мектептерге әдебиетшілер іріктеліп жіберілсін [8, 38]. Қорытынды сөзінде: «Әдебиет мәселесін тиянақтап, бір ізге түсіретін уақыт жетті» [8,38] деп түйді. С. Мұқановтың жоғарыдағы батыл айтқан ескерпелерінен, ұсыныстарынан кедей жазушыларға жанашырлықпен қарағандығын анық аңғарамыз. Жазушыларды ұйымдық жағынан нығайтуға шақырып, жас талапкерлерді тәрбиелеуге аса көңіл бөлген. Кейін әдебиет сыншысының аталмыш мақаласы қаламгерлер арасында қызу талқыға түсіп, бауқаралық ақпарат құралдарында көп деректер жарыққа шықты. Бірі Мұқановтың бағытын қолдаса, бірі қарсы пікірлерін білдірді. С. Мұқановтың басты ерекшеліктерінің бірі осы – қаламгерлердің жазған еңбектерін, айтқан пікірлерін, әдебиеттің жалпы мәселелерін жіті қадағалап, дер кезінде жедел өзінің сыни пікірін білдіріп отырған.

С. Мұқанов өз халқының рухани мұрасын игерумен қатар, роман мәселесіне де ерекше назар аударған. Әдебиет сыншысы «Роман туралы» мақаласында роман жанрына қатысты теориялық пікірлерін алға тартқан. Аталмыш мақала «Жұмбақ жалау» романы жайлы оқырмандардан келіп түскен сұрауларға жауап ретінде жазылып, 1939 жылы 10 желтоқсанда «Лениншіл жас» газетінде жарияланған. «Жұмбақ жалау» романына байланысты жалпы көркем әдебиетке тән бейнелеу әдістерін оқырмандарға барынша түсіндіруге тырысқан. Қазір Алматыдағы Орталық мұрағатта қаламгердің өзі тапсырған, 141 жәшікке салынған он мыңнан астам хаттар аман-есен сақталып тұр. С. Мұқановқа жолданған хаттар әсіресе «Жұмбақ жалаудан» кейін көптеп келе бастаған көрінеді. Мұндай бақытқа қазақтың көп жазушысының қолы жетпей кеткені жасырын сыр емес. «Мына туынды жазылды» деп М. Әуезовтен басталған дәстүрді жалғамаққа тырысқан жазушылардың көбі оқушыдан келген хаттардан үзінді келтіре алмай, өзінің қалай жазғанына ойысып кете береді. Осы жөнінде Сәбиттанушы Т. Кәкішұлы «Жұмбақ жалау» романының жөнсіз сынға ұшырауы кейде оның бағын ашып, даңқын ел ортасына жаятын кезі болатынын еске алады: «Лениншіл жас» газеті танымал сыншы Е. Ысмайыловтың «Жұмбақ жалау» туралы деген ұнамды да байсалды мақаласын 6 мамырда шығарды. Аға газеттің позициясына қарсы шығып, аптығын басты. 6 маусымда Алматы оқырмандары «Жұмбақ жалау» романын талқылауға кіріскенде, оның бағытын оңға бұрған Е. Ысмайыловтың баяндамасы еді. Онда «қазақ оқушы жұртшылығының қазір де аса сүйсініп оқи бастаған шығармасы – белгілі романист жазушымыз Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» атты романы. Қазақ әдебиетінде жаңа романның тууы жаңа салынып біткен зәулім сарай сияқты. Сондықтан қазақ оқушылары романды қолдан-қолға тигізбей қызығып оқуда (Е. Ысмайылов. Сын мен шығарма. 1960. 295-бет) деп хабарлады. 1937 жылы қаламдарын былғап алғандардың өреп-уін баса пікір айтты» [10,295] дейді. Ғалым Е. Ысмайыловтың бұл пікірлері «Жұмбақ жалаудың» бағын ашқан қалың оқушыға да, мұғалімдерге де, әдебиетшілерге де жол көрсеткен құнды пікірлер десек қателеспейміз.

Автор тарих пен көркем әдебиетті тарихи роман негізінде қарастырған. Әдебиет зерттеушісі романның екі түрін көрсетеді: тарихи роман, тарихи емес роман. «Тарихи романда» автор әлеумет тұрмысында болған нақтылы бір оқиғаны алады да, сол оқиғаға қатынасқан адамдардың аттарын өзгертпей, қимыл, мінездерін сипаттайды. Тарихи адамдардың қимыл мөлшерінен шықпауға тырысады. Тарихи емес романда автор

әлеумет тұрмысының шындығына сүйене отыра, жанынан оқиға жасайды, өз фантазиясынан сүйкімді, сүйкімсіз геройлар туғызады». Романның осы түрлеріне орыс, қазақ әдебиетінен мысалдар келтіре отырып, «Жұмбақ жалау» романын осы екі жүйенің соңғы түріне жатқызады. Жазушының шеберлігіне байланысты қолданылып отыратын кейбір көркемдік тәсілдерге тоқталып, өзінің «Жұмбақ жалау» кейіпкерлерімен кездесіп қалатын себебін де, романның қалай туғанын, романның шығармашылық тарихымен оқырмандарын таныстырып, көркем шығармалардың жасалуын, образдарды сомдау мәселелерін түсіндіреді. Демек, жазушы лабораториясы – осы.

Тәжірибелі жазушы тақырыбына керекті материалдарды мейлінше зерттейді, керекті материалдарды меңгеріп, жүйелеп-сұрыптап алғаннан кейін жазушы ол материалдың бәрін де жауып қояды, зерттеген материалына сүйене отыра болашақ шығарманың жоспарын құрады. Автор жазушыны өмір материалдарынан жаңа дүние жасайтын «инженер» деп атайды. Әр тарихи дәуірде шығарманы жазу барысында, ең әуелі, жазушылар тақырып пен жоспарды анықтап алып, көп толғанады. «Не жазу керек?» деген сұрақтар туады. Осы тұрғыдан болашақ шығарманың жоспарын құру үшін жазушылардың көздейтіні не деген сұрауға автор: 1) Тап күресінің, қоғам тұрмысының шындығынан шықпау, баяндап отырған оқиғаға оқушы сенетін болу; 2) Қоғам тұрмысынан үлгілі, үлгісіз, жақсы, жаман адамдарды алып, халықты жамандардан бездіру, жақсылыққа баулу; 3) Жақсы, жаман адамдарды, олардың қимылы, ісі, мінезі, құлқы арқылы көрсету; 4) Оқиғаны қызық қылып құру, бір оқиға мен екінші оқиғаны, романның барлық оқиғаларын байланыстыра білу; 5) Әдемі сөздер табу. 6) Оқиғамен, кейіпкерлерімен, сөзімен оқушыны еліктіруге тырысу, оқушыны шығармаға құмарландыра білу» керек деп жазушыларға нұсқаулық береді [8, 226]. Әдебиет сыншысы шығарма жоспарының жазылу принциптерін барынша көрсеткен. Сондай-ақ, С. Мұқанов өзінің жазушылық тәжірибиесіне сүйене отырып: «Жазушы жиналған материалдарының көлемінен аса алмай қолында бармен ғана қанағаттанса, одан ойдағыдай шығарма тумайды. Көркем әдебиетше қорыта білмеген материал көркем шығарма емес. Сондықтан, талантты, ысылған жазушы белгілі бір тақырыпқа керекті материалды меңгеріп алғасын фантазиясына ерік беріп, шарықтайды. Қажетті жерде тарихи материалдың көлемінен шығып, болмаса да болуға мүмкіншілігі бар оқиғаларды қосады. Содан барып әдебиет образы туады» [8, 226]. Осы мақаласында С. Мұқанов талапты жастардың «қайтсек жазушы боламыз?». «Роман, поэма, пьеса қалай жазылады?» деп көп хаттар келетінін айтады. «Ол сұрауларға жауап беру үшін «Әдебиет теориясы» кітабын жазып жіберуге тура келер еді» [8, 228] дейді. Көп хатқа Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» атты кітабын оқуға, Абайды, Пушкинді, тағы сондай классиктерді оқуға кеңес береді. Осыдан жазушының күнделікті әдеби үдерісті үзбей қадағалағандығы анық аңғарылады. 1929 жылы 18 желтоқсанда «Еңбекші қазақ» газетінде «Әдебиет туралы ашық хат» жариялайды. Осы хатында: «Қазақстанда әдебиетті зерттеу жөнінде істелген іс атымен жоқ, сондықтан біздің міндетіміз аздап болса да, әліміз жеткенше осы істелмей жатқан іске атсалысу» деп қорытындылайды [8, 194]. Қазақтың XX ғасырдағы әдебиеті – әлем әдебиетінің құрамдас бөлігі. Қазақтың ұлттық прозасы – дәуірдің шарайнасы. Сондықтан да С. Мұқановтың 1924-1970 жылдардағы әдеби-сыни ой-пікірлері ұлт әдебиетінің дамуына салиқалы үлес қосқаны ақиқат.

**Нәтижелер.** Қаламгер кеңестік кезеңде әдебиет мәселелеріне бет алған қазақ кеңес әдебиеттанудағы жаңаша ізденістер, роман жанрын жетілдіру жолдары, классикалық шығармаларды көбірек оқудың және әдебиеттің дамуына ат салысты. Әдебиетшінің әдеби-шығармашылығындағы әдебиеттану ғылымына қатысты өзекті мәселелер қарастырылып, зерделенді. Академик-жазушы С. Мұқановтың ғылыми

мақалаларынан ұлттық әдебиеттанудағы сынды дамытуға, оның ғылыми деңгейін, теориялық талдаулар жасау арқылы, одақтық дәрежеде қазақ әдебиеттануының дамуына үлкен үлес қосуы деп түсінгеніміз жөн.

**Қорытынды.** Академик-жазушы С. Мұқановтың қаламынан туған әдеби-ғылыми шығармашылық еңбегі ХХ ғасыр қазақ әдебиетінің алғашқы қалыптасу, даму кезеңдерінде маңызды қызмет атқарған. Әсіресе, жас ақын-жазушыларға дұрыс бағыт беріп, жол сілтеді. Көркем шығарма жазудың шеберлігіне, шығарманың сюжеттерін қызықты етіп құруға, сөз қисынына жүгіну керектігіне, тіл шеберлігін жетілдіре беруге шақырды. Түйіндеп айтқанда, әдеби дамудың қозғаушысы сын саласында сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр деп айтуымызға толық негіз бар.

### Әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д. Сын сымбаты. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 208 б.
2. А.С.Пушкин 7 том. Шығармалар жинағы. – Москва. 1962. – 462 б.
3. Такиров С. Әдеби сын белестері. Монография. – Алматы: «Эверо», 2014. – 152 б.
4. Қирабаев С. С.Мұқановтың әдеби-мәдени мұрасы және қазіргі заман // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Петропавл: Солтүстік Қазақстан университеті, 2000. 24-27 сәуір. I том. – 178 б.
5. Қирабаев С. Алып жазушы// Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
6. Ахмет К. Сәбит Мұқанов – ғұлама ғалым. Монография. – Алматы. 2010. – 391 б.
7. Ысқақұлы Д. Парасат пайымдары. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 80 б.
8. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркемәдебиет баспасы, 1960. – 997 б.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
10. Кәкішұлы Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов. – Астана. 2009. – 349 б.

### А.Б. ЕРСАИНОВА

Евразийский национальный университет, Астана, Казахстан

### НАУЧНО-ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ САБИТА МУКАНОВА

**Аннотация.** Литературно-критические труды являются сферой творчества писателя-академика Сабита Муканова. В статье Сабита Муканова «Казахская литература и Ибрай» (1924) оценивается казахская литературоведческая наука, в статье «О художественной литературе» (1926) освещается проблема художественной литературы, а в статье «О романе» (1939) даются ответы на теоретические вопросы, касающиеся жанра романа. Почти все статьи посвящены теме советской литературы.

В литературно-критических статьях Сабита Муканова были изучены общие проблемы национальной литературы. Были даны восторженные отзывы ученых о критической деятельности писателя-академика Сабита Муканова, раскрыты нюансы критических трудов. Из литературно-критических статей писателя была представлена летопись литературного процесса, художественного становления и развития в период советской социологии.

Статья может быть использована в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по дисциплине «Литературная критика», «Сабитоведение» в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** советская литература, литературная критика, критик, роман, проблемы литературы, критический подход, литературный анализ.

**A.B. YERSAINOVA**

Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

## LITERARY AND SCIENTIFIC CREATIVITY OF SABIT MUKANOV

**Annotation.** Literary and critical works are the sphere of creativity an academician-writer Sabit Mukanov. In the classic article by Sabit Mukanov «Kazakh literature and Ibrai» (1924) an assessment of the Kazakh literary science is given, in the article «On fiction» (1926) the problem of fiction, and in the article «On the novel» (1939) theoretical issues related to the genre of the novel. Almost all articles are devoted to the theme of Soviet literature.

In the literary-critical articles of Sabit Mukanov, the general problems of national literature were studied. In addition, rousing reviews were given by scientists about the critical work of academic writer Sabit Mukanov, and the subtleties of critical work were revealed. From the literary-critical articles of the writer, a chronicle of the literary process, artistic formation and development during the period of Soviet sociology was presented. From the point of view of a new approach to the scientific heritage of Sabit Mukanov, there are still enough points that he is studying. Therefore, we consider it right to give an objective assessment of the literary work of the writer from the point of view of the 21st century. It can be said with full confidence that in the literary and creative work of Sabit Mukanov, the actual problems of literary criticism and his own point of view in terms of their significance and weightiness represent a separate research work.

The article can be used as an additional educational material in preparation for lectures and practical classes in the discipline «literary criticism», «Sabit studies» in higher educational institutions.

**Keywords:** soviet literature, literary criticism, critic, novel, problems of literature, critical approach, literary analysis.

### References

1. Ysqaquly D. Syn symbaty. – Astana: Qazaqparat, 2000. – 208 b.
2. A.S.Pýshkin 7 tom. Shyǵarmalar jınaǵy. – Moskva. 1962. – 462 b.
3. Takirov S. Ädebi syn belesteri. Monografia. – Astana: «Evero», 2014. – 152 b.
4. Qirabaev S. S.Muqanovtyń ädebi-mädeni murasy jáne qazirgi zaman // Halyqaralyq ǵylymı-praktikalıq konferensia materialdary. – Petropavl: Soltústik Qazaqstan ýniversiteti, 2000. 24-27 sáýir. I tom. – 178 b.
5. Qirabaev S. Aлып jazusu. // Últ täuelsizdigi jáne ädebiet. – Astana: Ğylym, 2001. – 448 b.
6. Ahmet K. Sábit Muqanov – ǵulama ǵalym. Monografia. – Astana. 2010. – 391 b.
7. Ysqaquly D. Parasat parıymdary. – Astana: Qazaqparat, 2000. – 80 b.
8. Muqanov S. Ósý joldarymyz. – Astana: Qazaqtyń memlekettik kórkem ädebiet baspasy, 1960. – 997 b.
9. Baitursynov A. Ädebiet tanytqysh. Zertteý men óleńder. Astana: Atamura, 2003.– 208 b.
10. Kákishuly T., Ahmet K. Sábit Muqanov. – Astana. 2009. – 349 b.

### Автор жайлы мәлімет:

**Ерсайнова Асель Бауыржановна** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Ерсайнова Асель Бауыржановна** – докторант Евразийского национального университета, Астана, Казахстан.

**Yersainova Assel Bauyrzhanovna** – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

А.Т. ЖАМАНКОЗОВА<sup>1</sup> 

С.Б. ЗАГАТОВА<sup>2</sup> 

М.Ж. ТУСУПБЕКОВА<sup>3</sup> 

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан<sup>1,3</sup>

Евразийский гуманитарный институт Астана, Казахстан<sup>2</sup>

(e-mail: arilana70@mail.ru<sup>1</sup>, zsaule13@rambler.ru<sup>2</sup>, madinatussupbekova@gmail.com<sup>3</sup>)

## ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ РЕФЛЕКСИЯ КАК ОПЫТ ЭСТЕТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА В РОМАНЕ А. НУРМАНОВА «ГИБЕЛЬ КУЛАНА»

**Аннотация.** В настоящей статье раскрывается специфика эмоциональной рефлексии в романе Ахана Нурманова «Гибель Кулана». Опираясь на достижения мирового литературоведения, автор изучает роль и значение эмоциональной рефлексии в истории казахской литературы. Предметом исследования стала художественность произведения, где на первый план выходит переживание впечатлений и эмоциональных реакций главного героя. основополагающим в понимании поэтики романа выступает переживание переживаний. В статье раскрыт тезис о том, что оценивание событий в романе происходит через систему ценностных координат героя. Это позволяет понять авторскую концепцию личности (какой она может или должна быть). В работе исследована эмоциональная рефлексия главного героя, которая позволяет раскрыть конфликт произведения через сознание Кулана, принять и пережить вместе с героем мучительные страдания и гибель. Мировое литературоведение выработало новый подход к анализу художественного произведения и дало возможность нового прочтения романа, где эстетическое отношение к герою и его чувствам выходит на первый план. Объектом художественного изображения становится личность, ее внутренний мир и поступки согласно логике развития жизни. Вторичное переживание художественного изображения выступает опытом эстетического анализа, основным средством которого является эмоциональная рефлексия героя.

**Ключевые слова:** эстетический анализ, художественность, эмоциональная рефлексия, имплицитность, внутренний монолог.

**Введение.** К числу общих проблем развития казахской литературы относятся проблемы творческих методов и литературных направлений. Здесь наблюдаются как общие закономерности, так и национальные особенности литературного процесса. Казахская проза 60-80-х гг., будучи совершенно уникальной и самобытной, сумела органически впитать в себя традиции мировых литературных концепций и течений. Этим объясняется ускоренный процесс формирования и развития разных литературных направлений и творческих методов в казахской культуре и литературе на протяжении XX-го столетия в их взаимодействии под влиянием художественного опыта мировой литературы. Эта проблема была объектом специального научного исследования в работах Ж.Ж. Жарылгапова и Ж.А. Аймухамбетовой [1,2]. Если брать во внимание, что казахская проза не проходила длительный путь освоения эпох Возрождения, Просвещения, методов романтизма и реализма, как это было в Европе и западноевропейской культуре и литературе, то становится очевидным, что история казахской литературы XX века вобрала в себя и по-своему раскрыла особенности мировых литературных течений и направлений. Вслед за профессором Ф.Е. Исмаиловой мы считаем, что

при «общности мирового литературного процесса в своих главных закономерностях, в развитии и смене культурно-исторических эпох, можно предположить, что национальные особенности развития в странах Азии и в России, имеют большое значение, чем в странах Западной Европы...» [3, 259].

Не углубляясь в причины и предпосылки такого состояния казахской литературы, отмечаем следующее. Активное развитие казахской художественной прозы XX века, ее внешняя, количественная и качественная стороны 2-ой половины XX столетия, смешение стилей и направлений объясняется тем, что казахская литература имела возможность использовать и художественно обрабатывать «готовые западные образцы» (А.Н. Тэн). Известный ученый-литературовед профессор А.Н. Тэн одной из первых обратила внимание на это явление в литературах Востока на примере развития корейской художественной прозы. Профессор А.Н. Тэн писала: «Ускоренное и уплотненное развитие корейской литературы в 1920-е годы объясняется тем, что, как и другие литературы Востока новейшего времени, она во многом ориентировалась на готовые западные образцы и унаследовала их во всей совокупности, в то время как историко-литературный процесс на самом Западе в новое и новейшее время протекал поэтапно и последовательно, укладываясь в десятилетия и столетия» [4, 85]. Считаем, что эта закономерность характерна и для литературного процесса Казахстана. Казахская литература XX столетия демонстрирует синтез различных литературных методов и направлений.

В этом контексте актуальным становится опыт эстетического анализа казахского романа сквозь призму эмоциональной рефлексии и ее функции в художественном произведении. Объектом исследования становится обычный человек в реальной жизни, со своими бедами и страхами, переживаниями и болью, протестом и негодованием, размышлениями и действиями. Казахские писатели не разрывают тесной взаимосвязи героев с общественными процессами, изменениями в жизни социума; основной акцент делают на герое, его способности или неспособности сохранить в себе нравственные начала. В сложных перипетиях человеческой судьбы становится важным то, *что* происходит и особенно то, *как* происходит. Эмоциональная рефлексия широко представлена в повести А. Кекильбаева «Баллады забытых лет» и в романе О. Бокеева «Атау-кере». Полифония голосов персонажей, автора и читателя позволяет раскрыть абсолютный ценностный ориентир во всем многоголосье повествования. Трагические столкновения добра и зла, силы и музыки, духа и желания, свободы и несвободы приносят победу духовной ценности ценой человеческой жизни, оценивая при этом роль и значение каждой личности, «я-в-мире» [5].

Данная работа является логическим продолжением изучения эстетического опыта казахской прозы на материале романа Ахана Нурманова «Гибель Кулана».

**Методика и методы исследования.** В работе использованы структурно-семантический и сравнительно-типологический методы исследования. Семантический анализ художественного произведения позволил раскрыть имплицитный характер повествования и сюжетно-композиционное построение романа. Сравнительно-типологический метод исследования применялся в аспекте сравнительного анализа казахского романа в свете достижений мирового литературоведения.

**Обсуждение и наблюдение.** В казахском литературоведении назрела необходимость эстетического анализа казахского романа, изучение *эмоциональной рефлексии* и ее функции в произведении. Данная статья является первой попыткой изучения поэтики романа Ахана Нурманова «Гибель Кулана» в этом контексте.

Произведение написано на историческую тему. В центре повествования – судьба батыра Кулана в период становления советской власти. Прототипом героя был батыр, снайпер, соратник и сподвижник Амангельды Иманова – Нурмагамбет Кокембаев. 22

апреля 1923 года Нурмагамбет Кокембаев был убит красноармейцами, которые отрубили ему голову и руки тупым кетменем. Голова батыра была доставлена в Оренбург, а затем передана в кунсткамеру Эрмитажа.

Сюжетно-композиционное построение произведения подчинено раскрытию судьбы Кулан-батыра, невинного, оклеветанного, вынужденного, после несправедливого оговора, скрываться вдали от родных мест и семьи. Перед читателем проходит трагедия человека, прошедшего сложные перипетии взаимоотношения личности и общества. Писатель раскрывает нам различные типы героев, давая оценку происходящему через внутренние монологи главного героя. Образ Кулана и его отношение к реальности становятся важным в понимании всего сюжета романа. Фабула произведения не изобилует действиями и масштабными событиями. Писателю интереснее и важнее показать внутренний мир переживаний и чувств своего героя, внутреннюю рефлексию Кулана [6].

Эстетическое отношение, выйдя за рамки эстетических категорий, слилось с трагизмом или героизмом жизни и стало объектом изучения философии, литературы, социологии, истории. С самого начала читатель понимает всю нелепость и горечь клеветы, оговора мелких людей, которые пытаются уничтожить батыра. Помогает восприятию авторского эстетического отношения «уважение к реальности», введенное в научный аппарат Э.Р. Бенгли [7, 54]. «Уважение к реальности» позволяет осмыслить художественность романа, которую профессор В.И. Тюпа определяет как «своеобразие не языка, а мышления (при всей их нерасторжимости)» [8, 4]. Они (переживания и реакции) проявляются через мышление, внутренние монологи и размышления. Ученый пишет: «...эстетическое отношение представляет собой **эмоциональную рефлексию**. Если рациональная рефлексия является логическим самоанализом сознания, размышлением над собственными мыслями, то рефлексия эмоциональная – это **переживание переживаний** (впечатлений, эмоциональных реакций)» [9, 20]. Внутренние монологи Кулана отражают его страдания и боль. Батыр, узнав, что несправедливо оклеветан, отказывается в это верить. Первое впечатление от услышанного – абсурдность происходящего. Внутренняя речь героя приобретает скрытое, имплицитное начало. Для того, чтобы понять мироощущение Кулана необходимо понять скрытый смысл его внутренних монологов. Необходимо *сопережить* и *со-чувствовать* то, что чувствует герой.

Переживание переживаний или вторичное переживание нашим сознанием трагической ситуации художественного произведения позволяет нам не просто *сопережить* эмоциональную рефлексию героя, но, прежде всего, оценить происходящее «культурным опытом личности». Профессор В.И. Тюпа продолжает: «Предметом эстетического «утверждения» выступает единичная целостность личностного бытия: я-в-мире – специфически человеческий способ существования (внутреннее присутствие во внешней реальности).

Всякое «я» уникально и одновременно универсально: любая личность является таким «я-в-мире» [9, 31]. Таким центром в романе является система ценностей Кулана, к которой и автор, и читатель относятся как к «я-в-мире», «со-творчески сопереживая» с ним все перипетии борьбы. Каждое событие в романе комментируется Куланом, он внутренне рефлексировал на все действия, дает им моральную и нравственную оценку. Для полного раскрытия психологии героя автор использует музыку, сновидения, портретные характеристики персонажей романа. Все портретные характеристики даны сквозь призму восприятия и оценки главного героя. Через восприятие батыра автор выводит различные поведенческие типы людей, где центром и ориентиром выступает главный герой. Читатель воспринимает события и со-творчески сопереживает их через систему «Кулан-в-мире». Система «Кулан-в-мире» раскрывает *чем* отличен и *чем* прочен герой романа. Батыр осознает истину: человек не должен убивать.



Изображая разные типы людей, писатель показывает, что зло рассредоточено вокруг. Зло персонифицировано. Зло оказывается сильнее добра. Все персонажи романа контрастируют с главным героем, заметно проигрывая ему в морально-нравственном плане, но оказываясь сильнее в реальной действительности. «Полноценное художественное восприятие предполагает не только внутреннее эстетическое видение и внутреннее эстетическое слышание, но и молчаливое «исполнение» произведения – в недискурсивных формах внутренней речи ... В этой двойной ориентированности и взаимодополнительности **со-творческого со-переживания** и состоит феномен художественного восприятия как специфического коммуникативного события», – завершает В.И. Тюпа [9, 33]. Судьба батыра раскрывается на фоне сложившихся объективных обстоятельств, которые помогают понять авторскую концепцию личности, какой она должна быть. Они раскрывают возможности Кулана в напряженный момент человеческого существования, когда герой находится на грани жизни и смерти и, поэтому, не может лукавить и лгать. Эти обстоятельства заставляют батыра действовать, двигаться вперед, являясь общим фоном понимания феномена художественного восприятия личности.

Композиция романа А. Нурманова «Гибель Кулана» является кольцевой. Писателю важно раскрыть внутреннюю сторону конфликта. Ничто не должно отвлекать внимание читателя от скрытого, имплицитного начала в произведении. Поэтому читатель поставлен перед фактом: Кулан – батыр в период гонений. *Со-переживание* того, что выпало на долю Кулана порождает вторичную эмоциональную рефлексию читателя; художественный конфликт заставляет *со-чувствовать* то, что чувствует герой. Раскрывая способность или неспособность героя к размышлению и действию, писатель подошел к положению, высказанному канадским профессором Н. Фраем о том, что произведения «могут быть классифицированы не по моральному признаку, а в соответствии со способностью героя к действию, которая может быть большей, меньшей или приблизительно равной нашей собственной» [10, 5]. Этот критерий делает произведение близким и понятным современному читателю и свидетельствует о новом качественном развитии казахской литературы. Кулан-батыр изображен в непростой этап его жизни, наполненный страданием, духовным одиночеством, разочарованием, гибелью. Эти перипетии, по мысли профессора В.Е. Хализева «имеют и непосредственно содержательную функцию. Они несут в себе некий философский смысл» [11, 220]. Теперь недостаточно описания ситуации, обстоятельств, столкновения личности и среды. Важнее становится реальная жизнь конкретного человека, его эмоциональная рефлексия на происходящее.

Рефлексирующий герой обращает свои мысли и переживания не только к героям романа, значительное место занимает описание пейзажа. Природа отражает чувства героя, и она – единственная стихия, чистая и благодатная, которая отвечает душевным страданиям батыра. Кулан – охотник, прекрасно знающий и понимающий природный мир. Его восхищают гармония и покой, царящие в природе. Неслучайно Кулан долго смотрит на летящих стройным рядом журавлей, внутренне благословляя их за возможность жить ровно, бескомпромиссно, без пороков человеческого мира. Ощущая себя частью природы, в период гонений и клеветы, герой замечает каждую деталь местности, видит скрытые, потаенные уголки земли. Рефлексия героя проводит параллель жизни человека и жизни сайгаков: сайгаки, тысячами пасущиеся в одном месте, не истребляют друг друга, как люди. В романе читаем: «Әй, итшілеген өмір-ай, – деп ойлады енді лашықта жатып мерген. – Бұл жалғанның жүзінде төрт құбыласы түгел адам бар ма екен, сірә. Өмір бойы сарылып қуғаның бір сағымдай арман, жақындадым деген сайын бұлдырай түсіп діңкелетеді. Жазмыштан озмыш жоқ дейді ғой. Апырмай, э, жазмыштан озмыш болмайтын адам неден сорлы жаралды. Аң екеш аң да өз тірлігін біледі, әйтеуір жолдасына қас қылмайды. Ілуде бір сұмдық жағдай болмаса,

жыртқышының өзі де туысын жеймін демейді ғой. Киікті қарашы әне, мың болса – мыңы, жүз болса – жүзі тобымен жайылады.

Адамның аңнан бетер болғаны ма? Қайда көрсен, бірін-бірі іштен шалып, тобықтан қағып, қысастық қылып жүргені. Әй, ондырмаған Құдай-ай, неге олай болды екен, ә?» [6,144]. Пейзаж спроецирован на мироощущение Кулана, отражает его мысли и способствует усилению художественной эмоциональности в романе.

Переходное состояние от веры к разочарованию, от боли и необходимости преодоления зла к надежде на его (зла) поражение приводят мироощущение Кулана к философии трагизма бытия, к преодолению страдания и боли, к умению противостоять негативному в жизни, к созданию новой ситуации, позитивной и созидающей. Внутренняя борьба, страдания и поиски смысла сквозь призму эмоциональной рефлексии героя раскрывают скрытый смысл романа. Различные душевные состояния героя: недоумение, непонимание, обида, неприятие, осуждение, отчаяние, страх показаны через напряженную работу мысли батыра. ИмPLICITный характер внутренней речи Кулана имманентен внутренней форме всего романа. Конструктивное построение романа изображает внутреннее раздвоение героя, его метания, потерянность, утрату прежних иллюзий и необходимость принятия нового решения. Раскрывая способность или неспособность героя к размышлению и действию, автор порождает эмоциональную рефлексию батыра, сквозь призму которой читатель воспринимает происходящие события. Изображение характера героя отмечено ориентацией на реальную жизнь современного героя казахского общества. Профессор Ж.К. Смагулов считает, что наука не терпит комплиментарности. Правда, какой бы горькой она не была, есть конечная цель изучения любой проблемы. Ученый отмечает важность обретения истины [12, 388]. В этом контексте мы приходим к выводу, что переживание переживаний есть конечная и объективная истина в постижении правды жизни. В со-переживании мыслей и чувств героя обнажаются сильные и слабые стороны человеческой души, позитивные и негативные тенденции окружающего мира, противоборство светлых и темных сил. Герой претерпевает невероятные страдания и смерть, поэтому он не в силах заботиться о внешнем великолепии и лоске в переломный напряженный момент своего существования. Эмоциональная рефлексия героя выступает в натуральном, неприукрашенном свете, абсолютно оголяя и обнажая суровую действительность. Поэтому она убеждает нас в истинности, не подлежащей сомнению.

**Результаты.** Эстетический анализ романа подразумевает не только и не столько любование предметами прекрасного, сколько переживание и со-творческое проживание читателем страданий и чувств героя произведения. Эстетическое восприятие мира сквозь призму эмоциональной рефлексии главного героя не обеспечивает читателю наслаждение от мира реального. Эстетическое созерцание сюжета романа А. Нурманова направляет читателя на ориентацию ценностных установок батыра, где читатель духовно солидарен с героем. Писатель рассчитывает на то, что читатель, созерцая этические ценности добра и зла, приобретает опыт эмоционально рефлекслируемых переживаний. Этот опыт позволяет взглянуть на рефлексию героя «со стороны», но при этом стать активным участником системы нравственных координат. *Со-переживание* того, что испытывает и выносит на себе герой романа, порождает вторичную эмоциональную рефлексию читателя. Изображение характера героя отмечено ориентацией на реальную жизнь современного героя казахского общества, где объектом художественного изображения становится личность, ее внутренний мир и поступки согласно логике развития жизни.

**Заключение.** Спецификой эмоциональной рефлексии казахского романа становится выявление ее имPLICITного, скрытого смысла, имманентного внутренней форме и конструктивной структуре художественного произведения. Авторская

концепция личности раскрыта через систему ценностных координат главного героя. Вторичное переживание художественного изображения выступает опытом эстетического анализа, основным средством которого является эмоциональная рефлексия героя. Объектом эстетического анализа становится художественное изображение судьбы отдельной личности в период, когда обостряются и обнажаются основные жизненные узлы, идет переосмысление и переоценка морально-этических норм.

Художественность романа А. Нурманова «Гибель Кулана» сближает казахскую литературу с достижениями мирового литературоведения и свидетельствует о ее уверенном вхождении в мировой литературный процесс.

### **Литература**

1. Жарылгапов Ж.Ж. Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс: дис.дра филол. Наук 10.01.02. – Астана: Евразийский национальный университетим. Л.Н.Гумилева, 2009. – 288 с.
2. Аймұхамбетова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақпоэзиясы арқауында): дис. д-ра филол. наук: 10.01.02. – Астана Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2010. – 260 с.
3. Исмаилова Ф.Е. Феминистская имагология: дис.д-ра филол. наук: 10.01.07. – Астана: Евразийский национальный университетим. Л.Н.Гумилева, 2006. – 352 с.
4. Тэн А.Н. Очерки корейской литературы XX век (до 1945 г.). – Сеул: Центрально-Азиатская Ассоциация корееведения, 2003. – 460 с.
5. Жаманкозова А.Т. Трагическое в казахской художественной прозе XX века. – Астана: Гласир, 2014. – 244 с.
6. Нұрманов А. Құланның ажалы: Роман. – Алматы: Раритет, 2005. – 224 б.
7. Бентли Э.Р. Жизнь драмы // Западное литературоведение XX века: Энциклопедия. – Москва: Intrada, 2004. – 560 с.
8. Тюпа В.И. Художественность литературного произведения: Вопросы типологии. – Красноярск: Издательство Красноярского университета, 1987. – 217 с.
9. Тюпа В.И. Анализ художественного текста. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 336 с.
10. Фрай Н. Анатомия критики. Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв. – М.: Издательство Московского университета, 1987. – С. 232 – 264.
11. Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2000. – 398 с.
12. Смағұлов Ж.Қ. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.

**А.Т. ЖАМАНКӨЗОВА, М.Ж. ТУСУПБЕКОВА**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**С.Б. ЗАГАТОВА**

Еуразиягуманитарлықинституты, Астана, Қазақстан

### **АҚАН НҰРМАНОВТЫҢ «ҚҰЛАННЫҢ АЖАЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ РЕФЛЕКСИЯ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІ РЕТІНДЕ**

**Андатпа.** Бұл мақалада Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романындағы эмоционалды рефлексияның ерекшелігі ашылады. Әлемдік әдебиеттану жетістіктеріне сүйене отырып, автор қазақ әдебиеті тарихындағы эмоционалды рефлексияның рөлі мен маңызын зерттейді. Зерттеудің тақырыбы шығарманың көркемдігі болады, онда басты кейіпкердің әсерлері мен эмоционалды реакцияларының күйзелісі бірінші орынға шығады. Романның поэтикасын түсінуде күйзелісті басынан өткізу негіз болып

табылады. Мақалада романдағы оқиғаларды бағалау кейіпкердің құндылық координаттары жүйесі арқылы жүреді деген тезис ашылады. Бұл тұлғаның авторлық тұжырымдамасын түсінуге мүмкіндік береді: ол қандай болуы мүмкін немесе болуы керек.

Жұмыста басты кейіпкердің эмоционалды рефлексиясы зерттелді, бұл шығарманың қақтығысын Құланның санасы арқылы ашуға, кейіпкермен бірге азапты бейнет пен қазаны қабылдауға және сезінуге мүмкіндік береді. Әлемдік әдебиеттану көркем шығарманы талдауға жаңа көзқарас қалыптастырды және романды жаңаша оқуға мүмкіндік берді, мұнда кейіпкерге және оның сезімдеріне эстетикалық көзқарас бірінші орынға шығады. Жеке тұлға, оның ішкі әлемі және өмірді дамыту логикасына сәйкес іс-әрекеттері көркем бейненің объектісіне айналады. Бұл мақалада эмоциялық тәжірибе өмір шындығын түсінудегі соңғы және объективті шындық деген идеяны ұстанады. Романның эстетикалық талдауы оқырманның бас кейіпкердің сезімін бастан кешіруін және өмір сүруін қамтиды. Мақалада кейіпкердің құндылық координаталары жүйесі арқылы автордың тұлғалық концепциясы ашылады.

**Түйін сөздер:** эстетикалық талдау, көркемдік, эмоционалды рефлексия, имплицитизм, ішкі монолог.

**A.T.ZHAMANKOZOVA, M.Zh. TUSSUPBEKOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**S.B. ZAGATOVA**

Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

## **EMOTIONAL REFLECTION AS AN EXPERIENCE OF AESTHETIC ANALYSIS IN A. NURMANOV'S NOVEL «THE DEATH OF KULAN»**

**Abstract.** This article reveals the peculiarities of emotional reflection in Akzhan Nurmanov's novel "The death of Kulan". The authors study the role and significance of the emotional reflection in the history of kazakh language on the basis of achievements of world literary criticism. The subject of the study is the artistry of the work, where the experience of impressions and emotional reactions of the protagonist comes to the fore. Fundamental in understanding the poetics of the novel is the feeling of experiences. This paper demonstrates that the evaluation of events in the novel occurs through the system of value coordinates of the hero. It allows us to understand the authors' concept of personality: what it can or should be.

The emotional reflection is in the conflict of the work through the consciousness of Kulan to accept the painful suffering and death with the hero. World literary criticism has developed a new approach to the analysis of the art work. This approach helps to reread the novel where the aesthetic attitude to the hero and his feelings comes to the fore. The object of the artistic image is a personality, its inner world and actions with the logic of the development of life. The secondary experience of artistic image is the experience of aesthetic analysis, the main means of which is the emotional reflection of the hero. The idea is carried out in the work that the experience of experiences is the ultimate and objective truth in comprehending the truth of life. The emotional reflection of the hero performs in a natural, unadorned light, absolutely exposing and exposing the harsh reality. It therefore convinces us of a truth beyond doubt. The article reveals the author's concept of personality through the moral coordinate system of the protagonist.

**Keywords:** aesthetic analysis, artistry, emotional reflection, implicitness, internal monologue

### References

1. Zharylgapov Zh.Zh. kazakh prozasyndagy adebi agymdar zhane korkemdik adis: dis.Dr. filolog.nauk: 10.01.02 - Astana: Evrasiiskii natsionalnyi universitet im. L.N. Gumilyova, 2009. – 288 s.
2. Aimukhambetova Zh.A. Miftin poetikadagy kyzmeti (qazirgi qazaq poeziasy arkauinda): dis. doct.filolog. nauk: 10.01.02. – Astana: Evrasiiskii natsionalnyi universitet im. L.N. Gumilyova, 2010. – 260 s.
3. Ismailova F.E. Feministkaya imgologia: dis. ... doct.filosof. nauk: 10.01.07. – Astana: Evrasiiskii natsionalnyi universitet im. L.N. Gumilyova, 2006. – 352 s
4. Ten A.N. Ocherki koreiskoi literatury XX vek (do 1945 goda.). – Seul: Tsentralno-Aziatskaya assotchiatsia koreevedenia, 2003. – 460 s.
5. Zhamankozova A.T. Tragicheskoe v kazakhskoy khudozhestvennoy proze XX veka. – Astana: Glasir. – 244 s.
6. Hurmanov A.K. Kulannyn azahly: Roman. – Almaty: Raritet, 2005. – 224 b.
7. Bentli E.R. Zhizn' dramy // Zapadnoye literaturovedeniye XX veka: Entsiklopediya. – Moskva: Intrada, 2004. – 560 s.
8. Турапа V.I. Khudozhestvennost' literaturnogo proizvedeniya Voprosy tipologii. – Krasnoyarsk: Izdatel'stvo Krasnoyarskogo universiteta, 1987. – 217 s.
9. Турапа V.I. Analiz khudozhestvennogo teksta. – Moskva: Izdatel'skiy tsentr "Akademiya", 2008. – 336 s.
10. Fray N. Anatomiya kritiki. Zarubezhnaya estetika I teoriya literatury XIX-XX vv. Traktaty. Stat'i. M.: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 1987. –S. 232 – 264.
11. Khalizev V.E. Teoriya literatury. – Moskva: Vysshaya shkola, 2000. – 398 s.
12. Smagulov Zh.K. qazaq adebiettanu gylymynin tarihy. Monographia. – Almaty: Qazaq unversiteti, 1999. – 432 b.

### Сведения об авторах (соавторах):

**Жаманкөзова Арилана Төлендіқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Жаманкөзова Арилана Тулендиевна** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Zhamankozova Arilana Tulendievna** – candidate of Philological Sciences, associate Professor L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Загатов Сауле Базылқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры, Астана, Қазақстан

**Загатов Сауле Базыловна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского института, Астана, Казахстан

версия эпоса «Едиге». Первые исследования произведений устного народного творчества татар принадлежит И.Н. Березину, который изучал содержание фольклорных произведений и их художественные особенности [8, 14]. Несмотря на то, что изданием и изучением отдельных наиболее значимых образцов эпических поэм татарского народа в целом занимались давно, первые монографические исследования появились только к концу XX века. Принадлежат они Х. Ярми, Ф. Ахметовой, М. Бакирову и др.

Активно занимаются исследованиями тюрко-татарской ономастики, в частности топонимики, Х.В. Юсупова, Л.Ш. Арсланов, Г.К. Хадиева, О.Р. Хисамов, Р.Ш. Шагеев, Г.Р. Галиуллина, Р.И. Хазиев и др. Однако исследования топонимов в фольклорных текстах татар остаются малоизученными. Исследованиями топонимов в эпосе «Едиге» занимались Л.Х. Мухаметзянов, О.Р. Хисамов, И.Г. Закирова и др.

Научные исследования всех упомянутых нами ученых хорошо известны и не нуждаются в дополнительном освещении. Гораздо менее известны работы, выполненные в русле когнитивного подхода, который, как показывает анализ литературы, открывает новые возможности в изучении фольклорных топонимов.

**Обсуждение и наблюдение.** В настоящее время мы знаем, что эпос «Едиге» сохранился среди тюркских народов на юге от республики Туркменистан и Узбекистан до сибирских татар, далее у тюркских народов дальнего зарубежья на территории Турции и Румынии. Существует более сорока вариантов данного эпоса. Удивительно то, что объем некоторых из них достигает до шестнадцати тысяч строк. Чтобы глубоко понять и изучить природу этого эпического произведения, недостаточно рассматривать его только в рамках наследия казахского народа. Кроме того, наличие архаических вариантов и более поздних классических версий эпоса вносят большой вклад в познание динамики развития, раскрытие особенностей тюркской эпической традиции. Это связано с тем, что в науке сравнительное изучение общего явления у разных народов определяет общую закономерность. Поэтому мы считаем, что наиболее актуальным представляется сопоставительный анализ топонимов из национальных версий эпоса, который до настоящего момента не проводился другими исследователями.

Генезис всех рассматриваемых национальных вариантов восходит к единому источнику. Основой сюжета, отражаемого в указанных выше версиях, послужили события одного и того же исторического периода XIV-XV веков: кровавые события между ханами Золотой Орды и правителями Мавереннахра, бескомпромиссная борьба Амира Темура и Едиге за создание Тюркского Каганата против Тохтамыса [9]. Топонимы, рассмотренные нами из эпоса «Едиге» на основе казахской, каракалпакской и татарской версий, складываются из реальных названий географических объектов.

В казахской национальной версии топонимические названия связаны с местом рождения героя и вносят ясность в сюжет эпоса. Согласно легенде и сюжету, Едиге родился от союза человека и пери (феи). После рождения героя, фея завернула его в платок и оставила в местности недалеко от города *Кумкент*. Поэтому город *Кумкент* отражен в эпосе в виде места рождения Едиге.

Помимо топонима *Кумкент* ядро эпоса составляют реки *Еділ* (Волга) и *Жайық* (Урал). Тот факт, что эти два гидронима широко используются не только в эпосе «Едиге», но и в других эпических поэмах, подтверждает, что они являются неотъемлемой частью народного творчества.

Несмотря на то, что названия этих рек упоминаются в эпосе по отдельности, нами они были рассмотрены как единый образ. В эпосе функции этих рек связаны с действиями Едиге, которые описываются следующим образом: «*Осылайша Едиге ел арасында жүріп, Тоқтамыс ханның өзіне деген қастандығын есітіп, Еділ мен Жайық арасынан өтіп, кете барады*» // «Таким образом, Едиге, узнав о заговоре Тохтамыс хана

против него, уходит через **Едиль и Жайык**» (Перевод наш – авторов).

Частое использование названий водных объектов *Еділ* и *Жайық*, свидетельствует о том, что они служат общей праформой, прообразом тюркского мира [10, 72]. Также данные гидронимы привносят реальности происходящему событию и придают информативное значение.

Еще две крупные реки, упомянутые в эпосе от начала до конца, – это *Есіл* (Ишим) и *Ертіс* (Иртыш). В эпосе гидронимы *Есіл* и *Ертіс* подсказывают нам, что Едиге путешествует по северо-восточной части страны. Приведем еще отрывки из эпического текста, где описываются интересующие нас гидронимы: «*Есілдің екі жағы қызыл жар. Ертістің басы қара дөң.*» // «*По обе стороны Есіл – красный яр. Вершина Ертіс черный холм*» (Перевод наш – авторов). Здесь существенно то, что в эпосе долина этих двух рек описывается как пространство, где происходит действие героев, где разворачивается главное событие.

Как мы уже упоминали ранее, Едиге рождается в качестве сына мифологических героев – Баба Тукты Шашты Азиза и пери. Однако в казахской версии в воспитании героя не указывается роль Баба Тукты Шашты Азиза. Баба Тукты Шашты Азиз приводит ребенка в страну Токтамыс хана. До трех лет маленький Едиге воспитывается у муллы (исламского священнослужителя), а когда Едиге исполнилось 8 лет, Баба Тукты Шашты Азиз исчезает.

Нетрудно найти в эпосе «Едиге» топонимы, ассоциирующиеся с дальними землями, которые не имеют отношения к месту событий. Описание нереальных событий через таких топонимов придают эпосу мифический характер. Рассмотрим следующий отрывок:

*Ніл дариясының басында, Құмкент қасында  
Мені сонда Баба Түкті Шашты Әзіз атам тауып алып...  
На истоках реки Нил, рядом с городом Кумкент  
Нашел меня отец Баба Тукти Шашты Азиз...*

(Перевод наш – авторов)

В приведенном контексте заслуживает внимания вопрос об изображении в эпосе нереальных событий (рождение от пери) через название гидронима, который находится совсем далеко от места рождения героя. На наш взгляд, большое количество названий водных объектов в эпосе и тот факт, что большая часть событий связана с их названиями, свидетельствуют о том, что Едиге является представителем племени, проживающего на территории водных объектов. Отсюда мы видим бесконечный и безграничный характер ареала распространения топонимов в эпическом пространстве.

Сравнительное исследование различных версий эпоса «Едиге» показывает, что на фоне общей традиции сюжета каждая из них имеет свою национальную оригинальность, отражает исторически сложившийся социальный уклад, психологию и общественные идеалы создавшего ее народа [11, 40].

Каракалпакская национальная версия эпоса «Едиге», записанная из уст Жумабай-сказителя, изобилует большим количеством топонимов. В данной версии эпическое повествование начинается с генеологического родословного происхождения Токтамыс хана, которое описывается обобщенно: «*Ойыл менен Қышылда, Қарғалы-Елек бойында, Едил менен Жайықта Шыңғыз дейін хан өткен. Шыңғыз дейін патшадан Тоқтауылдай ұл өткен. Тоқтауылдың перзенти Тоқтамыстай хан өткен. Заманында Тоқтамыс бийперзент болып кешкен. Заманында Тоқтамыс бийперзент болып ол кешкен.*» // «*Прожил свой век хан Чингиз, вдоль рек Ойыл и Кыыл, Каргалы и Елек, Едиль и Жайык. Вслед за Чингиз ханом прожил свой век и сын его Токтауыл. За Токтауыл ханом последовал сын его Токтамыс хан. Однако век свой проживает Токтамыс хан без*

детей» (Перевод наш – авторов).

Топонимы в данном отрывке выступают как конкретные географические названия и используются сказителями для обозначения места эпического действия. Гидронимы *Ойыл* и *Қиыл*, *Қарғалы* *Елек*, *Едил* и *Жайық* свидетельствуют о том, что в этих местностях происходили исторические события эпохи Золотой Орды. Еще одна причина, по которой *Ойыл* и *Қиыл*, *Қарғалы-Елек*, *Едил* и *Жайық* употребляются вместе, заключается в том, что они являются параллельными топонимами, текущие без каких-либо препятствий, поэтому в народе их называют «двойными реками» или «близнецами».

Весьма примечательна последняя строка приведенного отрывка, где ясно проявляется мотив бездетности. Данный мотив чрезвычайно популярен в эпическом наследии тюркских народов. В.Я. Пропп считает этот мотив бездетности особым эпическим элементом в эпических или дастанных произведениях [12, 29]. В каракалпакской версии эпоса Едиге растет в качестве сына Туман хожа и Токтамыс хана. Хан сам дал мальчику имя Едиге.

Как в казахской, так и в каракалпакской национальных версиях даются сведения о мифологической родословной героя, которые частично разбросаны по всему эпическому произведению. В обеих версиях Едиге упоминается как сын Баба Тукли Шашлы Азиза. Думается, сказители предполагали, что слушатель хорошо знает содержание эпоса или, по крайней мере, многочисленных легенд о происхождении Едиге. Однако место рождения эпического героя употребляется как своеобразный ориентир в пространстве. Об этом определенно говорит, например, одно из подробных описаний местности, которое дает Жумабай-жырау:

*«Кумкенттиң қара алдында, Қубакөлдиң шөлинде, Босагалы төбеде, жети патша жәм болған, мәжиліс қурып отырған. Сол төбениң тусында бийік бір шынар бар шығар, сол шынардың түбінде, екинші айдың күнінде, ай ортадан өткенде перзентің келер дүньяға сол ағаштың түбінде, бизге тәңір аманаты.»* // *«Рядом с городом Кумкент, в пустыне Кубакол, на холме Босагалы, где объединились семеро царей. На этом холме, растет высокий чинар, под этим чинаром, в день второго месяца, когда настанет полумесяц, родится твой сын, Богом данный нам»* (Перевод наш – авторов).

В приведенном отрывке не указывается подробное описание происхождения Едиге, а мотив чудесного рождения героя в казахской и каракалпакской версиях почти одинаковы: родословная предков в этих версиях берется от мифо-фольклорного направления. Чудесное рождение, и то, что герой обладает несравненной мудростью, и само его происхождение не похоже на других, все это упрочняет идеальный образ Едиге [13, 774].

Согласно легенде из каракалпакской версий, перив обличия голубя улетает, при этом сообщает, что она беременна младенцем – будущим Едиге, которого после рождения Баба Тукли Шашлы Азиз может найти по указанному месту. В дальнейшем все так и происходит. По сюжету ребенка, родившегося у большого чинара, находит и забирает с собой слуга одного из подчиненных Тохтамыс хана – Туманхожа. Так как Едиге родился в стране Тохтамыс хана, Туман хожа приносит ребенка хану, чтобы тот сам дал ему имя. Тохтамыс хан не только дает имя ребенку, но и сам воспитывает Едиге.

Топонимическое название *Кумкент* широко используется в обеих национальных версиях эпоса. Здесь указывается на родину героя, а также на историчность сюжета произведения. Поэтому среди главных мотивов эпоса – любовь, патриотизм к родному краю познаются через топонимы. Таким образом, топонимы не только являются свидетелями исторических событий, но и создают впечатление, что они стали символом

необъятности и бесконечной шири эпического пространства.

Татарская версия эпоса Едиге отличается от вышеуказанных казахской и каракалпакской версий большим объемом, а также композиционными, сюжетными особенностями. Еще одно отличие в татарской версии заключается в том, что от начала до конца песня представлена в виде стиха. Кроме того, если в каракалпакской версии повествование начинается с описания родословной Токтамыс хана, то в данной версии с описания границы земель Токтамыс хана.

*Борын уткән заманда*

**Болгар** белән **Сарайда**,

**Жаек** белән **Иделда**,

*Алтын Урда, Ак Урда –*

*Данлы Кыпчак жирендә,*

*Татардан туган Нугайшендә*

*Туктамыш дигән хан булды;*

*В стародавние времена,*

*Там, где Болгар и Сарай блистал,*

*Где текли Жаек и Идель вода*

*Там, где была Золотая Орда,*

*На славной кипчакской земле,*

*Там, предком нугая был татар*

*Жил хан по имени Токтамыс.*

(Перевод наш – авторов)

Из содержания эпоса видно, как в то время *Болгар* была страной, а *Сарай* был столицей Золотой Орды, которые в истории упоминаются как крупные торгово-экономические центры. По мнению историков *Болгар* – это столица Волжской Булгарии, которая вошла в состав Золотой Орды. Болгар находился на высоком берегу Волги у слияния ее с Камой. Город *Сарай* был столицей Золотой Орды. Однако город *Болгар* остается зимней кочевой ставкой ханов. В данной версии *Болгар* упоминается неоднократно и выступает как страна, как определенное географическое понятие. В седьмой песне Идегей рассказывает, как в *Болгаре* чеканят монеты и казна страны полна золотыми монетами. Одновременное упоминание *Болгар* и *Сарай* предстают как исторические топонимы, которые в данном эпическом повествовании приобретают символическое значение.

Помимо названия города, *Сарай* встречается в эпосе в качестве наименования резиденции Токтамыс хана, о чем упоминается в следующем отрывке:

*Хан сарае ак ишек*

*Иртә булса ачылып,*

*Туктамыш хан килгәндә,*

*Ал тахеткә менгәндә,*

*Белые врата Хан-Сарая,*

*Открываются поутру,*

*Когда Токтамыс хан приходит*

*И на престол свой восходит*

(Перевод наш – авторов)

В татарской национальной версии эпический дворец *Хан-сарай* является своеобразным местом, где находился золотой ханский трон, которого украшал попугай, а перед ханом отчитывались сорок биев (глав родовых племен).

Если подойти к вопросу родословной главного героя в татарской версии, то здесь Едиге является сыном реального героя Кутлы кыя. Тем не менее, Едиге в данной версии по линии матери рождается от пери. Отец Едиге – Кутля кыя был одним из подчиненных Токтамыс хана, который был обвинен в предательстве. Когда Токтамыс хан угрожает убить Кутля кыя, тот начинает обвинять хана, что его племя разорилось из-за него. Сказители через свою творческую фантазию идеализируют поступок Кутля кыя, чтобы показать его заботу к своему народу. Несмотря на то, что в татарском варианте нет прямого указания на место рождения Едиге, существует связь между родиной Едиге и городом *Кумкент*. Рассмотрим следующие строки:



*Янә торып янә әйтсәм,  
Идел сырты Сары Тау  
Илем кунган йортиде;  
Илем йортта куймадың,  
Иделне ике кичердең,  
Андада аны куймадың,  
Кырлы курай, шур татыр  
Кола чүлгә китердең,  
Комкәнт дигән каламны  
Комга түгеп бетердең!*

*Скажу, не страшась твоей руки:  
Сары-Тау, хребет реки,  
Был домом, где обитал мой народ.  
Мой народ убавил ты.  
Дважды переходить Идиль  
Мой народ заставил ты,  
И там его не оставил ты:  
В бестравные солончаки,  
В бурые, глинистые пески  
Мой народ отправил ты,  
Мой многоглавый город Кум-Кент  
Сделал песком\*, обезглавил ты!*

(Перевод С. Липкина)

В эпизоде описывается место обитания племени мангит, от которого произошел род Едиге, что значительно усиливает достоверность эпоса. Однако, в татарской версии топоним *Кумкент* встречается только один раз.

Как мы заметили, гидронимы во всех изучаемых нами версиях встречаются достаточно много раз. В эпосе «Идегей» названия водных объектов употреблялись, чтобы приурочить действие к определенному месту для большей достоверности эпического повествования. Также в татарской версии мы заметили мотив разделения эпического пространства на четыре части, которые определялись через реки. Рассмотрим эпизод, где жена Токтамыс хана Джаника обращается к мужу:

*Пычагын алып кынаптан,  
Безе белән болгавы –  
Ил түгел, яу булганы.  
Дүрт кисәккә бүлгәне –  
«Идел, Жаек суларны,  
Иртеш белән Чулманны,  
Дүрт даръялы йортыңны  
Дүрт бүләрмен», – дигәне;  
Если он вверх взмахнул острием,  
Он оказался нашим врагом.  
Разделил на четыре части мед.  
Кто его замысла не поймет?  
Четыре части – ты понял, мой хан?  
Иртыш, Яик, Идиль, Чулман,  
На четыре части разрежет край.* (Перевод С. Липкина)

В рассматриваемом нами отрывке через названия водных объектов *Иртыш*, *Яик*, *Идиль* и *Чулман* описываются границы правления Токтамыс хана, от востока на запад, т.е. Иртыш – это самый восточный географический пункт, а Чулман (Кама) – западный. Более того, исследователи-фольклористы утверждают, что в данных строках посредством наименования рек сказители изображают пророчество о будущем распаде Золотой Орды на четыре части.

Рассматриваемый нами эпос находится в географической целостности, потому что вся жизнь, действия главных героев не проходят в одном месте, а реально существующие топонимы вносят в фольклорный текст конкретность и достоверность.

**Результаты.** События, описываемые в эпосе «Едиге» глубоко историчны, однако сюжет и мотив эпоса причастны к мифологическому хронотипу. Благодаря подвигу Едиге

слушатели знакомятся с огромными просторами Евразийской степи. Его путешествия проходят по самым важным и сакральным местам обитания тюркских народов. Сказитель умудряется показать максимальное количество топонимов.

В итоге изучения, приходим к выводу, что топонимы в национальных вариантах эпоса «Едиге» являются главным ориентиром во времени и пространстве. Для более достоверности событий, происходящихся в эпосе, сказитель использует названия реальных географических объектов, которые существуют и в настоящее время.

В результате, топонимы в фольклоре являются средством передачи историко-культурного наследия тюркского народа. Через топонимов, в фольклорном тексте развивается жизненное пространство главных персонажей и маркируются самые значимые для сказителей или чем-либо запомнившиеся им географические объекты.

**Заключение.** Таким образом, географические реалии, зафиксированные во всех нами изученных национальных версиях эпоса «Едиге», обозначают пространство, сохранившееся в исторической памяти тюркского народа. Эпос «Едиге» – «Идегей» дает значительный материал для восстановления некоторых картин этнической истории народов. В эпосе употребляются названия реальных топонимических объектов, которые выполняют информативную функцию и связаны они с событиями, которые имели место в истории и культуре тюркских народов. Чаще всего, ими называются родные места эпического героя или сказителя.

Подводя итоги, можно сделать следующий вывод: топонимические названия во всех национальных вариантах эпоса «Едиге» следует рассматривать как особый микромир, в котором отображается реальная действительность, с которой знаком каждый этнос. Вопрос изучения топонимов в данном эпосе практически не был подвержен специальным исследованиям и требует дальнейшей комплексной доработки.

### Литература

1. Kongyratbay T., Kongyratbay K. Hermeneutical aspects of Kazakh heroic epic study. Middle East Journal of Scientific Research. 2013, no. 18 (9), pp. 1330-1334. DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.18.9.12373
2. Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. – Монография. Ақтөбе, 2018. – 280 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 39: Батырлар жыры. – 2006. – 448 б.
4. Қарақалпақ фольклоры. Т. 27-42. – Ташкент: Маънавият, 2009. – 536 б.
5. Идегей: Татарский народный эпос. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1990. – 256 с.
6. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. / Избранные труды. Л.: 1974. – 728 с.
7. Allamberganova, G. K. (2019). Karakalpak dastan “Edige” and “Sharyar” from the point of view of foreign scientists: some problems of typology of magic events of plot motives. ISJ Theoretical & Applied Science, 12 (80), pp. 529–538. DOI: <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2019.12.80.100>
8. Тюркский героический эпос / Фатых Ибрагимович Урманче. – Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.
9. Асанов Ж.А. «Едіге» жыры- тарихи-қаһармандық эпос»: автореф. дисс. к. филол. н. – Алматы, 2010. 28 с.
10. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». Keruen. 2022, no. 2, V. 75, pp. 72–81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05>
11. Лалакова З. Сравнительный анализ среднеазиатских версий эпоса «Гёроглы». Вестник северо-восточного федерального университета им. М.К. Аммосова. Серия: эпосоведение, 2018, 2(10), С. 40–49. DOI: 10.25587/SVFU.2018.10.14552
12. Kenbayeva A.Z., Soylemez O. The place of toponyms in folk prose genres (on the example of regional toponymic legends) // Journal «Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL» series «Philological sciences». 2022, no. 2, V. 65, pp. 29-32. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.022>
13. Калбаева Г.С. Мотив чудесного рождения в каракалпакских народных легендах и его исторические основы. Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2018. Т. 9(3), С. 774-786. DOI: 10.22363/2313-2299-2018-9-3-774-786

**А.З. КЕНБАЕВА, А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік университеті, Ақтобе қаласы, Қазақстан

**Г.Ж. МАМБЕТОВА**

Ажинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Нөкіс қаласы,  
Қарақалпақстан

**«ЕДИГЕ» ЭПОСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ  
(ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ҰЛТТЫҚ НҰСҚАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста «Едіге» эпосындағы топонимдер тарихи факт ретінде қарастырыла отырып, олардың көркемдік ерекшеліктері мен функциялары анықталған. Зерттеу материалдары ретінде түркі халықтарының тарихи жадын жеткізуші болып табылатын «Едіге» эпикалық поэмасының қазақ, карақалпақ және татар ұлттық нұсқалары алынған.

Зерттеудің мақсаты «Едіге» эпосындағы топонимдерді тарихи оқиғалардың куәгері ретінде ғана емес, уақыт пен кеңістіктегі бағдар ретінде де қарастыру болып табылады. Зерттеудің негізгі әдістері - сипаттамалық, салыстырмалы және салыстырмалы тарихи әдістер.

Жұмыста «Едіге» эпосында нақты географиялық объектілердің атаулары қолданылатындығы анықталған, олардың сипаттамасы қазір шындыққа сәйкес келеді, бұл эпостың зерттеліп отырған нұсқаларында сипатталған оқиғалардың көпшілігі Алтын Орда дәуірінде түркі халықтарының ерте тарихында орын алған нақты тарихи оқиғалардың жаңғырығы болып табылатындығын көрсетеді. Екінші жағынан, эпостағы географиялық нысандардың атаулары мифологиялық негізге ие болуы мүмкін, кейде эпосты жеткізушілердің қиялының жемісі де болады.

Қазақ, карақалпақ және татар этностарының тарихи шындығы, мәдени құндылықтары мен ұлттық өзгешелігі бар топонимика мен фольклордың байланысын зерделеу түркі халықтары әлемінің фольклорлық-тілдік бейнесіндегі бірегей дүниетанымды ашуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** топоним, фольклор, эпостық жыр, дүние суреті, қазақ тілі, карақалпақ тілі, татар тілі.

**A.Z. KENBAYEVA, A.SH. PANGEREYEV**

K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

**G.ZH.MAMBETOVA**

Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz, Nukus, Karakalpakstan

**THE FUNCTIONS OF TOPONYMS IN THE EPIC “YEDIGE”  
(ON THE MATERIAL OF KAZAKH, KARAKALPAK AND TATAR NATIONAL  
VERSIONS)**

**Abstract.** This paper identifies the artistic features and functions of toponyms as a historical fact in the epic “Yedige”. The materials of the study are the Kazakh, Karakalpak and Tatar national versions of the epic poem “Yedige”, which are the carriers of the historical memory of the Turkic peoples.

The purpose of this study is to consider toponyms in the epic “Yedige” not only as witnesses of historical events, but also as landmarks in time and space. The main methods of research are descriptive, comparative and comparative-historical methods.

It was revealed that the names of real geographical objects are used in the epic “Yedige”, the description of which still corresponds to reality. This indicates that most of the events that are

described in the studied national versions of the epic are to a large extent echoes of real historical events that took place in the distant past of the Turkic peoples in the era of the Golden Horde. On the other hand, the names of geographical objects in the epic can also have a mythological basis, being sometimes the fruit of the imagination of the storytellers themselves.

The study of the connection between toponymy and folklore, which contains historical realities, cultural values and national originality of the Kazakh, Karakalpak and Tatar ethnic groups, allows us to discover a unique worldview in the folklore and linguistic picture of the Turkic people.

**Keywords:** toponym, folklore, epic poem, world picture, the Kazakh language, the Karakalpak language, the Tatar language.

### References

1. Kongyratbay T., Kongyratbay K. Hermeneutical aspects of Kazakh heroic epic study. Middle East Journal of Scientific Research. 2013, no. 18 (9), pp. 1330–1334. DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.18.9.12373
2. Pangereev A.Ş. Jer-su ataulary jāne ūlttyq ruhaniat. Monografia. /«Jūbanov kitaphanasy» seriasy. — Aqtöbe: «Jūbanov universiteti» baspasy, 2018. — 314 b.
3. Babalar sözi: Jüz tomdyq. — Astana: «Foliant», 2006. T. 39: Batyrlar jyry. — 2006. — 448 b.
4. Qaraqalpaq föklory. T. 27–42. — Taškent: Manaviat, 2009. — 536 b.
5. Idegej: Tatarskij narodnyj jepos.— Kazan': Tatarskoe kn. izd-vo, 1990. — 256 s.
6. Zhirmunskij V.M. Tjurkskij geroicheskiy jepos. / Izbrannye trudy. L.: 1974. — 728 s.
7. Allambergenova, G. K. (2019). Karakalpak dastan “Edige” and “Sharyar” from the point of view of foreign scientists: some problems of typology of magic events of plot motives. ISJ Theoretical & Applied Science, 12 (80), pp. 529–538. DOI: <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2019.12.80.100>
8. Tjurkskij geroicheskiy jepos / Fatyh Ibragimovich Urmanche. — Kazan': IJaLI, 2015. — 448 s.
9. Asanov J.A. «Edige» jyry- tarihi-qaharmandyq epos» : avtoref. diss. ... k. filol. n. — Almaty, 2010. 28 s.
10. Kenbayeva A.Z., Pangereyev A.Sh., Mambetova G.Zh. The study of place names in the Karakalpak heroic epos «Yer Ziyuar». Keruen. 2022, no. 2, V. 75, pp. 72–81. DOI <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-05>
11. Lalakova Z. Sravnitel'nyj analiz sredneaziatskih versij jeposa «Gjorogly». Vestnik severo-vostochnogo federal'nogo universiteta im. M.K. Ammosova. Serija: jeposovedenie, 2018, 2(10), S. 40–49. DOI: 10.25587/SVFU.2018.10.14552
12. Kenbayeva A.Z., Soylemez O. The place of toponyms in folk prose genres (on the example of regional toponymic legends) *Journal «Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL» series «Philological sciences»*. 2022, no. 2, V. 65, pp. 29–302. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.022>
13. Kalbaeva G.S. Motiv chudesnogo rozhdenija v karakalpakskih narodnyh legendah i ego istoricheskie osnovy. Vestnik RUDN. Serija: Teorija jazyka. Semiotika. Semantika. 2018. T. 9(3), C. 774–786. DOI: 10.22363/2313-2299-2018-9-3-774-786

### Сведения об авторах:

**Кенбаева Айнур Зинеловна** – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты, Ақтөбе, Қазақстан.

**Кенбаева Айнур Зинеловна** – докторант Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан.

**Kenbayeva Ainur Zinelovna** – doctoral student, K. Zhubanov Aktobe Regional University.

**Пангереев Абат Шамович** – филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, Ақтөбе, Қазақстан.

**Пангереев Абат Шамович** – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан.

**Pangereyev Abat Shamovich** – Doctor of Philology, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University named, Aktobe, Kazakhstan.

**Мамбетова Гулназ Жаксымуратовна** – философия докторы (PhD), Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, Нөкіс, Қарақалпақстан.

**Мамбетова Гулназ Жаксымуратовна** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Нукусского государственного педагогического института имени Ажинияза, Нукус, Каракалпакстан.

**Mambetova Gulnaz Zhaksymuratovna** – PhD, senior lecturer, Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz, Nukus, Karakalpakstan.

Г.Т.КУРМАНГАЛИЕВА<sup>1</sup> А.М. КАРТАЕВА<sup>2</sup> 

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(email: [guka.185@mail.ru](mailto:guka.185@mail.ru)<sup>1</sup>, [kartaeva2011@mail.ru](mailto:kartaeva2011@mail.ru)<sup>2</sup>)

## АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі саласының бірі – абайтану ғылымының қалыптасу тарихы сөз болады. Абайтану тарихының қалыптасу процесі мен зерттелу тарихына шолу жасала отырып, Абай мұрасын әр жылдары танытып зерттеген ғылыми еңбектер талданып қарастырылады. Негізгі бөлімде Абайды тану тарихы, жалпы ақын мұрасының зерттелу жайы қысқаша талдана отырып, көптеген ғылыми құнды, тарихи деректер сарапталып көрсетіледі. Абайтану тарихын зерттеуші ғалымдар еңбегі арқылы ақынның болмысы мен азаматтық тұлғасы айқындалады. Зерттеуші ғалымдардың зерттеу еңбектері мен монографияларындағы тың ізденістерін зерделей келе, қазіргі абайтану пәнінің маңызы, тиімділігі көрсетіледі. Абай мұрасы туралы деректердің ғылыми-зерттеу дәрежесі артып отырған қазіргі кезде абайтанудың зерттелу тарихы мен қалыптасу кезеңдері сараланып беріледі. Абайтану ісін ғылыми жүйеге түсірген М. Әуезовтен бастап, бұл салада Ы. Мұстамбайұлы, Қ. Жұбановтың, Б. Кенжебаевтың, Қ. Жұмалиевтің, З. Ахметовтің, Қ. Мұхамедхановтың, М. Мырзахметұлының тағы басқа ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, абайтанудың қалыптасу тарихына көз жіберіп, тәуелсіздік кезеңіндегі еңбектерге жаңа қырынан талдау қажет екенін ұсынады.

**Түйін сөздер:** абайтану, абайтану тарихы, ғылыми еңбек, зерттеу, мақала, монография, ғылыми өмірбаян.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда әлемге танылып отырған қазақ әдебиеті тарихы ғылымының іргелі саласының бірі – Абайтану.

«Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды...

XIX ғасырдың аса көрнекті демократ ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұраларын зерттейтін ғылым саласы» - деп академик З. Ахметов «Әдебиеттану терминдер сөздігі» еңбегінде анықтама берген [1, 26].

Көптеген уақыттар бойы тынымсыз жұмыстардың нәтижесінде ақын мұрасы жайлы жазылған, жарияланған, зерттеу жүргізілген әр түрлі сипаттағы ақпараттар мен деректер осы күндері шамамен төрт мыңға жуық. Абай мұрасы туралы көп деректер санымен бірге сапа жағынан да ғылыми дәрежесі артып отырған қазіргі кезде абайтанудың зерттелу тарихы мен қалыптасу жолына жақсы ықпал етері анық.

Абайтану ғылымының қалыптасу процесі мен зерттелу тарихы бар. Бұл саланың басты зерттеу нысанасы болып отырған Абай мұрасын тану, оны бағалау жайы үздіксіз зерттелу үстінде.

Абайтану ілімі негізінің қалануы мен зерттелу барысы туралы ғалым Т. Кәкішев: «Әдеби мұраны игерудің барысы тұрғысынан да, сонымен қатар, сыншылдық ой-пікірдің эволюциясы тұрғысынан да бірінші кезеңді 1917-1933 жыл аралығымен белгілеген дұрыс, өйткені осы кезеңде Абай творчествосын тану-танымау мәселесі аяқын шешілді. Абай шығарма-

ларының 1933 жылғы жинағы алғашқы кезеңінің қорытындысы болды. Демек, Абай шығармалары айтыс-тартыс, «ішке тарту, сыртқа тебу» дәуірінен өтіп, халық кітапханасынан орын алды. Алайда Абай творчествосының шын мәні, тарихи орны әлі анықталмай, келешек кезеңнің ауқымына ауысты» [2, 5] – дейді. Өйткені, бұл кезеңде Абай шығармаларының жарық көруі мен таратылуынан басқа Абайтану ілімін зерттеуге даярлық кезі болды деуге болады. Осыдан кейінгі кезеңдерден бастап қазақ зиялылары Абай өмірі мен шығармаларына байланысты деректерді жинауға көңіл бөлген еді.

Жалпы Абай шығармалары мен оның мұрасы жайлы пікірлер 1889 жылдан бастау алса, Абайтану тарихын ғылыми тұрғыдан зерттей бастау әрекеті 1950 жылдардан басталды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу мәселесі бойынша Абайтану ғылымының қалыптасу кезеңдері мен тарихы, М.Әуезовтің Абайтану саласындағы еңбектерін бүгінгі уақыт талабы тұрғысынан пайымдау. Абайтану ғылымының қалыптасуына еңбек сіңірген зерттеушілер мен олардың ғылыми зерттеулерін зер салып талдау; сайттардан ақпараттар жинақтау; ақпараттарды өңдеу, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

**Талқылау мен бақылау.** Абайтану ғылымының бастауы туралы айтқанда, алдымен Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларын ауызға аламыз. А. Байтұрсынұлы, 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай- қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» [3, 58] – деп Абайды жоғары бағалады.

Қазақ әдебиетіндегі Абайтану ғылымының негізін салушы М. Әуезов деп толық айта аламыз. Ғалым Абайды тануға, шығармашылығын талдап, өмірі мен еңбегін зерттеуге мол еңбек сіңірді. М. Әуезов Ж. Аймауытовпен бірігіп «Абайдың өнері һәм қызметі» деген ғылыми мақала жариялады. Осы кездерде М. Әуезовтің Абайды танып білуге деген қызығушылығы басталған еді. М. Әуезов өмірінің отыз жылын Абайдың әдеби мұрасын жұмсайды. Осындай ізденістердің нәтижесінде ғалым 1940 жылы «Абай» романын жазады. Бұл М. Әуезовтің ұлы шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясының бастамасы болды.

М. Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» деген монографиялық зерттеуінде Абайдың әдеби мұрасын толық алып, ақындығы мен көркемдік қырларының даму жолдары, дүниетанымы мен рухани өсуін негізге ала отырып, өз кезеңінің тарихи шындығымен бірлікте қарап сыни түрде талдау жасайды. Ғалымның Абай шығармашылығын зерттеудегі еңбегінің жетістіктері әдебиетімізде үнемі маңызы жоғары болып табылады.

М. Әуезовтің Абайтану ғылымына қосқан үлесін кеңінен танып, бүгінгі уақыт тұрғысынан бағасын беріп, әдебиетіміздің тарихында алар орнын бағамдау маңызды.

Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде алғашқы ғылыми ой айтқан ғалымның бірі – Әлихан Бөкейханұлы. Оның 1903 жылы «Киргизский край» атты кітапқа «Қырғыз» атты зерттеу еңбегі енген еді. Бұл еңбекте Абайды поэзиядағы жаңа бағыттың өкілі ретінде жазып, жоғары бағалайды. «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай, Абай аса талантты поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы бола білді. Халықтың рухани шығармашылық қасиетін осынша биікке көтерген Абай сияқты қырғыз (қазақ) ақыны осы кезге шейін болған емес. Жылдың төрт мезгіліне арнаған (көктем, жаз, күз және қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қояды» [4, 20] – деген қорытынды жасайды.

Осы бір шағын пікірлердің өзінен Абайдың ұлылығын, қазақтың жаңа әдебиетінде алатын орнын, ақынның әлем поэзиясының биік деңгейіндегі шығармашылығын көруге болады.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлы Абайтану тарихын танытуда Абайдың шығармашылығын зерттеушілер мен танытушыларды да атап өтеді. Олар жөнінде былай дейді: «Абай қайтыс болғаннан кейін оның әдеби мұрасын халықтық мұрасын халықтық

тұрғыдан бағалап, қолдан келгенше аянбай әрекет еткен қалам қайраткерлері де болды. Бірақ бұлар ақын мұрасын әр түрлі дәрежеде таныса да, ол дәуірдегі әдеби сынның толыспаған жағдайына байланыста үлкен талап қоярлық дәрежеге көтеріле алмады. Олар ақын мұрасын қазақ тілінде шығатын баспасөз арқылы насихаттауды Абай қайтыс болғаннан кейін-ақ көп ұзамай қолға алды. Бұл жолда азды-көпті еңбек етіп, Абай мұрасын танытуда, бағалауда өзіне тән үлес қосқан: Бөкейханов, Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауи, Кәкітай Ысқақов, С. Торайғыров, С.Әбішұлы сияқты революцияға дейінгі қазақ қауымының қоғамдық ой-санасының демократиялық-ағартушылық бағытындағы интеллигенттер тобы еді» [5, 20].

Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағының жарық көруі Абайтану ғылымында ұлы оқиғаларының қатарына кіреді. Осы жинаққа «Абай (Ибрагим) Құнанбай ұлының, өмірі» атты мақала жазған. Кәкітай мақаласы да Абайтану тарихында көрнекті орын алатынын ғалымдар зерттеулерінен көреміз.

Бұл айтқандардан Абайтану саласындағы Абай шығармашылығына арналған алғашқы ғылыми мақалалардың тарихи маңызын ғана емес, ғылымдық пікірлер айтуы жағынан да елеулі табыстары болғанын көреміз. Ол кейінгі зерттеушілерге кемел ой салды. Ақын шығармаларының халықтық маңызы, оның қазақ әдебиеті тарихындағы орны жайлы ойлар соңғы зерттеушілер тарапынан қолдау тапты, жаңа деректермен толықтырылды, дәлелденді.

**Нәтижелер.** Абайтану ісін негіздеп, ғылыми жүйеге түсірген – М. Әуезов. «Абайтанудың алғашқы негізін де М. Әуезов жазған Абайдың ғылыми өмірбаянында жатқаны мәлім, Абай өмірбаянын ғылыми негізде жаза отырып М. Әуезов абайтану саласындағы бірнеше күрделі мәселелерді тұтастай қарастыруды бірден қолға алды. Себебі Абайдың жаңа типтегі ақын, қоғам қайраткері боп қалыптасқанын көрсету үшін, сол дәуірдің тарихи шындығын яғни жасаған әлеуметтік ортасы мен араласқан адамдарын, руларын, билік атаулары мен жер аттарын, ақын шығармалары нәр алған бұлақтарын, Абай мұрасындағы жаңа бағытты, Абай өлеңдерінің жазылу себептерін т.б. көптеген қосалқы мәселелерді қамту қажет еді» [6, 9]. Бұл ғалымның ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің жемісі десе болады. Сонымен бірге Ы. Мұстанбайұлы, Қ. Жұбановтың, Б. Кенжебаевтың, З. Ахметовтің, М. Мырзахметұлының тағы басқа абайтанушылардың сіңірген еңбектерін ерекше атап айтуға болады.

Осы жылдарда Абай мұрасы туралы көптеген кереғар пікірлерге қарсы пікір білдірушілердің бірі – Ыдырыс Мұстамбайұлы. Оның Абай мұрасы туралы жазған мақалаларының сол кезеңнің ерекшелігіне сай елеулі кемшілігі бола тұрса да, Абай шығармаларын мұра ретінде қабылдау мен зерттеу туралы жақсы бағыттағы пікір болды. Ол: «Абайдың өлеңдерінің ішінде жалғыз процент ұлтшылдық не орысқа қарсы пікір жоқ, көп жолдастары Абайдың атын бүркей береді. Бұл – тарихи қиянат. Абайды апарып осы күнгі ұлтшылдарға апарып жанастырады» – деп, Абай мұрасының бұрмалануын ашып көрсетеді.

Ы. Мұстамбайұлының «Абай» деген көлемді мақаласы – сол кездегі көтерген мәселесі жағынан мәні жоғары және ғылыми құнды еңбек. Ғалым Абай шығармаларының басты ерекшелігі – оның шыншылдығы деп көрсетті. Сонымен бірге Абайдың жаңашыл ақын екендігін жазады.

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі» - деген тұжырым жасаған зерттеушілердің бірі - Құдайберген Жұбанов. Абай туралы тұтас зерттеу еңбегі – «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» деп аталады. Бұл ақын мұрасына берілген ерекше баға еді. Көптеген ғалымдарымыз тұрпайы саясаттың шырмауынан шыға алмай жатқан кездің өзінде өз ойын тиянақты дәлелдей білген ғалым еді. Абай мұрасы туралы Қ. Жұбанов зерттеулерінің тереңіне бойлау – бүгінгі күн мәселелерінің де ең маңыздысы.

Абайтану ғылымы үшін 1920-30 жылдар да өнімді болды деуге болады. Ақынның



өмірден өткеніне 30 жыл толуына байланысты көптеген ғалымдар мақалаларын жариялап, ақын мұрасы туралы ғылыми пікірлер жазды. Солардың ішіндегі маңыздысы Құдайберген Жұбановтың «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегін бөліп атауға болады. Мақала Абай мұрасы туралы кезінде айтылған кері пікірлерге берілген жауап болғандай. «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай ысырушылар, оған да міне тұтпай, табалдырықтан шығарып тастаушылар, менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр. Ол - өз тұсында, жалғыз қазақ ғана емес, басқа көршілес елдерден де Абайдың әдебиеттегі үздіктігі» деген пікірі.

Осы тұста жарық көрген басқа еңбектердің ішінен М. Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы», Ә. Мәметованың «Абай - кезеңінің дана ақыны», М. Сильченконың «Абайдың реализмі», Е. Ысмайылов пен З. Шашкиннің «Абайдың поэтикасы» атты мақалаларын айту орынды. Бұл мақалаларда Абай шығармалары жан-жақты зерттеліп, түрлі ой-пікірлер қозғалды. Кейінгі жылдары Абай шығармашылығы арнайы зерттелетін жеке объектіге айнала бастады.

Отызыншы жылдардың ішінде Абайға арналған көптеген зерттеулер жазылды. Олардың ішінде Б. Кенжебаевтың «Абай туралы пікірлер», М. Әуезовтің «Абайдың мәдени ізденулері», С. Мұқановтың «Абай — халық ақыны» сияқты ғылыми мақалалары «Әдебиет майданы» журналында жарық көріп тұрды. Кейін ақынның 95 жылдық мерейтойында да көптеген зерттеулер жарық көріп, Абай мұрасы сан-салалы зерттеулерге ұласты.

«Көркем шығармашылық тарапынан бұл тақырыпты арнайы түрде зерттеу қажеттілігі ұсынылды. Осы тұстан бастап бұл тақырып төңірегінде көптеген мақала, зерттеулер шоғырлана түсті. Х. Сүйіншәлиев университеттер мен педагогикалық институттарда оқытылып келе жатқан «Абайтану тарихынан» арнайы курс пен семинарға арнап бағдарлама жасады. Ал Т. Кәкішев қазақ әдеби сын тарихы мен абайтану тарихын жалғастыра баяндайтын «Оңаша отау» (1982ж.) кітабында көптеген тың пікірлер ортаға салды» [7, 7]. Осылайша Абайтану ғылымы кемелденіп, сан-салалы зерттеулерге ұласып жатты. Абайтану бойынша осындай құнды пікір айтып, ғылыми зерттеу жазуда ақынды тану, оның сөздерін терең қабылдау қажет.

С. Мұқанов пен Ілияс Қабыловтың Абай мұрасы туралы пікіріне қарсы пікір талас тудырып айтысқа араласқандардың бірі – Мұстамбайұлы Ыдырыс. Оның Абай мұрасы туралы жазған мақалаларының сол кезеңнің әдеби атмосферасына тән елеулі кемшілігі бола тұрса да, Абай шығармаларын мұра ретінде қабылдау оны зерттеу қажеттігі туралы бірден-бір дұрыс бағыттағы пікір еді.

Кейінгі кездегі Абайтану тарихында өзіндік орны бар ғалымдардың бірі - Бейсембай Кенжебаев. Ғалым көбінесе С. Торайғыров туралы зерттеулер жазған. Алайда осы Сұлтанмахмұт Торайғыров та Абай мұрасын тұғыш зерттеушілердің бірі еді. Бұл туралы академик Зәки Ахметов: «Сұлтанмахмұт – Абай дәстүрін дамыта түсушілердің бірегейі, әрі ақын мұрасының әлеуметтік тамырын тереңірек танығандардың бірі. Абайдың жаңа бағыттағы қазақ әдебиетінің негізін салып, классикалық дәрежеге көтерген еңбегін Сұлтанмахмұт творчестволық іздену, азабы мол ақындық жолды бастан кешіру, әдеби тілдің тазалығы туралы заман талабы күн тәртібіне қойып отырған мәселеге жауап беру тұрғысынан келді» - деген [8, 27]. Б.Кенжебаев болса өз ғылыми еңбектерінің негізінде де Абайтану арнасына көптеген құнды пікірлер жазды.

Абайтану тарихында өзекті пікір айтып, маңызы зор зерттеулер жүргізген ғалымның бірі - З. Ахметов. Абай мұрасының көрнекті зерттеушісі. Оның бір ғана «Абайдың ақындық әлемі» зерттеуін мысалға алатын болсақ, Абайдың ақындығын, адамдық мұраттарын қазіргі деңгейде терең, толық зерттеп, ақынның әдебиетке әкелген көптеген өзгерістерін көрсетуді мақсат етеді.

Абайдың қазақ әдебиетіндегі кейінгіге үлгі болған дәстүрі, оның шығыс, орыс әдебиетімен байланысы, түрлі аудармалары, Абай өлеңдерінің құрылысына арналған

З. Ахметовтің, Абайдың педагогикалық, психологиялық көзқарастары жайлы Қ. Жарықбаевтың, Абай шығармаларының басылу тарихы, текстологиясы мен оның ақындық мектебі туралы Қ. Мұхамедхановтың, Абай өмірі мен шығармашылығы жайлы тың деректер жинаған М. Бейсембаевтың көптеген еңбектері де Абайтану ғылымына қосылған еңбек деп бағалау орынды.

Абайтану тарихының дамуына зор үлес қосушы абайтанушы ғалымдардың бірі – М. Мырзахметұлы. Абайдың толық адам ілімін тереңдете зерттеген ғалым. Абай дүниетанымы мен идеяларын қоғам игілігіне айналдыруға бар күш-қуатын жұмсауда елеулі еңбек етуде.

«Толық адам» ілімі арқылы жастарды тәрбиелей аламыз. Алланың бойындағы сегіз сипат адамда да бар, бірақ Алладағыдай толық емес. Сондықтан бойымыздағы сегіз сипатты Аллаға еліктей отырып күрделендіріп, жөндеуіміз керек. Соған ұмтылуымыз керек. «Толық адам» ілімі содан барып шығады», - дейді Мекемтас Мырзахметұлы [9, 9].

М. Мырзахметұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында әрқайсысы 400 беттен тұратын Абай туралы еңбегінің он томдығын шығарды.

Ғалым Абайтанудың тарихын ғылыми түрде кезеңдерге бөліп, сипаттап ұсына білді. Абайтану тарихының үш кезеңін көрген (М.Әуезов кезеңі, М.Әуезовтен кейінгі кезең, бүгінгі Абайтану) ғалым Мекемтас Мырзахметұлының еңбегі аса биік.

Абайтанудың өткенін негізге ала отырып, өңделіп отыратын бұл сала маңызы мәңгілік. «Әр дәуір, қоғамдық өзгерістер, көзқарастардың жаңаруы оған өз міндетін жүктейді. Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Осы тұрғыдан ғылымға тек советтік ұрпақтың, ғана емес, бүгінгі өзгеру дәуірі ұрпағының да ой-пікірі, көзқарасы қажет. Абайтану есігі кімге де болса, ойы бар, пікірі бар оқырманның бәріне ашық. Ұлы ақынның 150 жылдығы алдында жүргізілетін жұмыстарға осылай көп болып, ғалымдардың әр ұрпағының өкілдері боп қатыссақ, көп көтерген жүк жеңіл болмақ» [10, 115]. Әр ғалым Абайдан өзіне қажетін біліп, ғылыми зерттеп, түрлі деңгейде Абайтану саласын дамытуда. Бұл Абайтану ғылымының өміршеңдігін көрсетсе керек.

**Қорытынды.** Абайтану ғылымы туралы қанша көп айтылса, алда әлі де айтылар сөз одан да көп. Ақын мұрасы ескірмейді, әр ұрпақ оны жаңадан оқып, өзінше түсінеді, өз пікірін айтады.

Әр заманның өз міндеттері болады. Қазақтың Абай мұрасындай рухани байлығы әлемдік өркениеттің төрінен орын алған бүгінгі жаңа Қазақстан тұсында Абайтануды әлемге таныту міндеті тұр. Бұрынғы айтылғандардың барлығы жарамсыз деген сөз емес, бұл жерде аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, жаңаша ой түйіндеу дұрыс болар.

Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында да көптеген жаңа мәліметтер, ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрді. Ұлттық ғылым академиясының, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімі ақын шығармаларына текстологиялық зерттеу жүргізіп, екі томдық, академиялық жинақ дайындап, оның өмірі мен шығармашылығын зерттейтін жаңа еңбектер жасады. Ат салысқан ғалымдар қатарында Қ. Мұхамеджанов, З. Ахметов, М. Мырзахметұлы, Ж. Ысмағұлов, Б. Байғалиев, Қ. Сералин т.б. болды. Шығармаларының ғылыми түсініктері қайта жазылып, толықтырылды. Естеліктер жинағы жарық көрді. Бұл жинақ Абайтану тарихында бірінші рет басылған еді. Б. Байғалиевтың «Абай өмірбаянының деректі көздері», З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі», М. Мырзахметұлының «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абайтану тарихы», Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері», Ж. Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағылымы», Қ. Салғариннің «Таным баспалдақтары», т.б. монографиялық зерттеулері бар.

Абайтану ғылымы өзіндік тарихы қалыптасқан ұзақ уақыттан өтті. Қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы болып қалыптасты. Осы иеленген жетістіктерді жаңғырта отырып, заманымыздың жаңалық сипатына сай дамыту, Абай мұрасын жаңа заман қажеттілігіне айналдыру бәріміздің міндетіміз.

### Әдебиеттер

1. Әдебиеттану: терминдер сөздігі. Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – 3-ші бас. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 400 б.
2. Кәкішев Т. Абайтану тарихының мәселелері [Мәтін] // Абай ғылыми-зерттеу институты хабаршысы. – 2012. – 23 ақпан. – 13б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 294 б.
4. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 455 б.
5. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 191 б.
6. Өмірбекова Н. М. Әуезов Абайтанудың негізін салушы [Мәтін] // Абай әлемі. – 2022. – 5б.
7. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушы ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
8. Ахметов З.А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
9. Мырзахметұлы М. Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде [Мәтін] // Жұлдыз журналы, 2022. – 10 қазан.
10. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.

**Г. КУРМАНГАЛИЕВА, А. КАРТАЕВА**

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казахстан

### ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ НАУКИ АБАЕВЕДЕНИЯ

**Аннотация.** В статье рассматривается история становления одной из фундаментальных отраслей казахского литературоведения – абаеведения. Анализируя процесс становления и развития абаеведения, исследуются научные работы, представившие и изучившие наследие Абая в разные годы. В основной части кратко излагается история признания Абая и область исследования наследия поэта в целом, анализируются многие ценные научно-исторические данные. Творчество и гражданская личность поэта определяется благодаря трудам ученых, изучающих произведения Абая. Важность и эффективность современной дисциплины показывает изучение научных работ и монографий ученых-исследователей. В настоящее время, когда повышается уровень научной изученности данных о наследии Абая, дифференцируется история изучения абаеведения и этапы его становления. Начиная с М. Ауэзова, который ввел изучение абаеведения в научную систему, на основе работ Ю. Мустамбаули, К. Жубанова, Б. Кенжебаева, К. Жумалиева, З. Ахметова, К. Мухамедханова, М. Мырзахметула и других ученых в этой области, история становления абаеведения предполагает необходимость анализа произведений периода независимости с новой точки зрения.

**Ключевые слова:** абаеведение, история абаеведения, научная работа, исследование, статья, монография, научная биография.

**G. KURMANGALIEVA, A. KARTAYEVA**

Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

### THE HISTORY FORMATION OF THE SCIENCE OF ABAI STUDIES

**Abstract.** The article will focus on the history of the formation of one of the fundamental branches of Kazakh literary science – Abay studies. An overview of the history of the formation and study of the history of Abay studies is made, scientific works that have shown the heritage of Abay in different years are analyzed. In the main part, a brief analysis of the history of Abai's knowledge, the study of the poet's heritage in general, a lot of scientifically valuable historical facts are analyzed. Through the work of scientists studying the history of Abay studies, the personality and civic identity

of the poet are revealed. After studying the research of research scientists in research works and monographs, the importance and effectiveness of the modern discipline of Abay studies is shown. The history of the study and the stages of the formation of Abay studies are differentiated in modern times, when the degree of research of data on the heritage of Abay is increasing. Starting with M. Aueзов, who brought Abay studies into the scientific system, based on the works of Y. Mustambayevich, K. Zhubanov, B. Kenzhebayev, K. Zhumaliyev, Z. Akhmetov, K. Mukhamedkhanov, M. Myrzakhetuly, it is necessary to look at the history of the formation of Abay studies and analyze the works of the independence period from a new angle

**Keywords:** Abay studies, history of Abay studies, scientific work, research, article, monograph, scientific biography.

### References

1. Ädebiattanu: terminder sözdıgı. Qūrast.: Z.Ahmetov, T.Şañbaev. – 3-şı bas. – Semei-Novosibirsk: Taler-Pres, 2006. – 400 b.
2. Käkışev T. Abaitanu tarihyñ mäseleleri [Mätın] // Abai ğylymi-zertteu instituty habarşysy. – 2012. – 23 aqpan. – 13 b.
3. Baitürsynüly A. Bes tomdyq şyğarmalar jınağy. 1-tom. – Almaty: Alaş, 2003. – 294 b.
4. Qazaq ädebietinñ qysqaşa tarihy: Oqu qūraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 455 b.
5. Myrzahmetov M. Abaitanu tarihy. – Almaty: Ana tılı, 1994. – 191 b.
6. Ömirbekova N. M. Äueзов Abaitanudyñ negizın saluşy [Mätın] // Abai älemi. – 2022. – 5 b.
7. Qalijanüly U. Qazaq ädebietindegi dini aǵartuşy aǵym. – Almaty: Bılım, 1998. – 256 b.
8. Ahmetov Z.A. Abaidyñ aqyndyq дәstürı. – Almaty: Ana tılı, 1995. – 272 b.
Современные ученые выделяют три доминирующих свойства постмодернизма. К ним относятся диалогизм, игра и интертекстуальность. Однако среди перечисленных характеристик отсутствует ядро управления, позволяющее организовать единство их практического применения. Таким образом, симулякр анализируется как универсальная категория эстетики периода постмодернизма и как ключевой элемент поэтики постмодернистского текста. Симулякр представляется как один из инструментов изучения постмодернистских произведений. Всесторонне проанализированы концепции Ж. Бодрийяра «Симулякр и симуляция», представления Ж. Делеза о связях между религией и симулякром. В работах русского литературоведа М. Бахтина рассматриваются теории, касающиеся проблем художественного текста, автора и героя. На основе теории «Автора-героя», рассматривается взаимосвязь проблемы целостности автора и героя с понятием симулякра.

**Ключевые слова:** постмодернизм в литературе, литературный симулякр, симулякры и симуляция, поэтика литературного симулякра, симуляция реальности, симулятивная реальность

#### Литература

1. Витель Е.Б. Инверсия смыслов в художественной культуре XX века: от антропоцентризма к «новой художественной реальности» (на материале творчества Д.Шостаковича): Автореф д-ра культурологии. Кострома, 2010.
2. Платон. Государство. Перевод с древнегреческого А.Н. Егунова М.: Академический проект, 2015. — 398 с.
3. Делез Ж. Логика смысла. М. – Екатеринбург, 1998, с. 371
4. Класовски П. Симулякры Жоржа Батая // Танатография Эроса: Жорж Батай и французская мысль середины XX века. СПб.: Мифрил, 1994.
5. Делёз Ж. Платон и симулякр / Ж. Делёз // Интенциональность и текстуальность. Философская мысль Франции XX века. – Томск: Водолей, 1998. – С. 225–240.
6. Деррида Ж. Позитивизм (Пер. с фр. В. В. Библихина). — М.: Академический Проект

(Философские технологии), 2007. — 160 с.

7. Липовецкий М. Голубое сало поколения или два мифа об одном кризисе // Знамя. 1999. №11. с.211.

8. Ильин И. П. Постмодернизм : словарь терминов / И. П. Ильин. – М. : ИНИОН РАН - INTRADA, 2001. – 384 с.

9. Бодрийяр Ж. Система вещей. М., 1995. 245 с.

10. Бодрийяр, Ж. Симулякры и симуляции [пер. с фр. А. Качалова]. — М. : Издательский дом «ПОСТУМ», 2015. — 240 с.

11. Бодрийяр, Жан. Символический обмен и смерть. Перевод на русский язык и вступительная статья: С. Н. Зенкин. — М., 2000

12. Бахтин М.М. Автор и герой: К философским основам гуманитарных наук. - СПб.: Азбука, 2000. — 336 с.

**Сведения об авторах (соавторах):**

**Сарсембаева Сымбат Армановна** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Сарсембаева Сымбат Армановна** – докторант, Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Sarsembayeva Symbat Armanovna** – doctoral student, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

**Айтуганова Саулеш Шамшаевна** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Айтуганова Саулеш Шамшаевна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aituganova Saulesh Shamshayevna** – Candidate of Philology, Professor of Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan

М.Д. ЖОРОКПАЕВА<sup>1</sup> 

А.А. ОРАЛБЕКОВА<sup>2</sup> 

Н.Х. ШАДИЕВА<sup>3</sup> 

Семей медицина университеті, Семей, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>  
(e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru<sup>1</sup>, aysara.oralbekova@bk.ru<sup>2</sup>, nur.shad@mail.ru<sup>3</sup>)

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-ДА ҚАЗАҚ ШЕТЕЛ СТУДЕНТТЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Андатпа.** Мақалада ЖОО-ғы медициналық білім алып жатқан шетел студенттерін оқытудағы оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, сондай-ақ оқытудың жаңа формалары сипатталған. Осы бағыт аясында авторлар осы мәселеге талдау жүргізе отырып, жоғары оқу орындарындағы оқытушы жұмысының барынша сәтті болуы, оқытушының лингвоэтносоциумды педагогикалық басқару әдістерін қаншалықты шығармашылық жағынан қолданатындығына байланысты екенін анықтады. Медициналық университеттерде кезкелген пәнді студенттердің болашақ мамандығымен байланыстыра отырып оқыту өте маңызды болып табылады. Осыған байланысты, біріншіден, бұл әдіс медицина ғылымының тілінде оқыту студенттер үшін жетекші ынталандырушы факторға айналады. Екіншіден, кәсіби қарым-қатынас шекарасын кеңейтеді, шетелдік адамның қазақ қоғамына енуіне ықпал етеді, яғни социопсихологиялық мәселелерді шешуді жеңілдетеді. Сондай-ақ, мақалада халықаралық студенттерді бейімдеудің психологиялық, әлеуметтік, этникалық негізгі әдістері қарастырылады. Шетелдік студенттерді қазақ студенттерімен бірге академиялық топтарда оқытудың ұтымды жақтары көрсетіледі. Бұл, ең алдымен, шетелдік студенттердің университеттің ішкі тәртіптерімен жақын танысуына, жаңа әлеуметтік-мәдени орта құндылықтарын тезірек меңгеруіне ықпал етеді. Шетелдік студенттерді оқу-тәрбие процесіне белсенді тарту студенттің жеке тұлғасын қалыптастырады. Сондай - ақ, мақалада шетелдік студенттердің болашақ мамандықтарын терең игерудегі негізгі құралдардың бірі болып табылатын қазақ тілін үйренуге деген ынталарын арттыру мәселесі де көтерілді. Сонымен қатар медициналық жоғары білім беру мекемелерінде оқытуда делдалдық тілді қолданудың ерекше маңыздылығы мен артықшылықтары да аталып өтеді. Мақала авторлары бұл сұрақтарды медициналық университеттегі шетелдік студенттермен ұзақ мерзімді педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып қарастырады.

**Түйін сөздер:** шетелдік білім алушылар, педагог-лингвистердің тәжірибесі, толерантты сананы қалыптастыру, медицина ЖОО, педагогикалық басқару дағдылары, коммуникативтік құзыреттілік, делдал тіл, бейімделу.

**Кіріспе.** Еліміздің жоғары білімін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау, шетелдік студенттерді қабылдаумен тығыз байланысты. Шетелдік студенттерді университеттерге қабылдау – елдегі жоғары білімнің дамуының негізгі элементі. Сондай-ақ білім беру қызметтерінің жоғары сапасы әлемдік және халықаралық нарықтағы тартымдылықтың кепілі болып табылады. Соңғы онжылдықта Қазақстандық білім беру экспортының тез өсуі, Қазақстан университеттеріндегі шетелдік студенттер санының көбеюі, мемлекеттер арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы екіжақты

келісімдер, ғылым мен мәдениет, академиялық алмасу туралы университеттер арасындағы келісімдер, бұлардың барлығы әлемдік қоғамдастыққа белсенді интеграцияланудың көрінісі. Ал Қазақстанда оқитын шетелдік студенттер санының өсуі елдің әлемдік қауымдастыққа қаншалықты енгенінің белгісі. Осы ретте шетелдік білім алушыларға білім беретін оқытушылардың да оқу үрдісін жоғары деңгейде ұйымдастыра алатын білікті маман болуы аса маңызды.

Шетелдік студенттердің бейімделу мәселесі қашан да көптеген зерттеушілердің назарын аударуда. Жаңа мәдени ортаға тап болған адам, барынша бейімделуге мүмкіндік беретін жаңа әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын игеруді қажет ететініне күмән жоқ. Бұл үрдісте оқытушының, әсіресе, қазақ тілі пәні оқытушысының шет тілі пәні маманы ретіндегі рөлі жоғары. Осылайша оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың жолдары, шетелдік студенттердің этнопсихологиялық және этномәдени сипаттағы ерекшеліктері, олардың толерантты санасын қалыптастырудың аспектілері, жергілікті қазақ қоғамын таныстыру үрдісіндегі әлеуметтік-мәдени ортаның сипаты сынды сұрақтарға жауап беру аса өзекті болып табылады.

2010 жылы Қазақстан Болон үрдісіне түпкілікті қосылуы – еліміздегі білім беру қызметтерінің халықаралық нарығына басқа елдермен бәсекелесуге мүмкіндік берді. Алайда, алғашқы шетелдік студенттер медициналық білім алу үшін 1990-шы жылдары Болон декларациясына қол қойылғанға дейін Қазақстанға келе бастады. Семей медицина университеті шетелдік студенттерді ағылшын тілінде оқытуды бастап, осы уақытқа дейін айтарлықтай тәжірибе жинақтаған еліміздің алғашқы медициналық жоғары оқу орны атанды. Соңғы жылдары Үндістан мен Пәкістаннан келген шетелдік студенттер ағынының артуы байқалуда. Бұл университеттің халықаралық деңгейдегі беделінің жоғарылағанын көрсетеді және жоғары оқу орны үшін де, жалпы ел үшін де экономикалық пайда әкеледі [1].

Қазақстанға алғаш келген шетелдік студенттер тілдік қиындықтармен қатар өзге де мәселелерге тап болады. Олардың көпшілігі әлеуметтік-мәдени және білім беру жүйесіне қатысты бейімделу қиыншылықтарына тап болды. Баженов Д.В., Иванов А.Г., Мирзоева В.М. сынды ғалымдар өз еңбектерінде шетелдік студенттердің бейімделу кезеңі көптеген әлеуметтік-экономикалық, мәдени, діни, медициналық-биологиялық және лингвистикалық факторлар есебінен кейде бірнеше жылға созылатынын атап өтеді [2, 71]. Сол себепті шетелдік студенттердің жаңа қоғамға барынша ауыртпалықсыз енуіне жағдай жасау аса маңызды. Олардың жат елде еркін әрекет ете білуіне, оқу мен тұрмыстық мәселелерден тыс қоғамның барлық аясына белсене араласуына мүмкіндік беретіндей орта қалыптастыру керек. Басты мақсат - кәсіби медициналық білім алып ғана қоймай, қазіргі қоғамның медицина қызметкерлеріне қоятын гуманистік талаптарына сәйкес бола білу қажет.

**Әдістеме мен зерттеу әдістері.** Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға қатысты жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі - қоғам қайраткерлері, ЖОО-да білім беретін оқытушылар, педагог ғалымдардың еңбектері. Олардың басым бөлігі баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар мен диссертациялық жұмыстар. Оның ішінде, медициналық ЖОО-дағы студенттерге қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту бойынша зерттелген еңбектер көлемі аз деуге болады. Шетелдік студенттердің жаңа қоғамға бейімделу ерекшеліктеріне қатысты мәліметтер, аталған тақырыпты зерттеуде өте құнды болып табылады. Әрбір қазақ тілі пәні оқытушысы шетелдік студенттердің жаңа ортаға бейімделу үрдісіндегі кездесетін қиыншылықтары мен мәдени мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби-педагогикалық үдерісін ұйымдастырғаны абзал. Сондай-ақ, жинақталған деректерді саралау кезінде отандық ғалымдардың еңбектерінен тыс, шетел ғалымдарының жұмыстары да есепке алынды.

*Қазақ тілінің оқытудың бағыттары жайлы* Жусанбаева С., Күзекова З., Әлімбек Г., Жарқынбекова Ш. [4, 32] сынды ғалымдардың еңбектерінде кеңінен айтылған. Аталған

тақырыптың теориялық-методологиялық негізіне психолінгвистика, биомедициналық этика, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әдістемелік тұжырымдамалары қатысты еңбектер де қарастырылды. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік тұжырымдамаларына қатысты С.Рахметова «Қазақ тілін оқыту методикасы» еңбегінде жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық, лингвистикалық ұстанымдарын, оқытудың әдіс-тәсілдері, жалпы дидактикалық ұстанымдары ашып көрсеткен. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев «Педагогика» атты ғылыми еңбегінде педагогтың студенттермен қарым-қатынасының шарттары, оқу іс-әрекетінің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әсеріне қатысты маңызды мәліметтер айтылған.

Шетел студенттеріне білім берудегі, олардың жаңа тілді меңгерудегі негізгі ынталандырушы фактордың, коммуникативтік қажеттіліктердің рөлі жайында Л.П.Клобукова, И.А. Пугачев А.Н.Щукин сынды ғалымдар еңбектерінің маңызы зор [4]. Баженов Д.В., Иванов А.Г., Мирзоева В.М., Трубникова Т.И., Фомина Т. К., Митрофанова О.Д. сынды ғалымдар еңбектерінде аталған тақырыпқа тікелей қатысты, медициналық мамандықта білім алушы студенттермен жұмыс жасау ерекшеліктеріне кеңінен тоқталған [2,6, 8, 9].

**Талқылау мен бақылау.** Көптеген жылдар бойы Семей медицина университетінің жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Үндістан, Пәкістан мемлекеттерінен келген студенттермен жұмыс істеп келеді. Үнді мен Пәкістан студенттерінің мінез-құлқы, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сипаттау өте қиын, өйткені үнді, пәкістан жері көптеген субмәдениеттерге бай. Қазақстан сияқты Үндістанда да тілдері мен мәдениеттері сан алуан этнос өкілдері өмір сүруде, сондықтан көптеген мәселелер, соның ішінде этносаралық қатынастар екі ел үшін де өзекті болып табылады. Бақылауларымызға сүйенсек, үнді мен пәкістандықтар көбінесе білім беру үрдісінде және күнделікті өмірде де діни негізде оқшауланатынын көруге болады. Сонымен қатар, лингвистикалық және мәдени тұрғыдан алғанда, Үнді, пәкістандық студенттер арасында, бір жағынан, қазақ тілі мен қазақ мәдениетін меңгеруде үлкен жетістіктерге жеткен белсенді студенттер, екінші жағынан, басқа елдің мәдениетін қабылдаудан тартыншақтанған прагматиктер байқалады. Сондай-ақ, осы этномәдениет өкілдерінің бір арада шоғырлануы, олардың диаспорасындағы өзара қарым-қатынасты жеткілікті түрде қамтамасыз еткенімен, қазақ тілін тез меңгеруге теріс әсер етуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Көптеген жылдар бойында үнді студенттерінің жергілікті қазақ немесе өзге ұлт өкілдері студенттерінен бөлек жеке бір топта білім алуы, қазақ тілін тездетіп үйрену үрдісін тежеді десек болады. Ал керісінше, аралас топтардың, яғни бірнеше ұлт өкілдерінен құралған топтардың пайда болуы, тек тіл үйренудегі жетістіктерге ғана емес, сондай-ақ студенттердің жаңа ортаға бейімделу жағдайына да оң әсерін тигізгені анық.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында студенттердің коммуникативті немесе коммуникативті емес типтеріне қарай ажырата отырып ұйымдастырудың маңызы өте зор. Коммуникативті типке жататын (экстриверттер, қарым-қатынасқа оңай түсетін, топтық іс-әрекетке, ұжымда жұмыс істеуге бейім, рөлдік ойындарға қуана қатысатын, тіл үйренуге деген ынтасын белсенді түрде көрсететін) немесе коммуникативті емес (тілдік материалды талдауға бейім интроверттер, ережелерді, тапсырмаларды өздік орындауға бейім, қарым-қатынасқа құлықсыз, қателесіп кетуден қорқақтайтын, ауызша жұмыстарға қарағанда оқу, жазбаша тапсырмаларды орындауы жөн көретін) студенттермен жұмыс жасаудың өзіндік ерешеліктері бар. Үндістан, Пәкістан студенттерінің этнопсихологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, басым көпшілігі коммуникативті емес типке жататынын байқауға болады. Сол үшін де Үндістан студенттерімен жұмыс жасау барысында Шығыс менталитетінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Азия елдерінен келген студенттермен жұмыс істейтін оқытушылар мен әдіскерлер, қарым-қатынастағы ұстамдылықтың ерекше қасиет болып саналатынын және студенттердің оқытушыдан кейін ғана сөйлеуге дағдыланғанын айтады.

Бұл ретте, әрине қазақ қоғамы мәдениетінің үнді мәдениетімен ұқсас тұстарын да айта кеткен жөн. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың тамыры қазіргі Қазақстан аумағынан сақ тайпалары Үндістанға аттанып, сол жерде қуатты империяны негіздеген кезден бастау алады. Кейбір дереккөздер рухани ұстаз және буддизмнің негізін қалаушы Будда Гаутаманы сақ тайпасынан шыққанын алға тартады, яғни "Шакьямуни" (Сақьямуни) "шакьяның (сақтардың) ең ақылдысы" деген мағынамен байланыстырады. Үндістан халқы моральдық және әлеуметтік міндеттердің қатаң касталық иерархиясымен тығыз байланысты қоғам. Үнді студенттерінің бұл этнопсихологиялық ерекшеліктері оларға бірінші болып әңгіме бастауға, немесе ұжымдық талықлауларға, дискуссияларға белсенді қатысуға, тапсырмаларды тез орындауға және қандай да бір шешімдерді тез қабылдауға мүмкіндік бермейді.

XIII ғасырдың басында Үндістанда пайда болған Дели сұлтандығының бірігу ісінде Орталық Азиядан келген түркі әскери-феодалдық ақсүйектерінің рөлі зор болды. 320 жылға созылған Дели сұлтанаты Үндістанның солтүстігіндегі ең ірі мемлекет болды. Оның алғашқы негізін қалаушылардың бірі Мамлюк әулетінің өкілі Кутб уд-Дин Айбек болды. Кутб уд-Дин Айбек және Сұлтан Бейбарыс сияқты мамлюктердің көрнекті өкілдері және олардың ұрпақтары өз отандарынан тыс жерде қуатты мемлекеттер құрғанын атап өткен жөн. Осылайша өзара әрекеттесудің тілге де әсер еткенін байқауға болады. Бүгінгі таңда қазақ және хинди тілдерінде бірдей мағынасы бар көптеген ортақ сөздер бар. Мысалы, Үндістандағы "достық" сөзі - "Достык". "Мұхаббат" - қазақ тіліндегі "Махаббат", "жануар" - "джануар", "пияз"- "пияз" т.б. Үндістандағы жеті ұрпақтың өкілдерімен үйленуге тыйым салу, жаңа туған нәрестені туғаннан бастап шамамен 40 күн бойы бөтен адамдарға көрсетпеу сынды дәстүрлер де екі ел арасындағы мәдени ұқсастықтардың көрінісі [3,194].

Дегенмен де екі мәдениет арасындағы кейбір өзгешеліктер түсінбеушілік тудыруы мүмкін. Атап айтсақ, жалпы буддизм дініне сәйкес бар мәдениет – білім, ақиқат және даналық тыныш үнсіздікпен келеді деп мәлімдейді. Кейбір орыс ұлты мәдениетінен бойымызға сіңірген сөйлеу, мінез-құлықтың кейбір мәнерлері, сөйлеудің жылдам қарқыны, көп сөйлеу, шабуылдап сөйлеу сынды сәттер үнді студенттеріне жат қылық болып көрінуі мүмкін. Осы ретте, Ж.Б. Қоянбаев «Педагогика» атты еңбегінде адамда туа бітетін қасиеттер (шартты рефлексстердің фондысы – денені тік ұстап жүру, тілдің дамуы, ойлануға, еңбек етуге қабілеттілік, музыкаға бейімділік тағы да басқа іс-әрекеттері) нышан түрінде болады деп көрсетеді. Организмнің анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктерінің дамуына қажетті табиғи мүмкіншіліктерді нышан дейміз. Нышан өздігінен дамымайды, оны дамыту тәрбиеге, әлеуметтік жағдайларға байланысты. Педагогика нәсілдік ерекшеліктер мен нышандардың ықпалын жоққа шығармайды, бірақ оларды жеке адамның дамуына шешуші фактор деп есептемейді деп атап көрсетеді [4,32].

Дәстүрлі түрде алып қарасақ, көбінесе тұлғааралық қарым-қатынас үшін сөйлеу этикетінің формулалары қиындық туғызады. Этикет – бұл ұлттық құбылыс. Бір халық арасында сыпайы деп саналатын нәрсе, екінші сұхбаттасушы үшін ұнамсыз көзқарас ретінде қалыптасуы мүмкін. Өзге елдердің студенттері үшін оқытушыны аты-жөнімен атау, басқа елдердегі қалыптасқан мәдениеттен ерекшеленетіндіктен бірашама қиындық туғызған. Сол себепті, Үндістаннан келген студенттер мұғалімге "мадам", "мырза", "оқытушы" сөздерін қолдану арқылы жүгінуді жөн көреді, өйткені аты-жөні мен әкесінің атын атау оқытушыны құрметтегендік болып саналады деп есептейді. Сонымен қатар, қазақ есімдерінің фонетикалық және грамматикалық күрделілігі де қиындық тудырады. Оқытушылардың өздері шетелдіктердің есімдерін дұрыс айтуда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, өйткені көптеген тілдер мен мәдениеттерде жеке есімдерді қолданудың өте күрделі жүйесі бар. Тұлғааралық қарым-қатынаста әрбірімізге есіміміздің қалай дыбысталатынына бейжай қарамайтынымызды ескеру қажет. Бұл ретте айта кететін жайт, халықаралық топтағы және үнді студенттері үшін күнделікті өмірдегі негізгі қарым-

қатынас құралы орыс тілі болып табылады. Бұл өз кезегінде қазақ тілін меңгеру үрдісін баяулатуға әсер ететіні анық.

Шетелдік аудиториямен жұмыс істейтін лингвист-оқытушылардың жалпы тәжірибесі бойынша, екі мәдениет арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау этностардың бір-бірін қабылдауына ықпал ететінін айғақтайды. Оның ішінде жалпыадамзаттық ортақ құндылықтарды да (отбасы, кәсіп, денсаулық және т.б.) қарастыруға болады. Әрине, тілді үйрену және дәрігер мамандығын игеру, адамды ұлттық-мәдени ойлау ерекшеліктерін, құндылық бағдарларын және т.б. көрсететін тілдік тұлға ретінде зерттеумен қатар жүреді. Дәл осындай түсінік арнасында шетелдік аудиторияда адамның өмір салтына байланысты мәселелер (салауатты өмір салты, зиянды әдеттер және т.б.) талқыланады.

Шетелдік студенттерге Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің мәдениетімен ұштастыра отырып, көркем әдебиетпен таныстыру, олардың толерантты тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытатын оқытушының жетістігі көбінесе аудиторияны қызықтыратын осы халықтардың мәдениаралық байланыстары туралы ақпаратты қаншалықты шығармашылықпен қолданатындығына байланысты. Мысалы, білім алушылардың көпмәдениетті өрісін қалыптастыруға жалпы әлемдік мәдениетке үлкен үлес қосқан белгілі жазушы, дәрігер, ғалымдардың (Авиценна, Рабиндранат Тагор, Махатма Ганди, Абай және т. б.) еңбектерімен таныстыру көп ықпал етеді.

Қазіргі уақытта лингводидактикада шетелдік оқу және кәсіби коммуникация бакалаврларын оқыту мәселелері белсенді зерттелуде. Ғылыми мәтіндердің белгілі бір типологияларының мысалдарымен, яғни кәсіби бағытталған оқытуға көп көңіл бөлінуде [5,58]. Бұл дегеніміз, қазақ тілін оқыту үрдісінде аталған мамандықпен байланысы әсіресе, медицина университеттері үшін өзекті. Медицина студенті үшін қазақ тілін мамандық тілі ретінде үйрену, оқыту үрдісіндегі басты ынталандырушы фактор болып табылады. Шетелдік медицина студенттерінің әдебиетке қарағанда биомедициналық бейіндегі оқулықтарға деген қызығушылықтарының жоғары екендігі анық. Медициналық мәтіндегі өзекті лексикалық және грамматикалық материал, медициналық емес мәтіндерге қарағанда тереңірек зерттеліп, жақсы игерілетіндігін көруге болады. Осы орайда зерттеуші Т.И. Трубникова студенттің білім алып жатқан негізгі мамандығына сай оңтайландырылған сөздіктің қажет екенін атап көрсетеді. Және ол сөздіктің энциклопедиялық және түсіндірме сөздік ретінде мамандардың жалпы әдістемелік нұсқауларымен құрастырылуы қажет екенін атап өтеді [6,114]. Мамандық бойынша оқу сөздігі тек қажет ғана емес, болашақ мамандарды оқытудың міндетті құралы болып табылады. Шетелдік студенттер оқудың кез-келген кезеңінде арнайы терминдерді немесе жаңа сөздерді түсіндіру үшін мұндай сөздікке үнемі жүгінуді қажет етеді.

Қазақстанға шетелдік студенттердің көпшілігі қарым-қатынас мәдениетін де, сөйлеуді де, тұрмыстық этикетті де білмей келеді. Осы ретте шетелдіктерді жаңа ортаға бейімдеу, мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету білім беру қызметінің маңызды элементі болып табылады. Ол осы ретте оқытушының мінез-құлқы мен қарым-қатынасының маңыздылығын атап өтіп, қысым мен дидактикалық мазмұнда білім берудің қолайсыз екенін айтады. Яғни, оқытушы ерекше әдептілік танытып, өз мәдениетінен, шетелдік студенттерді алшақтататып, теріс көзқарас қалыптастырмайтындай білім беруі қажет. Керісінше мәдениеттерді өзара салыстыра отырып, сол арқылы ұлттар достастығын біріктіруге насихат жүргізуі қажет. Сонымен қатар, оқытудың өзара әрекеттесу үрдісінде оқытушы, шетелдік студенттердің жаңа ортаға, әсіресе жаңа елмен және оның мәдениетімен танысудың бастапқы кезеңінде сәтті бейімделуін оңтайландыру үшін, өздерінің мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға дайын болуы керек.

**Нәтижелер.** Қазақ тілі – ағылшын тілінде сөйлейтін студенттер үшін шет тілі. Мұндай

білім беру жағдайында ағылшын тілі олар үшін делдал тілге айналады, бұл әсіресе филолог емес шетелдік студенттерге, атап айтқанда медицина студенттеріне қазақ тілін оқытуда ерекше маңызды. Осыған байланысты ағылшын тілін қазақ тілінде шет тілі ретінде сабақта қолдануға қатысты ұтымды тұстары анықталады. Пән мазмұны маңызды болмайынша ол пән бойынша білім мазмұны да маңызды бола алмайды. Ал пән көлемінде берілетін білімнің мазмұны маңызды бола тұра оны білім алушыға жеткізудің әдісі жетілмеген болса, онда сапалы білім беру мүмкін емес. Сондықтан пәнді оқыту әдістемесінің сапалылығы білім беру жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Оқыту әдістемесінің жоғары деңгейде болуы білім беру сатыларының барлық кезеңдері үшін міндетті. Қазақ тілін жоғары мектепте оқыту ісін әдістемелік тұрғыда жеткілікті негіздеу аса маңызды [7, 65].

Шетелдік студенттердің алғашқы ағымы келе бастаған жылдары, оқытудың әртүрлі әдістері талқыланды. Соның ішінде делдал тілді қолдана отырып оқытудың тиімді тұстары саралана бастады. Алғашқыды қазақ тілі пәні оқытушылары оқу үрісін саналы-тәжірибелік әдіске сүйене отырып ұйымдастырды. Атап көрсетсек:

- тікелей әдіс, яғни студенттің берілген мәліметті бұлжылтпай қайталауы;
- саналы-салғастырмалы әдіс, студенттердің ана тілі мен қазақ тілін салыстырмалы түрде зерттеу;
- ұлттық-бағыттағы әдіс, студенттердің ана тілімен тіларалық салыстыруға негізделген;
- жазбаша сөйлеуге, оқуға үйретуге бағытталған грамматикалық-аударма әдіс, аудиовизуалды, суггестопедиялық және т.б. [8, 332].

Сондай-ақ шет тілін оқытудың интерактивті тәсілінің негізгі принциптері де мамандар тарапынан жіті зерттелінді. Аталған әдіске сай негізгі ерекшелігі - барлық студенттер үшін бірдей қызықты болып табылатын ақпаратты шет тілінде талқылап, әңгімелесу. Оқу үрдісінде оқытушының дәстүрлі рөлден, демократиялық еркін қарым-қатынас стиліне ауысуы да маңызды болып табылады [10, 87].

Аталған әдістердің барлығы тілдік құрамы әртүрлі гетерогенді топтарда, дайындық бөлімдерінде, қазақ тілі курстарында қазақ тілін үйренетін студенттерге арналған.

Уақыт өте келе әдістердің басым бөлігі біріктіріліп, коммуникативті тәсілге ауысты, нәтижесінде аталған әдістердің коммуникативті нұсқалары құрастырылды. Бұл әдістегі басымдылық сөйлеу дағдыларының табиғи қалыптасуына әсер ететін сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерін қолдануға бағыттылған.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың заманауи әдіснамасының негізгі талабы - ағылшын тілін делдал тіл ретінде қолдануды қамтамасыз ететін коммуникативті сипатты сақтап қалу. Сол себепті қазақ тілін шет тілі ретінде оқытатын оқытушылардың бірнеше тілді, әсіресе ағылшын тілін меңгеруге көбірек көңіл бөлуі қажет. Білім беру және мәдениетаралық коммуникация саласында қызмет атқарғандықтан, заманауи маман уақыт талабына сай болу үшін қандай да бір шет тілін меңгеруі тиіс. Бұл талапты орындау арқылы оқытушы студенттің жеке басының дамуына және мәдениаралық қарым-қатынасының ұтымды орнығуына ықпал ете алады.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үрдісінде делдалдық тілді ұтымды пайдалану, студенттерге оқу материалын тиімді игеруге, жаңа білімді тез игеруге көмектесетінін атап өткен жөн. Көптеген әдіскерлер грамматикалық материалды делдал тілде жүргізудің артықшылықтарын, атап айтқанда, грамматиканы игеруді едәуір жеңілдететінін, оқу уақытын үнемдеуге көмектесетінін, осылайша ұтымды нәтиже беретінін мойындайды. Оқу үрдісін, әсіресе ересек аудиторияға грамматиканы делдал тілде түсіндірмеу – қазақ тілін меңгеру үрдісін баяулатуы және қиындатуы мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі септік атауларын және оларды қолдану ережелерін ағылшын тілді аудиторияға ағылшын тілінде түсіндірсе, студенттер анағұрлым жақсы қабылдайды. Сондай-ақ оқытушының қазақ тілі алфавитін, кейбір терминдерді (әріптер, дыбыстар, дауысты дыбыстар, дауыссыз



дыбыстар, ашық, жабық дауысты дыбыстар, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар, буынды) делдал тілде түсіндіре отырып, қазақ тіліне аударуы өте ұтымды әдіс болады. Аталған әдістер, аударма, семантизация әдісі ретінде ғылыми сөйлеу стилінің арнайы терминологиялық лексикасы мен лексикограммалық құрылымын зерттеуде өте тиімді болып табылады.

Оқыту тәжірибесіне сүйенсек, бастапқы кезеңде ағылшын тілді студенттермен делдал тілде сабақ өткізу оң нәтиже берген. Әрине, студенттің дайындық деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның тілдік қабілеттері мен тіл үйренуге деген ынтасы неғұрлым дамыған болса, делдал тілді қолдану қажеттілігі де соғұрлым аз болады. Мұндай жағдайларда делдал тілді ұдайы қолдану бес-алты сабақпен шектеледі, содан кейін оны қолдану қарқындылығы біртіндеп төмендейді. Оқытушы семантизацияның көрнекі құралдары арқылы (оқулықтың суреттері, фотосуреттер, заттар, қозғалыстар) тек қазақ тілі құралдарын қолдануға тырысады. Бұл ретте оқытушыға оның шеберлігі, тәжірибесі мен шығармашылық көзқарасы да көмектеседі. Делдал тілді қолдана отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі оқытудың бастапқы кезеңі үшін жасалынғанымен, орта және дамыған кезеңдерде де сәтті қолдануға болады. Әсіресе, біртекті тілдік құрамды топтарды оқытуда тиімді. Мұндай жағдайларда бұл әдіс оқытудың қарқындылығы мен тиімділігінің едәуір артуын қамтамасыз етеді, өйткені аталған әдіс оқу материалының үлкен көлемін қамтуға, оқу уақытын қысқартуға, оны дәлірек және тез қабылдауға және терең игеруге, ана тілінің теріс әсерлерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Медицина университетін ағылшын тілінде оқу бағдарламасын таңдаған Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Судан және басқа да жақын және алыс шет елдерден келген студенттерді оқыту кезінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ағылшын тілін қолданып оқыту әдістемесі кеңінен қолданылады. Бұл әдіс жаңа тілдік ортаға бейімделу үрдісін тегістеу және жеңілдету үшін қолданылады. Жұмыс атқаратын контингент - бірінші курсқа оқуға келген 17-18 жастағы Үнді, Пәкістандық студенттер - шет тілін, яғни қазақ тілін қабылдау тұрғысынан деңгейі төмен контингент. Оқытудың бастапқы кезеңінде, шетелдік студенттердің қазақ тілін меңгерудің нөлдік деңгейінде болуы, түркі тілдері, кириллица жазуынан бейхабар болуы, бұның барлығы қазақ тілін меңгеруге деген қиындықтарын тудырады.

Алайда студенттердің Қазақстандағы дәрігер мамандығы дипломын алуға деген ұмтылыстары, қазақ тілін болашақ мамандықтың тілі ретінде және қарым-қатынас құралы ретінде қарастыруы оқуға деген ынталарын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде қазақ тілін қабылдауға психологиялық дайындықты қамтамасыз етеді. Бастапқы кезеңде делдал тілді қарқынды қолданып, уақыт өте келе қолдану мөлшерін азайтып оқыту, білім берудің инновациялық нысаны болып табылады. Сонымен қатар, шетелдік студенттердің Қазақстан университетіндегі қазіргі оқу жағдайында тез лингвистикалық бейімделуіне ықпал етуіне көмектесетін және оқу уақытын ұтымды пайдаланатын тәсіл болып табылады.

Делдал тілді қолдану сонымен қатар бірінші оқу жылының ағылшын бөлімі студенттерімен сыныптан тыс жұмыс жүргізгенде, тәрбиелік сипаттағы мәселелерді шешуге тиімді көмек көрсетеді. Ағылшын тілін білетін кураторлар студенттерге Қазақстан аумағындағы жеке және лингвистикалық, аймақтық және мәдени сипаттағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі, олардың шетелдік ортаға ертерек әлеуметтік-мәдени бейімделуіне ықпал етеді.

Осылайша, осы бағыттағы жұмыс тәжірибесі, қазақ тілін шет тілі ретіндегі оқыту үрдісінде делдал тілді қолдану, шетелдік студенттерді оқытуға қойылатын жаңа талаптар жағдайындағы міндеттерді шешуге, тиімді оқу үрдісін ұйымдастыруға септігін тигізетін ұтымды инновациялық әдіс деуге негіз бар. Қазақстандағы медициналық білім алудың жыл сайын шетелдік студенттер арасында танымал бола бастауы заман ағымына сай білікті мамандарды даярлау қажеттілігіне әкелетіндігі сөзсіз. Осы тұста шетелдік

студенттердің, әсіресе бірінші курс студенттерінің, оның ішінде білім, ғылым және клиникалық бағытта білім алатын медицина студенттерінің жаңа ортаға бейімделу үрдісін барынша жеңілдетуде, ең алдымен, қазақ тілі пәні оқытушыларының алатын орны ерекше. Медициналық университеттерде шетелдік студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттей отырып, сол елдің тілін шетелдік студенттерге барынша тез қабылдауына жәрдемдесу, үйрету, ол тек елімізде ғана емес, әлемдік қоғамдастықта жоғары сапалы медициналық кадрларды даярлауға қажеттіліктің артуымен байланысты.

**Қорытынды.** Сонымен, шетелдік медицина студенттерімен жұмыс істейтін оқытушылар тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар лингвосоциумды педагогикалық басқару дағдыларына да ие болуы қажет. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда педагогикалық стратегияларды қолдану түрлері сан қырлы. Тек оны әдістемелік сауатты көзқарас арқылы оқыту үрдісін күшейтіп, студенттердің мүмкіндіктері мен күтілетін нәтижелеріне қарай бейімдеп, ұтымды қолдана білу қажет. О.Д. Митрофанова «Научный стиль речи: проблемы обучения» атты еңбегінде кез келген техникалық немесе медициналық ЖОО-да тіл пәндерінің жетекші пән емес екендігін ұмытпауымыз қажет екенін атап өтеді. Негізгі білім берудегі мақсат - кең ғылыми ой-өрісі бар, білімді, білікті мамандарды тәрбиелеу екенін атап көрсетеді [9,198]. Сәйкесінше, оқытушылардың оқу үрдісін осы мақсатқа сүйене отырып ұйымдастырғаны абзал. Бұл ретте болашақ жоғары білікті мамандарды жалпы педагогикалық қағидаттарға негіздей отырып даярлау өте маңызды болып табылады. Оның ішіндегі ең маңыздысы – оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидасы. Дәрігерлік – бұл дәрігердің өзінің кәсіби міндеттерін орындап қана қоймай, сонымен қатар моральдік және этикалық-деонтологиялық мәселелерді шешетін ерекше қызмет түрі екенін ескере отырып, медициналық студенттің жеке басын қалыптастырудағы тәрбиелік компонент міндетті болып табылады. Медициналық пәндердің тілін оқытудың тиімділігі көбінесе оқу процесін әдістемелік сауатты пәнаралық үйлестірумен байланысты болып келеді. Кафедрааралық және кафедраішілік оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды құру арқылы шетелдік студенттердің кәсіби даярлығының жоғары сапасына қол жеткізуге болады. Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстардың аталған барлық түрлері медициналық студенттерді халықаралық топтарға біріктіреді. Бірлескен іс-шаралар барысында тұлғааралық қатынастар жақсарайды, студенттер арасындағы қайшылықтар тегістеледі, бұл олардың сөйлеу белсенділігінің артуына ықпал етеді және шет тілдік ортада әлеуметтік-мәдени бейімделу үрдісін тездетеді.

### Әдебиеттер

1. Статистика системы образования Республики Казахстан. //Национальный сборник Astana – 2014. – Астана, 2014, – 109 б.
2. Баженов Д.В., Иванов А.Г., Мирзоева В.М. Психолого-педагогические факторы успешности подготовки иностранных учащихся в медицинском вузе // Высшее образование в России. 2011, №11. 70–76 с.
3. С. Ә. Тортаев. Орта ғасырлардағы Азия және Африка тарихы.— Алматы: Нұр-пресс, 2009. – 400 б.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2002. – 384 б.
5. Пугачев И.А. Профессионально ориентированное обучение русскому языку как иностранному: теория, практика, технологии. Монография. – Москва: РУДН, 2016. – 483 с.
6. Трубникова Т.И. Влияние особенностей языка специальности на характер учебных пособий при профильно-ориентированном обучении русскому языку. Дисс. канд. педагог, наук. М., 1988. – 216 с.
7. Күзекова З., Жусанбаева С., Жарқынбекова Ш., Әлімбек Г. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Раритет, 2008. – 201 б.
8. Фомина Т. К. Социолингвистические аспекты обучения иностранных студентов на

отделении с частичным преподаванием на английском языке //Гуманитарное образование и медицина: сборник науч. тр. ВолГМУ. – Волгоград, 2003. – 330-335 с.

9. Митрофанова О.Д. Научный стиль речи: проблемы обучения. – Москва, Русский язык, 1976. – 200 с.

10. Пассов Е.И., Кузовлев В.П., Коростелев В.С. Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества. Общая методика обучения иностранным языкам: Хрестоматия / Под ред. А.А. Леонтьева. – М., 1991.

**М.Д. ЖОРОКПАЕВА, А.А. ОРАЛБЕКОВА**

Медицинский университет Семей, Семей, Казахстан

**Н.Х. ШАДИЕВА**

Евразийский гуманитарный институт, Астана, Казахстан

### **СПЕЦИФИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ КАЗАХСКОГО КАК ИНОСТРАННОГО В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности обучения иностранных студентов-медиков, описывается специфика организации учебного процесса и новые формы преподавания. Авторы обосновывают положение о том, что использование языка посредника является инновационной формой обучения и содействует успешной лингвистической и социальнокультурной адаптации студентов-иностранцев в современных условиях обучения в Казахском вузе. Исследование этой проблемы, проведенный авторами в рамках данного направления, указывает о том, что успешность работы преподавателя зависит насколько творчески учитель применяет методы педагогического управления предоставленным лингвоэтносоциумом. Значительную роль в медицинском вузе при этом играет связь обучения любого предмета с получаемой специальностью, в связи с чем язык медицинской науки становится, во-первых, основным мотивирующим фактором в обучении, во-вторых, расширяет объем профессиональной коммуникации, содействует инкультурации иноязычного человека как казахскую действительность, а значит, упрощает решение социопсихологических проблем. Также в статье обсуждаются основные методы адаптации иностранных студентов: психологические, социальные, этнические. Введение иностранных студентов в академические группы с казахскими студентами способствует лучшему усвоению установленного университетского порядка, осмыслению и усвоению новых культурных контекстов и смыслов вместе с ценностями новой социокультурной среды. Активное вовлечение иностранных студентов в учебно-воспитательный процесс формирует личность студента. Также затрагивается вопрос о повышении мотивации к изучению казахского языка иностранных студентов-медиков в связи с необходимостью использования его в качестве инструмента для овладения будущей специальностью. В данной статье авторы отмечают особую значимость и преимущества использования языка-посредника, а также рассматривает опыт использования языка-посредника в преподавании. Данные вопросы авторы статьи рассматривают, опираясь на многолетний опыт преподавательской работы с иностранными обучающимися в медицинском вузе.

**Ключевые слова:** зарубежные обучающиеся, опыт педагогов-лингвистов, формирование толерантного сознания, медицинский ВУЗ, педагогические управленческие навыки, коммуникативная компетенция, язык-посредник, адаптация.

**M.D. ZHOROKPAEVA, A.A. ORALBEKOVA**

Semey Medical University, Semey, Kazakhstan

**N.SHADIYEVA**

Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

## **SPECIFICITY PROFESSIONAL AND TEACHING ACTIVITIES OF KAZAKH AS A FOREIGN TEACHER IN A MEDICAL UNIVERSITY**

**Abstract.** The article discusses the features of teaching foreign medical students, describes the specifics of the organization of the educational process and new forms of teaching. The authors substantiate the position that the use of the language of the intermediary is an innovative form of education and contributes to the successful linguistic and socio-cultural adaptation of foreign students in modern conditions of study at a Kazakhstani university. The study of this problem, conducted by the authors within this direction, indicates that the success of the work of a teacher depends not only on learning the language simultaneously with the study of a person as a linguistic personality, but also on how creatively the teacher applies the methods of pedagogical management of the provided linguoethnosociety. At the same time, a significant role in a medical university is played by the connection between teaching the discipline and the specialty received, in connection with which the language of medical science becomes. Firstly, the main motivating factor, and secondly, it expands the volume of professional communication, contributes to the enculturation of a foreign-speaking person into the Kazakh reality, and therefore, simplifies the solution of socio-psychological problems. The article also discusses the main methods of adaptation of foreign students: psychological, social, ethnic. The introduction of foreign students into academic groups with Kazakh students contributes to a better assimilation of the established university order, comprehension and assimilation of new cultural contexts and meanings along with the values of the new socio-cultural environment. The active involvement of foreign students in the educational process forms the personality of the student. It also touches upon the issue of increasing the motivation to study the Kazakh language of foreign medical students in connection with the need to use it as a tool for mastering the future specialty. In this article, the authors note the special significance and benefits of using an intermediary language. The authors of the article consider these issues based on many years of teaching experience with foreign students at a medical university.

**Keywords:** foreign students, experience of linguists, formation of tolerant consciousness, medical university, pedagogical management skills, communicative competence, intermediary language, adaptation.

### **References**

1. Statistics of the education system of the Republic of Kazakhstan // National collection. – Astana, 2014. – Astana, 2014. – 109 p.
2. Bazhenov D.V., Ivanov A.G., Mirzoeva V.M. Psychological and pedagogical factors of successful training of foreign students in a medical university // Higher education in Russia. – 2011. No. 11. 70-76 p.
- 3 C. Ə. Tortaev. History of Asia and Africa in the Middle Ages. – Almaty: Nur-press, 2009. – 400 p.
- 4 Koyanbaev Zh.B., Koyanbaev R.M. Pedagogy. Textbook for university students. – Almaty, 2002. – 384 p.
- 5 Pugachev I.A. Professionally oriented teaching of Russian as a foreign language: theory, practice, technology. Monograph. – Moscow: RUDN University, 2016. – 483 p.
- 6 Trubnikova T.I. Influence of specialty language features on the nature of teaching aids in profile-oriented teaching of the Russian language. Diss. cand. teacher, science. – M., 1988. – 216 p.

7. Kuzekova Z., Zhusanbaeva S., Zharkynbekova Sh., Alimbek G. Kazakh language. Tutorial. – Almaty: Raritet, 2008. – 201 p.

8. Fomina T. K. Sociolinguistic aspects of teaching foreign students at the department with partial teaching in English // Humanitarian education and medicine: a collection of scientific. tr. VolGMU. – Volgograd, 2003.– 330-335 p.

9 Mitrofanova O.D. Scientific style of speech: learning problems. – Moscow, Russian language, 1976. – 200 p.

10. Passov E.I., Kuzovlev V.P., Korostelev V.S. The purpose of learning a foreign language at the present stage of development of society. General Methods of Teaching Foreign Languages: Reader / Ed. A.A. Leontiev. – M., 1991.

**Авторлар туралы мәліметтер:**

**Жорокпаева Мейрамгүл Досанқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты  
Семей медицина университетінің доцент.м.а, Семей,Қазақстан

**Жорокпаева Мейрамгүл Досановна** – кандидат педагогических наук, и.о. доцента  
Медицинского университета Семей, Семей,Қазақстан

**Zhorokpaeva Meiramgul Dosanovna**–Semey Medical University, a.p of the Department  
of General education disciplines, candidate of pedagogical sciences. Semey, Kazakhstan,

**Оралбекова Айсара Аянқызы** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Семей  
медицина университетінің аға оқытушысы, Семей, Қазақстан

**Оралбекова Айсара Аянқызы** – магистр гуманитарных наук, старший  
преподаватель Медицинского университета Семей,Семей, Казахстан.

**Oralbekova Aisara Ayankyzy** – master of arts, Semey Medical University, Semey,  
Kazakhstan.

**Шадиева Нұргүл Хамзаханқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Еуразия  
гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан

**Шадиева Нургуль Хамзахановна** – кандидат педагогических наук, доцент  
Евразийского гуманитарного института, Астана, Казахстан

**Shadiyeva Nurgul Hamzahanovna** – Candidate of Pedagogical Sciences, docent of the  
Eurasian Numanities Institute, Astana, Kazakhstan



*Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақ білім академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Құсайын-ұлы көзі тірі болғанда 80 жасқа толар еді.*

*А.Құсайынов 2007 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, өзі ұйымдастырып, қалыптастырған Еуразия гуманитарлық институтының ректоры қызметін абыроймен атқарды.*

### АМАНГЕЛДІ ҚҰСАЙЫНҰЛЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰСТАНЫМЫ

Амангелді Құсайынұлы - еліміздің білім беру саласында ұзақ жылдар бойы білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде абыройлы қызмет атқарды.

Қай кезеңде болсын жоғары білім беру саласын заман ағымына ілестіріп, сапалы маман дайындау ісіне жауапкершілікпен қарады. Бүгінгі студентті ертеңгі маман ретінде қабылдап, «студент-педагог» бағытын дамыту қажеттілігін алға шығарды. Болашақ маманды өзі оқып жүрген орнында қалыптастыру үшін жүйелі бағыт-бағдар беріп, негізгі оқу пәндерін оқытудың мазмұны мен әдістемесін заман ағымына сай мұғалімнің кәсіби даярлығына бағыттап бейімдеу керектігін алға тартты.

Студент-педагогтың білім, білік дағдысы ғана емес, мектеп оқушыларымен қарым-қатынас кезінде кездесетін түрлі: стандартты, типті, жанжалды, күтпеген жағдаяттарды шешу жолдарын үйрету керектігіне де баса назар аудартып, «Мұғалімнің саяси-идеялық және адамгершілік ұстанымы оның тәрбие жұмыстарында айқын көрінуі тиіс» [1, 410] - деп кәсіптік-педагогикалық іс-әрекеттердің модельдерін жасауды ұсынды.

Қазіргі заман мұғалімі психология немесе педагогиканың не екенін біліп қана қоймай, бұл жөніндегі білімін оқыту мен тәрбиелеуде қолдана алуы маңызды екенін, аталған бағыттар мұғалімнің іс-әрекетінде көрінбесе, онда оқушылардың оқуды қабылдауында педагогикалық ойлауы төмен болатынын байқап, бағамдағаны 2005 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Мұғалім және уақыт тынысы» [2] атты мақаласында байқалады. Соңғы жылдары Білім және ғылым министрлігі педагогикалық бағыттағы мамандықтарға педагогика мен психология пәндерін тереңдете оқытуды назарға алып, ұлттық кешенді тестілеуге педагогика мен психология пәндерінен сұрақтар енгізуі, мұғалім болмысын қалыптастыру қажеттілігінен туса керек. Демек, А. Құсайынұлының ертеден ойлап, жұрт назарына ұсынған педагогқа қажетті құзыреттіліктер бірте-бірте қолданысқа еніп келеді. Бұдан ғалымның қай кезеңде болсын, заман көшін әсіресе, білім мен ғылымның бағыт-бағдарын ертеден болжап, өзекті мәселелерге талдап-таразылап барып тұщымды ой, өткір сын айта алатынын байқаймыз.

Амангелді Құсайынұлы жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіне ғана емес, орта білім беру ұйымдарының ұлттық моделі болу керектігін айтады. «Ұлттық модель» ұғымында, негізінен, білім берудің «формасы» (пішіні, үгісі, құрылымы) мен мазмұнының (білім стандарттарының, бағдарламаларының, оқу жоспарларының) бірлігі төңірегінде әңгіме қозғалады» [1, 413] - дейді де, ұлттық рухты, тіл мен ділді ұясында жоюдың аса жойқын жолы бастауыш мектеп екенін баса айтып, ұлт бесігін қалыптастырудың жолдарын көрсетеді.

Дамыған алдыңғы қатарлы елдердегі бастауыш мектептерді оқытудың жүйесін мысалға ала отырып, «*Жапонияда 6 жыл бойы бастауыш мектепте бірде-бір шет тілдері оқылмайды. Сөйтсе де, шет тілдерін меңгеруден қалып бара жатқан тағы да жапондықтар жоқ. Бастауыш мектебінің алғашқы екі жылындағы тәлім-тәрбие жұмыстары балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылады*» [1, 418] - деп, балалардың дені сау, оқудағы қадамы жемісті болуы үшін әлем елдерінің басым көпшілігі қолданып отырған 5-6 жылдық бастауыш мектеп моделін құруды ұсынады. Яғни, ұлттың тілі мен ділін сақтау үшін, бастауыш мектепте ана тіліне басымдық беріп, ал бөгде тілдерді мектептің орта буынынан бастап оқыту жемісті болатынына нақты дәлелдер келтіреді. Атап айтсақ:

- балабақша мен бастауыш мектепте ана тілінде сөйлеу, ойлау, жазу, сызу дағдысы берік қалыптаспаса, жас баланың ой-өрісін дамытуда тежелу, тұтығу процесін туғызады;

- педагогикалық психологияның бүкіл әлем мойындап, басшылыққа алып отырған «*тұлғаның ой-өрісін баспалдақтап дамыту теориясына*» сәйкес оқыту мен тәлім-тәрбие үрдістерін ұйымдастыруы шарт;

- баспалдақтап дамыту теориясы ең әуелі бір тілді – ана тілін толық меңгеруді, ал содан кейін оған сүйене отырып, екінші тілді, оларға сүйеніп үшінші тілді игеруді жүктейді.

Бұл А.Құсайынұлының білім саласын дамыту жолындағы ұзақ жылғы тәжірибеден туған ұтымды тұжырымдары десек те болады.

А.Құсайыновтың 2008 жылы ұлт газеті Егемен Қазақстанға шыққан «*Білім берудің ұлттық моделін дұрыс тандай алдық па?*» [3] атты мақаласында айтқан «*ұлт бесігі*» бастауыш туралы айтқан ойы, бүгінде шешімін тапқандай. Мәселен, биылдан бастап мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушыларына ағылшын мен орыс тілі оқытылмайды. Бұл жөнінде оқу – ағарту министрі А. Аймағамбетов: «*Зерттеулер мен талдаулар жүргізгеннен кейін біз бірінші сынып оқушысына бірден 3 тілді меңгеру қиын екенін көрдік. Бұл – тиімсіз. Біз бұл мәселеге қатысты шешім қабылдадық. Енді қазақ тілінде оқитын мектептерде 1-сынып оқушысы бір ғана тілді, яғни қазақ тілін меңгереді. Біз баланың алдымен өз ана тілінде оқуды және жазуды үйренуі үшін тиісті жұмыс жүргізіп жатырмыз. Екінші сыныпта бағдарламаға орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі қосылады*» [4] - деп түсіндірді. Демек, дамыған елдердегі «*баспалдақтап оқыту*» жүйесінің ұлт ұрпағын қалыптастыруда пайдалы болары анық. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын А.Құсайынұлының еңбектерінен білім әлеміндегі өзгерістерге баса назар аударып, қай кезеңде болсын уақыт талабына сай, білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру бағыттарын көрсетіп отырғанын байқаймыз. Демек, білім мен жоғары ғылымға реформа жүргізу кезінде «*Білім жолы – өркениет жолы*» [5, 35] - деп білетін, А.Құсайынұлының қағидалары мен тұжырымдарына назар аудару артық етпейді.

Білім мен ғылымды дамыту жолында үздіксіз қызмет еткен ғалымның: «*Білімсіз, ғылымсыз ел - тұл, білім мен ғылым - адамның қос қанаты*», «*оқыған, білімді адам уақытынан оза жүретіні ақиқат*», «*ағашты діңі қалай көркейтсе, адамды білімі солай көркейтеді*», «*білімді адам ғана өткенге үңіліп, болашақты болжай алады*», [5, 35] - деген ғибратты ойлары санаға сілкініс берері анық.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А. Өмір иірімдері. – Астана: Фолиант, 2012. - 424 б.
2. Құсайынов А. Мұғалім және уақыт тынысы. // Егемен Қазақстан, 2005.
3. Құсайынов А. Білім берудің ұлттық моделін дұрыс таңдай алдық па?. // Егемен Қазақстан, 2008.
4. 1-сынып оқушылары тек қазақ тілін меңгеретін болады. <https://egemen.kz/article/314463-1-synyp-oqushylary-tek-qazaq-tilin-menheretin-bolady>
5. Құсайынов А. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 316 б.



Техникалық редакторлар: М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев  
Компьютерде беттеген: М.С. Қарибаев

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.  
2022. – 4. – Астана: ЕАГИ. 201 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.